- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуымен өзін - өзі іске асыруына саналы қарым - қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай - ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез - құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
- Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықта сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

- ⊖ Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- ⊖ Рухани - танымдық тәрбие.
- ⊖ Ұлттық тәрбие.
- ⊖ Отбасылық тәрбие
- ⊖ Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- ⊖ Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- ⊖ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

⊖ Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Тәрбие ісі жеке адамды мақсатты бағытта, жүйелі түрде қалыптастыру, тәрбие жұмыстарының мақсаты сабақ үстінде жүзеге асырылатын тәрбие міндеттерін толықтыру, қабілеттерін ашу, қоршаған ортаға оқушылардың қызығушылығын ояту, қоғамдық белсенділігін шыңдау болып табылады. Сол тұрғысында жоспарлы жұмыстар мектебімізде өз дәрежесінде атқарылды. Тәрбие жүйесіндегі сыныптан тыс жұмыстар ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген Ұлттық рухы биік адамгершілігі жоғары салауатты өмір салтын ұстанатын елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білегін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. Оқу жылы Білім күніне арналған "Алғашқы қоңырау" салтанатты жиынымен басталып 1- сыныптар "Кел балалар оқылық!" 2-11 сыныптарда "Тәуелсіздік жетістіктері" тақырыбында алғашқы білім сабақтары өткізілді. "

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. Берілген өзгерістер мен және толықтырылуымен);	Танысу, конспектілеу		жыл көлемінде
2	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы	Танысу, конспектілеу		жыл көлемінде
3	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-IV 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен);	Танысу, конспектілеу		жыл көлемінде
4	2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;			
5	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;			
6	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);	Танысу, конспектілеу		жыл көлемінде
7	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 04.12.2009 ж. №214- IV Заңы	Танысу, конспектілеу		жыл көлемінде
8	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР 02.07.2018 ж. №169-VI Заңы	Танысу, конспектілеу		жыл көлемінде
9	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған			

	мемлекеттік бағдарламасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;			
10	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/			
11	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/ .			
12	Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2020-2025 жылдарға «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы 12.06.2020 ж. №248	Танысу, конспектілеу		жыл көлемінде
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
1	Тәрбие бағытындағы семинарлар	Семинарға сынып жетекшілер мен қоғамдық ұйым мүшелерін қатыстыру		жыл көлемінде
2	Іс-тәжірибелерін тарату жұмыстары	Тәрбие бағытындағы жұмыстарын баспасөз беттерінде жариялау		жыл көлемінде
3	Тәрбие бағытындағы ақпараттық жұмыстарды ұйымдастыру	Өткізілген іс-шараларды әлеуметтік желіде жариялау		жыл көлемінде

III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс – шаралар

Қыркүйек

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие жұмысын жүргізуде жаңа жобалардың маңызы» Жоспарлау жұмыстарына байланысты сынып жетекшілерге семинар өткізу	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Тамыз 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Мектепшілік 5 – 10 сынып оқушылары арасында оқушылар ұйымы қауымдастығын құру	ДТІЖО 5-10 сынып жетекшілері	Қыркүйек 2021 жыл
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Мектепке жол» акциясы.	ДТІЖО сынып жетекшілер	Жыл көлемінде
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Мектепшілік «Ақиқат» дебат клубының іс-шаралар жоспарын бекіту, оқу жылы барысында жұмысын жандандыру	ДТІЖО	Қыркүйек 2021 жыл
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Өзін-өзі басқару, Мектеп Президентімен бірлескен жұмыстардың іс-шаралар жоспарын бекіту. Мектеп Парламенті жұмысын жандандыру	ДТІЖО	Қыркүйек 2021 жыл
Жаңа қазақстандық патриотизм мен	«1 қыркүйек – Білім күніне» арналған ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай салтанатты жиын өткізу	ДТІЖО 5-11 сынып жетекшілері	Қыркүйек 2021ж.

азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5-11 сыныптарда білім күніне орай тәрбие сағаттарын өткізу тақырыбы «Тәуелсіздік жетістіктері»		
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Қауіпсіз мектеп!» атты айлық аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізу Оқушыларды мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. «Өзіңнің және өзгелердің құқығын қорғай біл!» тақырыбындағы профилактикалық дәріс – сабақ.	ДТІЖО Сынып жетекшілері	Ай бойы Қыркүйек 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Абайлаңыз, балалар!» мектеп акциясы, ҚЖИ жасағы. «Жол қауіпсіздігі» бойынша айлық (жеке жоспар бойынша)	Сынып жетекшілері Тәлімгер	Қыркүйек 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы	ДТІЖО	Қыркүйек 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Сыныптың әлеуметтік паспортын даярлау. Әр түрлі санаттағы балалардың тізімін жасау («Қолайсыз отбасындағы балалар көп балалы, тұрмысы төмен, толық емес отбасы, «Тәуекел тобы» есебіне алынған оқушыларды бақылау, тұрмыстық жағдайын зерттеу, әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру т.б. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі (тиісті құжаттарды дайындап, тексерту)	ДТІЖО Мектеп психологтары Әлеуметтік педагог Мектеп инспекторы	Жыл көлемінде
	Девиантты мінез-құлықты балалардың тізімін жасау, мектептің ішкі есебіне алу.	ДТІЖО, психологтар ар 1-11 сын. жет	Ай бойы
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жолда жүру ережесі қажет пе?» атты 4-7 сыныптар арасында сауалнама жүргізу, қорытындысын шығару	ДТІЖО Мектеп психологтары сынып жетекшілер	Қыркүйек 2021ж
Рухани-танымдық тәрбие	«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы іс-шаралар	ДТІЖО сынып жетекшілер	Жыл көлемінде
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Семей ядролық полигоны жабылуына - 30 жыл» іс-шаралар	1-11 сынып жетекшілері	Жыл көлемінде
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жемқор болу ел болашағын құрту» 8-11 сынып оқушылары арасында пікірталас өткізу	8-11 сынып жетекшілері	Қыркүйек 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жол тәртібін бұзбайық!» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларының арасында мектеп полиция инспекторын қатыстыра отырып ашық тәрбие сағатын өткізу	Сынып жетекшілер	Қыркүйек 2021ж
Рухани-танымдық тәрбие	Мектеп оқушылары мен сынып жетекшілерге «Көп оқып, көп білуге ұмтыл!» мектеп оқушылары оқуға міндетті 30 кітап жобасының мақсаты мен міндеттерін түсіндіру	ДТІЖО	Қыркүйек 2021ж
Рухани-танымдық тәрбие	Балалардың өмірге құштарлығын арттыру бағытында «Маған өмір керек, мен өмірге керекпін!» тақырыбында мешіт имамдарының, мектепшілік аналар және әкелер одағы мүшелерінің қатысуымен 8-11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізу	ДТІЖО Мектеп кітапханашылары Сынып жетекшілер	Қыркүйек 2021ж
Рухани-танымдық тәрбие	5- сынып оқушылары арасында «Өмір-қызықтарға толы сәт» атты ертеңгілік өткізу	5-сынып жетекшілері	Қыркүйек 2021ж

Рухани-танымдық тәрбие	5-7 сынып оқушылары арасында «Өмір адамның басты қазынасы» атты пікіралысу өткізу	5-7 сынып жетекшілері	Қыркүйек 2021ж
Рухани-танымдық тәрбие	«Б.Алтынсариннің туғанына-180жыл», «Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы,өлең сөздің дүлділі,жырау,жыршы Ж.Жабаевтың туғанына-175жыл», «Қазақтың әйгілі күйші композиторы,Қазақстанның халық әртісі Д.Нұрпейісованың туғанына-160 жыл» іс-шаралар	1-11 сынып жетекшілер	Жыл көлемінде
Ұлттық тәрбие	«Қазақстан халқы тілдері мерекесі апталығын өткізу» «Қазақ, Жас Алаш» газеттеріне шолу жасау. «Тіл тұнық ойдың кәусары!» тілдер мерекесіне байланысты онлайн челленджі ұйымдастыру	Қазақ тілі,.орыс тілі .ағылшын тілі пән бірлестігі, Тәлімгер	Қыркүйек 2021ж
Ұлттық тәрбие	«Ұлттық колөнер – ұрпаққа аманат» көрме ұйымдастыру	Көркем эстетика пән бірлестігі	Қыркүйек 2021ж
Отбасылық тәрбие	«Менің бақытты отбасым» атты 13 қыркүйек – Қазақстандағы Отбасы күні мерекесін ұйымдастыру	1-11 сынып жетекшілері	Қыркүйек 2021ж
Отбасылық тәрбие	«Тәрбиенің тамаша мектебі – Отбасы» атты 5-8 сынып оқушылары арасында тәрбие сағатын өткізу	Сынып жетекшілер	Қыркүйек 2021ж
Отбасылық тәрбие	Мектепшілік ата – аналар жиналысы 1. Өткен оқу жылының қорытындысы мен жаңа оқу жылының міндеттері.ҰБТ –ға дайындық 2. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылық және сыбайлас жемқ.алдын алу Жол көлік оқиғаларының алдын алу түсіндірме жұмыстары 3.Суицидті болдырмау 4.Балаларды қосымша біліммен қамту 5. Ата-ана комитетінің құрамын сайлау. 22 – 29.09.2021 3.Мектепшілік есепте тұратын оқушылардың ата-аналарымен пікірлесу	ДТІЖО	Қыркүйек 2021ж
Отбасылық тәрбие	Зорлық – зомбылықтың алдын – алу, балаларды ерте жыныстық қарым – қатынаста сақтандыру мақсатында мектепшілік ата – аналар жиналысында арнайы сала мамандарымен кездесу өткізу	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	7 – сынып оқушылары арасында «Туған жер – тұғырым», «Рухани жаңғыру деген не?» шығарма жазу, сурет онлайн байқаулар ұйымдастыру (үздіктер)	Қазақ тілімен әдебиеті пән бірлестігі	Қыркүйек 2021ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Экологияны анықтау, экологиялық факторлар» 8-11 оқушылары арасында пікірталас	8-11 сынып жетекшілері	Қыркүйек 2021ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	8-9 сынып оқушылары арасында «Абай дара, Абай дара-қазақта» атты ақын шығармашылығынан челлендж ұйымдастыру	Сынып жетекшілері	Қыркүйек 2021ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	Балалардың өмірге құштарлығын арттыру бағытында «Маған өмір керек, мен өмірге керепін!» тақырыбында мешіт имамдарының,мектепшілік аналар және әкелер одағы мүшелерінің қатысуымен 8-11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізу	Мектеп психологтары	Қыркүйек 2021ж

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	5-сынып оқушылары арасында «Өмір-қызықтарға толы сәт» атты ертеңгілік өткізу	1-4 сынып жетекшілері	Қыркүйек 2021ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	5-7 сынып оқушылары арасында «Өмір адамның басты қазынасы» атты пікіралысу өткізу	5-7 сынып жетекшілері	Қыркүйек 2021ж
	Қазан		
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Қылмыс пен құқық бұзушылық құрамы ұғымы мен мәні» атты ПБ-ң қызметкерлерінің, мектеп инспекторының қатысуымен 8-11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізу.	ДТІЖО сынып жетекшілер	Жыл көлемінде
Рухани-адамгершілік тәрбие/ Духовно-нравственное воспитание;	«Қарты бар үйдің қазынасы мол» қарттар күніне акция.«Ұстаз-мектеп жүрегі» тақырыбында мерекелік концерт.	ДТІЖО 11 сынып жетекшілері	Қазан 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	1-7 сынып оқушыларына арналған «Жол белгілері және оның мақсаттары» тақырыбында видеороликтер көрсету	ДТІЖО сынып жетекшілер	Қазан 2021ж
Сынып жетекшілер онкүндігі	«Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 30 жыл»	ДТІЖО 1-11 сынып жетекшілер	Қазан 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Ұрлық жасаған дұрыс па?» атты 4-7 сынып оқушылары арасында ПБ-ң қызметкерлерінің, мектеп инспекторының қатысуымен онлайн пікіралысу өткізу	ДТІЖО сынып жетекшілер	Қазан 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Мектепшілік 5-7,8-11 сынып оқушыларының жиналыстарында балаларға қылмыстық әдеттерді бейнеролик көрсету арқылы түсіндіру, бойларын жаман әдеттен ұстауға үйрету Күн тәртібінде: 1. Жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы, азғындатушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу. 2. Суицидті болдырмау туралы 3. Жолда жүру ережелерін түсіндіру 4. Жеке бас тазалық, ерте жүктілікті болдырмау 5. Жыныстық қолсұғылмаушылық 6. Зиянды әдеттерден аулақ болу 7. Ағымдағы мәселелер	ДТІЖО сынып жетекшілері	Қазан 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5-10 сынып оқушылары арасында «Діни экстремизм қайғыға әкелер жол» тақырыбында пікіралысу өткізу	ДТІЖО	Қазан 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5-10 сынып оқушылары арасында мемлекеттік қызметшілермен «Жемқорлық зардабы» онлайн кездесу өткізу.	ДТІЖО сынып жетекшілер	Қазан 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Діни экстремизм мен лаңкестік адамзат жауы» тақырыбында пікірталас 8-11 сынып оқушылары арасында өткізу.	ДТІЖО	Қазан 2021ж
Рухани-танымдық тәрбие	«Қиял-ғажайып елінде» атты 1-4 сыныптар арасында оқыған ертегілерінен «Оқымысты оқушылар» челлендж үзінді сайысын өткізу	Мектеп кітапханашылары	Қазан 2021ж

Рухани-танымдық тәрбие	«Қазақстанның көрнекті саяси және қоғам қайраткері Ө.Бөкейхановқа-155жыл», «Қазақ КСР халық әртісі, кеңес және қазақ мемлекетінің музыкатанушысы, композитор, дирижер, ақын А.Жұбановқа-115жыл», «қазақ ақыны әрі жазушы аудармашы М.Мақатаевқа-90жыл» іс-шаралар	1-11 сынып жетекшілері	Жыл көлемінде
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Табиғат менің – өз үйім» атты 1-7 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты	сынып жетекшілер	Қазан 2021ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Егер денсаулығың мықты болсын десең, табиғатты қорға» атты 1-7 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты	Сынып жетекшілер	Қазан 2021ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Ынтымақ, еңбек келісім – ең басты байлық ел үшін» әңгіме жүргізу	Сынып жетекшілер	Қазан 2021ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	8-11 сынып оқушылары арасында «Нашақорлық жас жеткіншектің өмірінде!» атты пікірталас өткізу	Сынып жетекшілер	Қазан 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Бала құқығы-адам құқығы» онкүндігі аясында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» түрлі іс-шаралар «Жемқорлықсыз өмір-тамаша!» атты 1-6 сынып оқушылары арасында онлайн форматта сурет байқауы	1-11 сынып жетекшілері бейнелеу пән мұғалімдері	Жыл көлемінде
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	С.Сейфуллиннің туған күніне арналған танымдық сабақтар, іс-шаралар.	1-11 сынып жетекшілері	Жыл көлемінде
Рухани-танымдық тәрбие	«Өмір керек адамға!» атты 8-11 сынып оқушыларына арналған пікірталас өткізу	ДТІЖО мектеп инспекторы	Қазан 2021ж
Рухани-танымдық тәрбие	7 сынып оқушылары арасында «Кітап бәйгесі» челлендж байқауын ұйымдастыру	Кітапханашылары, тәлімгер	Қазан 2021ж
Рухани-танымдық тәрбие	8-9 сынып оқушылары арасында лиро-эпостық жырлардан видео үзінді байқауын ұйымдастыру	Кітапханашылары Тәлімгер	Қазан 2021ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Дені сау ұрпақ-ұлт болашағы» дәріс сабақ. СӨС орталығы мамандарының дәріс сабағы	ДТІЖО	Қазан 2021ж
Рухани-танымдық тәрбие	Абай құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абай өлеңдері» бойынша мәнерлеп оқу сайысын өткізу	Сынып жетекшілер мектеп кітапханашылары	Қазан 2021ж
Ұлттық тәрбие	23 қараша – Жалпыадамзаттық Құндылықтар Күнін ұйымдастыру	ДТІЖО	Қазан 2021ж
Ұлттық тәрбие	«Қазақстан – менің Отаным» атты балалар суреттерінің көрмесін ұйымдастыру	Бейнелеу пән мұғалімдері	Қазан 2021ж
Ұлттық тәрбие Отбасылық тәрбие	Оқушылар ұйымының отырысын өткізу -«Қыз — қылығымен сүйкімді» қыздар кеңесінің отырысы -.«Тәртіпке бас иген құл болмайды» ұлдар жиналысы	ДТІЖО Педагог-психолог Сынып жетекшілер	Қазан 2021ж
Қараша			
Ұлттық тәрбие	«100 ойын» жобасы аясында «Қазақтың ұлттық ойындары» ойын сабақ өткізу	Денешынықтыру пән бірлестігі	Қараша 2021ж
Отбасылық тәрбие	«Отбасылық шеберхана» атты 5-7 сынып оқушыларының колөнерінің көрмесін ұйымдастыру	Технология пән мұғалімдері	Қараша 2021ж

Отбасылық тәрбие	Жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу бойынша онлайн дәрістер ұйымдастыру	ДТІЖО мектеп аяждандары	Қараша 2021ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Қазақстан – менің Отаным» атты 1-6 сынып оқушыларының суреттерінің көрмесін ұйымдастыру	Бейнелеу пән мұғалімдері	Қараша 2021ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Қазақстан университеттеріне виртуалды саяхат» атты мектеп бітіруші түлектерді таныстыру, әлеуметтік желіге жүктеу	9-11 сынып жетекшілері	Қараша 2021ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	5-7 сынып оқушылары арасында «Пайдалы ойындар» атты робототехникаға байланысты онлайн тренинг ұйымдастыру	Информатика пәнінің мұғалімдері	Қараша 2021ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	5-11 сынып оқушылары арасында интернет желісінде балалар порнографиясы, зорлық – зомбылық, қатігездік, суицид құқық, қайшы контенттің таралуын болдырмау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу	ДТІЖО Сынып жетекшілері	Жыл көлемінде
Көпмәдениеттік және көркем-Эстетикалық тәрбие	«Дарындар әлемі» атты ән айту, шешендік өнер бойынша онлайн сайыс ұйымдастыру	Ән-әуез пән мұғалімдері	Қараша 2021ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	«Өмір керек адамға!» атты 8-11 сынып оқушыларына арналған пікірталас өткізу	ДТІЖО мектеп инспекторы Мектеп психологтары	Қараша 2021ж
Ұлттық тәрбие. Рухани-адамгершілік тәрби	«Діни экстремизмнің әлемдік қауіп-қатері» құқтық-танымдық дәріс сабақ.	ДТІЖО	Қараша 2021ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	Денсаулық апталығы түрлі іс-шаралар «Темекі өкпенің уы!» тақырыбында 6-9 сынып оқушылары арасында наркология орталығының мамандарымен кездесу өткізу	1-11 сынып жетекшілері мектеп аяждандары	Қараша 2021ж
Руханитанымдық тәрбие	«Әкелер» мектебінің отырысы. «Ұл ұятымен, қыз қылығымен ардақты» дөңгелек үстел.	8-11 сынып жетекшілері	Қараша 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	1-11 сыныптарында «Менің тұңғыш Елбасым» тақырыбында Елбасы күніне орай тәрбиелік шаралар өткізу	ДТІЖО Тәлімгер сынып жетекшілер	Желтоқсан 2021ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне арналған апталық аясында «Қазақстаным – жүрегім» іс-шаралар жоспарын жасап бекіту	ДТІЖО Сынып жетекшілері	Желтоқсан 2021ж
Рухани-танымдық тәрбие	8 сынып оқушылары арасында 100 ән тізіміндегі әндерден «Отаным-бақыт мекені» тақырыбында онлайн режимде патриоттық әндер онлайн-байқауын өткізу	Әуез пән мұғалімдері	Желтоқсан 2021ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Табиғатты қорғау, болашақты ойлау» 8-11 сынып оқушылары арасында атты танымдық сабақ өткізу	Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2021ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Үй жануарларының шығу тегі» 1-7 сынып оқушылары арасында экологиялық сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2021ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«XXI ғасыр көшбасшысы» 9 сынып оқушылары арасында сайысын өткізу	Сынып жетекшілер Тәлімгер	Желтоқсан 2021ж
Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие	Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру Тәрбие сағаттары, мерекелік кеш (1-11 сынып)	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілері	Желтоқсан 2021ж

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	АИТВ-ң алдын алуға байланысты 8-11 сынып оқушылары арасында сауалнамалар жүргізу	Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2021ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	«СПИД-тен сақ болайық!» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында СПИД орталығы мамандарының қатысуымен дөңгелек үстел өткізу	Сынып жетекшілер мектеп аяждандары	Желтоқсан 2021ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	«Сактан – ЖҚТБ қатерінен» тақырыбында пікірталас 5-7 сынып оқушылары арасында СПИД орталығы мамандарының қатысуымен пікірталасу өткізу	Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2021ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	«АИТВ-ЖИТС-ң алдын алу мақсатында 5-7 сынып оқушылары арасында мазмұндама, 8-10 сынып оқушылары арасынан шығармалар алу жұмыстарын жүргізу	Сынып жетекшілер Мектеп аяжаны	Желтоқсан 2021ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	Қысқы каникул күндерінің іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізу	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Қаңтар 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5-7,8-11 сыныптар арасында мектепішілік оқушылар жиналысын өткізу. Күн тәртібінде: 1.Оқушылардың жеке бас тазалығы,формасы,тәртібі 2. Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ 3.Суицид қоғамға жат,адам өміріне қауіпті іс әрекет 4.Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың, жемқорлықтың алдын алу 5.Діни-экстремизмнің зияндылығын түсіндіру 6.Дұрыс тамақтанудың ережелері	ДТІЖО Сынып жетекшілері	Қаңтар 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Қылмыс заңдылықтары» құқ.қорғ.қызмет. қатысуымен кездесу 8-11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел	ДТІЖО	Қаңтар 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Сыбайлас жемқорлықпен күрес заман талабы» 9-11 сынып сыныптар арасында тәрбиелік шара өткізу	ДТІЖО Сынып жетекшілер	Қаңтар 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Діни экстремизм әлемдік мәселе» 8-10 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өткізу	ДТІЖО	Қаңтар 2022ж
Рухани-танымдық тәрбие	9 сынып оқушылары арасында оқырмандар конференциясын өткізу	Мектеп кітапханашылары	Қаңтар 2022ж
Отбасылық тәрбие	«Ата – ана жұмысында бір күн» атты бейнероликтер түсіру	ДТІЖО Сынып жетекшілері	Қаңтар 2022ж
Отбасылық тәрбие	Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысын өткізу 1.2020-2021 оқу жылының бірінші жарты жылдығының қорытындысы 2. Оқушылар арасындағы діни экстремизм мен ласкестіктің алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламалардың орындалу барысы 3. Қылмыс пен құқық бұзушылықтың,суицидтің алдын алу жұмыстары	Мектеп психологтері Сынып жетекшілер	Қаңтар 2022ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	8-сынып оқушылары арасында «Туған өлкем – тұнған шежіре» атты онлайн бейнеролик әзірлеу	8-сынып жетекшілері	Қаңтар 2022ж

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Экология-табиғат жүрегі» атты 8-11 сынып оқушылары арасында тәрбие сағатын ұйымдастыру	Сынып жетекшілері	Қаңтар 2022ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Кітап - білім бұлағы» атты 5-сынып оқушылары арасында тәрбие сағаттын өткізу	Мектеп кітапханашылары	Қаңтар 2022ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Компьютер қаламды алмастыра ала ма?» 5-7 сынып оқушылары арасында атты пікірталас өткізу	Информатика пән мұғалімдері	Қаңтар 2022ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	9-11 сынып оқушылары арасында «Ғаламторсыз өмір мүмкін бе?» тақырыбында пікір талас өткізу	Информатика пән мұғалімдері	Қаңтар 2022ж
Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие	Қыздар, ұлдар жиналысын жасау	ДТІЖО Сынып жетекшілері мектеп тәлімгері	Қаңтар 2022ж
Ақпан			
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Ұрпақ үлгі еткен ерлік» тақырыбында Ауған соғысы ардагерлерімен 8-11 сынып оқушылары арасында кездесу кешін өткізу	Тәлімгер	Ақпан 2022ж
Рухани-танымдық тәрбие	«Қазақтың 100 әні » жобасы аясында «Ән сал караоке» тақырыбында мектептегі 9-10 сынып оқушылары арасында караоке орындау байқауын өткізу	Әуез пән мұғалімдері	Ақпан 2022ж
Рухани-танымдық тәрбие	5-7 сынып оқушылары арасында «Ұлы даланың жеті қыры» атты пікірталас өткізу	Сынып жетекшілер	Ақпан 2022ж
Ұлттық тәрбие	«М.Мақатаев шығармаларындағы ұлттық құндылықтар» атты буктрейлер ұйымдастыру	Сынып жетекшілер	Ақпан 2022ж
Отбасылық тәрбие	«Берік Отбасы – Мәңгілік Ел» 8-11 сынып ата-аналарына жоба қорғау	ДТІЖО 8-11 сынып жетекшілері	Ақпан 2022ж
Отбасылық тәрбие	5-8 сынып оқушылары мен ата-аналарының бірлескен «Әкем үйреткен» атты онлайн челленджі	Тәлімгер	Ақпан 2022ж
Отбасылық тәрбие	5 сынып ата-аналарына «Отбасы – тіршіліктің тірегі!» танымдық сабақ өткізу	Сынып жетекшілер	Ақпан 2022ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Мамандықтың бәрі жақсы» атты дөңгелек үстел	9-11 сынып жетекшілері	Ақпан 2022ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Алтын қақпа» тақырыбында 10 сынып оқушылары арасында зияткерлік ойыны ұйымдастыру	Тәлімгер	Ақпан 2022ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Менің интернетсіз бір күнім», «Қауіпсіз интернет» 2-6 сынып оқушылары арасында атты сурет байқауы ұйымдастыру	Сынып жетекшілер Бейнелеу пән мұғалімдері	Ақпан 2022ж
Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие	«Жарасымды қарым - қатынас» атты 7-11 сынып оқушылары арасында әңгіме сағатын өткізу	ДТІЖО Тәлімгер	Ақпан 2022ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	«Темекі- жасөспірім арасында» атты 8-11 сынып оқушылары арасында пікірталас өткізу	Сынып жетекшілер	Ақпан 2022ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	«Нашақор болу жасөспірім болашағына қайшы қою!» атты 7-9 сынып оқушылары арасында онлайн пікірталасу өткізу	Сынып жетекшілер	Ақпан 2022ж

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	«Нашақорлық-болашағына жасалған қастандық!» атты 8-11 сынып оқушылары арасында онлайн пікіралысу өткізу	Сынып жетекшілер	Ақпан 2022ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	«Темекі- жас өмірді улаушы» атты 5-8 сынып оқушылары арасында пікірталас өткізу	Сынып жетекшілер Тәлімгер	Ақпан 2022ж
Наурыз			
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Қозғалыстың жас инспекторларының 4-7 сынып оқушылары арасында мектепшілік байқауын өткізу	ДТІЖО Тәлімгер	Наурыз 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5-7,8-11 сыныптар арасында мектепшілік оқушылар жиналысын өткізу Күн тәртібінде: 1.Оқушыларды зиянды әдеттерден қорғай білу 2.Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу 3.Оқушы қауіпсіздігі,суда шомылудың ережелері 4.Ағымдағы мәселелер	ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы	Наурыз 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Қылмыс жасау- болашағыңның құрдымы!» атты 7-11 сыныптар арасында пікірталас өткізу	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз 2022ж
Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие	«Үздік сынып жетекші-2022» сынып жетекшілер сайысы	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5-7 сынып оқушыларының арасында «Жемқорлыққа жоқ де!» атты шығармалар байқауы	Сынып жетекшілер	Наурыз 2022ж
Рухани-танымдық тәрбие	7-10 сынып оқушылары арасында оқырмандар конференциясын өткізу	Мектеп кітапханашылары	Наурыз 2022ж
Ұлттық тәрбие	1 наурыз «Алғыс айту күніне» орай «Шексіз алғыс сіздерге!» 1-11 сынып оқушылары арасында мерекелік кеш өткізу	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Наурыз 2022ж
Ұлттық тәрбие	«Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» атты мерекелік кеш өткізу	Сынып жетекшілері	Наурыз 2022ж
Отбасылық тәрбие	5-11 сынып мектеп ата-аналарының арасында «Ардақтайық ананы» атты мерекелік кеш өткізу	9 сыныптар Сынып жетекшілері	Наурыз 2022ж
Отбасылық тәрбие	5 сынып оқушылары арасында «Әлдилеген әлемді бесігімен» атты тәрбие сағатын өткізу	Сынып жетекшілер	Наурыз 2022ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	Барлық 1-11 сынып оқушылары арасында «Өрт – тілсіз жау» тәрбиелік шара өткізу	ДТІЖО мектеп психологтері сынып жетекшілері	Наурыз 2022ж
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Кітап оқу сән бе? әлде қажеттілік пе?» атты дебат ұйымдастыру	Мектеп кітапханашылары	Наурыз 2022ж
Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие	«Қыздарға әсемдік жарасады» атты байқауын ұйымдастыру	Тәлімгер	Наурыз 2022ж
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру	«STOP туберкулез» атты Туб.диспансер мамандарының қатысуымен дөңгелек үстел	Мектеп аяжаны	Наурыз 2022ж

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Мақтанамын Мелекеттік Рәмізіммен!» атты 1-9 сынып оқушылары арасында онлайн флешмоб сайысын өткізу	ДТІЖО Тәлімгер сынып жетекшілер	Наурыз 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«От-досымыз, от-жауымыз» 6-11 сынып оқушылары арасында тәрбие сағатын өткізу	Сынып жетекшілер	Наурыз 2022ж
Сәуір			
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жол ережесін сақтау-бұл қатаң тәртіп» атты жолда жүру ережесін оқып үйренуге байланысты 1-6 сыныптар арасында ертеңгілік өткізу	ДТІЖО Сынып жетекшілер Тәлімгер	Сәуір 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Сыбайлас жемқорлыққа ем жоқ» атты 8-9 сынып оқушыларының арасында бейнероликтер байқауын өткізу	Информатика пән мұғалімдері	Сәуір 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Діни экстремизмнің» атты 8-11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел	ДТІЖО	Сәуір 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Құқық бұзушылық жақсыға әкелмейді» атты 5-7 сынып оқушылары арасында пікірталас өткізу	ДТІЖО	Сәуір 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Бірлік, ынтымақ, бейбітшілік » атты 8-11 сынып оқушылары арасында онлайн мерекелік кеш өткізу.	ДТІЖО Тәлімгер	Сәуір 2022ж
Ұлттық тәрбие	«Алғашқы қазақ ғарышкерлері» атты 1-11 сынып оқушылары арасында тәрбие сағатын өткізу	Сынып жетекшілер	Сәуір 2022ж
Ұлттық тәрбие	«Ынтымақ-достық кепілі » атты 7-11 сынып оқушылары арасында мерекелік кеш өткізу.	ДТІЖО Тәлімгер	Сәуір 2022ж
Отбасылық тәрбие	«Менің әкем ең жақсы адам» атты 1-7 сынып оқушылары арасында отбасылық сайысын ұйымдастыру (әке мен баланы қатыстыру)	ДТІЖО Тәлімгер Денешынықтыру пән бірлесітігі	Сәуір 2022ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Табиғат – тіршіліктің көзі» атты тәрбие сағатын өткізу	Сынып жетекшілер	Сәуір 2022ж
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Сыр саңлақтары» спорт, өнер, мәдениет саласында жетістікке жеткен тұлғалармен кездесу ұйымдастыру	Денешынықтыру пән бірлесітігі	Сәуір 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«1 мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні» мерекесіне байланысты іс-шаралар	ДТІЖО Тәлімгер сынып жетекшілер	Мамыр 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«7 мамыр Отан қорғаушылар күні» мерекесіне байланысты іс-шаралар	ДТІЖО сынып жетекшілер	Мамыр 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Ұлы Отан соғысының 77-жылдық мерекесіне байланысты «Ұлттың ұланы - жеңіс қыраны» атты соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесу кешін өткізу.	ДТІЖО Тәлімгер сынып жетекшілер	Мамыр 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Мемлекеттік Рәміздер - ұлт мақтанышы» 1-5 сыныптар арасында атты ертеңгілік өткізу	Тәлімгер	Мамыр 2022ж

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Мемлекеттік Рәміздер-ел мәртебесі» атты 5-7 сынып оқушылары арасында онлайн тәрбиелік шара өткізу	Сынып жетекшілер	Мамыр 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Сыңғырла соңғы қоңырау» атты тақырыпта соңғы қоңырау мерекесін өткізу	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Мамыр 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Репрессияға ұшыраған ақын жазушылар» атты Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне байланысты мектепішілік жиын өткізу	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер	Мамыр 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім – Көше» жедел профилактикалық шара барысында мұғалімдердің қатысуымен пед патруль ұйымдастыру	Мектеп әкімшілігі	Жыл көлемінде
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	- Психологтардың қатысуымен педагогтар, туыстар және өзге де бейтаныс адамдар тарапынан болған немесе әрекеттенген зорлық-зомбылық фактілерін анықта мақсатында «тәуекел» тобындағы кәмелетке толмағандармен «жасырын сауалнамалар» алу жұмыстарын жүргізу - Жасырын сауалнама сұрақтарын арнайы мамандарды қатыстыру арқылы жасақтау Жасырын сауалнамалар нәтижелері бойынша жергілікті комиссиялардың отырыстарын қарау	Мектеп психологтары мектеп инспекторы сынып жетекшілер	Мамыр 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Білім беру мекемелеріне дәлелсіз себептермен қатыспайтын және оқудан жалтаратын кәмелетке толмаған балаларды анықтау	Мектеп әкімшілігі	Мамыр 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жас Ұлан» қатарына оқушыларды қабылдау	ДТІЖО мектеп тәлімгері	Мамыр 2022ж
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	4 маусым «Қазақстан Республикасының рәміздері» күніне орай «Рәміздерім менің мақтанышым» атты 5-7 сынып оқушылары арасында тәрбие сағатын өткізу	Сынып жетекшілер	
Рухани-танымдық тәрбие	7-8 сынып оқушылары арасында А.Құнанбаев қарасөздерін талдау бойынша оқырмандар конференция өткізу	Мектеп кітапханашылары	Мамыр 2022ж
Рухани-танымдық тәрбие	Оқу жылының соңында «Көп оқып, көп білуге ұмтыл!» атты мектеп оқушылары оқуға міндетті 30 кітап оқуға белсене қатысқан, көп оқыған үздікпен танылған оқушыны марапаттау	Мектеп әкімшілігі Кітапханашы	Мамыр 2022ж
Ұлттық тәрбие	7 мамыр «Сап түзе, жас ұлан» 10 сынып оқушылары арасында атты әскери спорттық сайыс өткізу		Мамыр 2022ж
Ұлттық тәрбие	18 – мамыр ұлттық ойындар күніне орай көңілді жарыстар ұйымдастыру	Денешынықтыру пән бірлестігі	Мамыр 2022ж
Отбасылық тәрбие	«Отбасы - өмір айнасы» атты 8-11 сынып оқушылары арасында тәрбие сағатын өткізу	Сынып жетекшілер	Мамыр 2022ж

Отбасылық тәрбие	Ата – аналармен жалпы мектепшілік жиналыс өткізу. -2020-2021 оқу жылының қорытындысы -Оқушылардың жағы тынығуын ұйымдастыру -Соңғы қоңырау мерекесі мен мектеп бітіру кешін ұйымдастыру -Оқушылардың мем.к емтиханға дайындығы -Жаз маусымдағы оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алу	ДТІЖО сынып жетекшілер	Мамыр 2022ж
Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие	«Жігітке жеті өнер де аз» атты жігіттер арасында ұлттық ойындардан сайыс	Денешынықтыру пән бірлестігі	Мамыр 2022ж
Рухани-танымдық тәрбие	Туған жердің тарихы мен шежіресін зерделеп тарихи орындарға саяхат жасау, зерттеу, насихаттау мақсатында қаланың тарихи орындарына экскурсия ұйымдастыру	ДТІЖО Тәлімгер Психолог	Маусым 2022ж


Мектебімізде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Садуақас Бекзаттың ұйымдастыруымен тоғызқұмалақ үйірмесі жүргізіледі.

Үйірме мақсаты: Оқушылар арасында тоғызқұмалақ ойынын насихаттау.

Тоғызқұмалақ ойынында оқушыларға ойын ережесі таныстырылды.

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі екені түсіндірілді.

Оқушылар тоғызқұмалақты қызығушылықпен ойнады.



«Отбасылық шеберхана»

Мектебімізде 2021 жылдың қараша айында «Отбасылық шеберхана» тақырыбында балалар қолөнерінің көрмесі, ата-аналардың шеберлік сыныбы ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушыларға халқымыздың қолөнері туралы бойларына сіңіру. Білім деңгейін көтеру, жетілдіру, шығармашылық белсенділігін арттыру. Оқушылардың зеректігін, ептілігін, қол икемділігін дамыта отырып, өнерге деген құштарлығын арттыру. Отбасы құндылығын дәріптеу, бос уақытты тиімді, пайдалы іске жұмсауға ата-ананың да ықпалы насихатталды. Еңбек пән мұғалімдері оқушылармен біріккен жұмыс түрін көрсетті.





Жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу бойынша онлайн дәрістер ұйымдастыру

Мектебіміздің 2021 жылдың қараша айында педагог-психологтарының ұйымдастыруымен 18.11.2021ж. күндері аралығында "Жыныстық қолсұғылмаушылықтың" тақырыбында психологиялық онлайн сұхбат өткізілді.

Мақсаты: Білім беру мекемелерінде оқушылардың психикалық саулығын сақтау және нығайту бойынша жағдай жасау;

Оқушылар мен мұғалімдердің психологиялық құзыреттілігін арттыру;

Адамтанудың құрамдас бөлігі ретіндегі психологиялық ғылымның маңыздылығы туралы түсініктерді қалыптастыру.



«Қазақстаным менің Отаным» атты 1-6 сынып оқушылар сурет көрмесі

Мектебімізде 2021 жылдың қараша айында 1-6 -сынып оқушылары арасында «Қазақстан менің Отаным» тақырыбында сурет салу байқауы болып өтті.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматын қадірлеуге, елі мен жеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Байқауға оқушыларымыз белсене қатысты. Балалар тәуелсіз елді бала көңілмен, қазақтың кең байтақ жерін картамен салу арқылы жүрекке жеткізе білді.

Байқауға қатысушы әр бала бірінші орынға лайықты деп танылды.





РОБОТОТЕХНИКА – НАНОТЕХНОЛОГИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ САТЫСЫ

2021 жылдың қараша айында оқушыларға онлайн түсіндірме жүргізілді

Робототехника саласы оқушыларға ХХІ ғасырдың жаңа технологиялық жетістіктерімен танысуға, ІТ технологияларды тез меңгеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқушылардың ойлау жүйесін дамытуға және практикалық тапсырмаларды шеше білуге, математика, физика, информатика, технология негіздерін білуге ықпал етеді.

Мектебіміздегі «Робототехника» үйірмесінің міндеті – оқушылардың жаңашыл техникалық білім алуға деген құштарлығын дамыту. Оқушылар роботтарды жасап, оған белгілі бір мақсат қояды. Мәселен, бір объектіні табу, бір сызықтың бойымен жүру, бұрылу, қарсы шабуыл жасау. Қазіргі таңда бұл үйірме оқушылардың бос уақыттарын пайдалы да көңілді өткізетін орнына айналды. Алдағы уақытта шәкірттеріміз жоғары нәтиже көрсетіп, биіктерден көрінетініне сенім білдіреміз.

Сондай-ақ, елімізде 10 қарашада Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлері күні аталып өтілуде. Бүгінгі күні еңбек нарығында ақпараттық технологиялар саласындағы мамандар жоғары сұранысқа ие екендігін ескере отырып, оқушыларымызды жаңа салаға бейімдеуде мектебіміздегі үйірмеге жүктелер міндет ауыр.



Серәлі Лапин атындағы №261 орта мектебінде педагог-психологтар Жусупова А, Шалаева Ж ұйымдастыруымен 2021 жылдың қараша күні "Өмір керек адамға!" тақырыбындағы оқушылармен психологиялық жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: Білім беру мекемелерінде оқушылардың психикалық саулығын сақтау және нығайту бойынша жағдай жасау;

Оқушылар мен мұғалімдердің психологиялық құзыреттілігін арттыру; Адамтанудың құрамдас бөлігі ретіндегі психологиялық ғылымның маңыздылығы туралы түсініктерді қалыптастыру. Жоспар бойынша 1-күн "Психикалық денсаулық күні" 1-11 сынып оқушыларына таныстыру.

"Сиқырлы қобдиша"

"Сенің арманың "

Мұғалімдер, оқушылар апталыққа көтеріңкі көңіл-күймен белсене қатысып, өз армандарын жазумен қатар, алғыстарын білдірді.



Мектебімізде 2021 жылдың қараша айында «Ыбырайым молда» мешітінің бас имамы Талғат Нұрланұлының қатысуымен «Ата-ананы қадірлеу» тақырыбы бойынша кездесу өтті.

Кездесу жастардың діни сауаттылығын арттыру, діни экстремизмнің алдын алу және жастар арасында конфессияаралық келісімді тәрбиелеу мақсатында өткізілді. Мектебіміздің Дінтану пәнінің мұғалімі Мықтыбаев Айбек - «Қазіргі таңда жастардың дәстүрлі емес діни ағымдар туралы білімдерінің төмендігі және деструктивті-экстремистік ұйымдарға жас ұрпақтың көптеп тартылуы бірінші кезекте шешілуі керек басты мәселе болып табылғандығы» туралы айтып өтті, соған байланысты 6 – 11 сынып оқушылармен «Ыбырайым молда» мешітінің бас имамы Талғат Нұрланұлымен кездесу ұйымдастырылып отырғанын хабарлады. Кездесу барысында мектеп оқушылары ата-ананы құрметтеу жайлы шарифат талабына сай уағыздар тыңдады. Бас имамы Ислам дінінің жастарымызды мүлтіксіз тәрбиеге апаратын жол екенін және ізгі амалдарға жетелейтін асыл қазына екендігін түсіндіріп, халал мен харамның пайдасы мен зияны және мұндай жаман істерден аулақ болу керек екенін толығымен айтып өтті. Кездесу барысында оқушылар имамға түрлі сұрақтар қойды және өз сұрақтарына тиісті жауаптар алды.



Мектебімізде 2021 жылдың желтоқсан айында мектепалды даярлық 0 «Ә» тобының мұғалімі Ақберен Рауа Дауылбайқызының ұйымдастыруымен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы. 1 желтоқсан тұңғыш президент күні қарсаңында даярлық тобы оқушылары ыстық лебіздері мен жүрек жарды өлеңдерін видеоролик арқылы жеткізді. Қазақстанның болашағы білімді жастардың қолында. Келешегіміз тәуелсіз Қазақстанмен бірге.



ТӘУЕЛСІЗДІК - ТІРЕГІМ, ҚАЗАҚСТАН ЖҮРЕГІМ!

Мектебімізде 2021 жылдың желтоқсан айында COWORKING орталығында 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "ТӘУЕЛСІЗДІК - ТІРЕГІМ, ҚАЗАҚСТАН ЖҮРЕГІМ!" тақырыбында көрме ұйымдастырылды. 1991 жылдың 16-желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі “Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы” заңды қабылдап, республика өзінің тәуелсіздігін жариялады. Тәуелсіздік - бұл кез келген мемлекеттің зор мәртебесі. Ал Қазақстанның сол мәртебеге ие болғанына, міне бүгін 30 жыл толып отыр. Бұл күнді қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек. Осы Тәуелсіздік туының желбіреуіне ықпал еткен 1986 жылдың жастары әр қазақтың жүрегінде болуға тиіс. Ендеше осындай ата-баба қанымен келген, егемен елдің төл мерекесі Тәуелсіздік күні құтты болсын! Қазақстанның егемендігі, еркіндігі, азаттығы жасай берсін. Тәуелсіздіктің туы құламасын!!!



Мектебімізде 2021 жылдың желтоқсан айында « Білгірлер» бәйгесі- интеллектуалдық сайыс

Математика пәнінен 5 сыныптар арасында математика пәнінің мұғалімдері: Н. Ержанова мен О. Әселдің ұйымдастыруымен «Білгірлер бәйгесі» интеллектуалдық сайысы өткізілді. Оқушылар "Тапқырлар", "Қырандар" болып екі топқа бөлініп, 5 кезең бойынша сайысқа түсті.

Мақсаты: Математика пәніне қызығушылығымызды арттыра отырып, дәлдікке, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, еңбектену білуге үйрену.

Кезеңдері:

"Бәйге"- оқушылар сұрақтарға жауап береді.

"Жорға" математикалық жұмбақтарды шешеді.

"Аударыспақ" логикалық есептерді шешу.



"Көкпар" Топ басшылар сайысы.

"Теңге алу" мақалдардың жалғасын табады.

Сайыста оқушылар қазіргі заман талабына сай қызықты да, қиын тапсырмаларды орындай отырып, еңбекқорлық пен тапқырлыққа шынықты.

Сайыс соңында "Қырандар" тобы І орынға, "Тапқырлар" тобы ІІ орынға ие болды.

Сайыс өз нәтижесінде қызықты өткізілді.



Мектебімізде 2021 жылдың желтоқсан айында «Құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік сақтау» кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу тақырыбында 8-11-сынып оқушыларына дәріс өткізілді.

Жиналыс барысында ҚІБ ЖПҚ ЮПБ-нің аға инспекторы, Төрбек Ақмарал профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434/2-1, 437, 440-2, 442, 442-1, 448, 449 баптарына кеңінен тоқталды.

Облыстық жастар денсаулық орталығының маманы Джумадиляева Раушан зорлық-зомбылықтың алдын-алу, қоғам үшін ең бастысы-адамның қауіпсіздігі мен зорлық-

зомбылықсыз өмір сүруі екендігін түсіндірді. Мектепте, мектептен тыс уақытта болсын оқушылар арасында физикалық және психикалық тұрғыдан қысым жасалмауын, егер қандай да бір зорлық-зомбылық фактілері анықталса, ол үшін жауапкершіліктің бар екендігін естен шығармау қажеттігін ұғындырды.

Сонымен қатар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Әбдиева сөз алып, алдағы уақытта кәмелетке толмаған оқушылар арасында қылмыстық әрекеттерге бой алдырмау мақсатында сала мамандарымен үздіксіз байланыста болатындығын және мамандарға түсіндірме жұмыстары үшін арнайы алғысын білдірді.



С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде 2022 жылдың қаңтар айында «Қылмыс заңдылықтары» кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу тақырыбында 8-11-сынып оқушыларына дәріс өткізілді.

Жиналыс барысында ҚПБ ЖПҚ ЮПБ-нің аға инспекторы, Төрбек Ақмарал профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434/2-1, 437, 440-2, 442, 442-1, 448, 449 баптарына кеңінен тоқталды.

Облыстық жастар денсаулық орталығының маманы Джумадильдаева Раушан зорлық-зомбылықтың алдын-алу, қоғам үшін ең бастысы-адамның қауіпсіздігі мен зорлық-зомбылықсыз өмір сүруі екендігін түсіндірді. Мектепте, мектептен тыс уақытта болсын оқушылар арасында физикалық және психикалық тұрғыдан қысым жасалмауын, егер қандай да бір зорлық-зомбылық фактілері анықталса, ол үшін жауапкершіліктің бар екендігін естен шығармау қажеттігін ұғындырды.

Сонымен қатар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Әбдиева сөз алып, алдағы уақытта кәмелетке толмаған оқушылар арасында қылмыстық әрекеттерге бой алдырмау мақсатында сала мамандарымен үздіксіз байланыста болатындығын және мамандарға түсіндірме жұмыстары үшін арнайы алғысын білдірді.



"СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЗАМАН ТАЛАБЫ"

Мектебімізде 2022 жылдың қаңтар айында 5-сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес заман талабы» тақырыбында эссе жазды.

Оқушылардың мектеп жасынан өз құқықтары мен міндеттерін біліп, сезініп тәрбиеленуі - болашақта өз жауапкершіліктерін сезінуге, дамытуға бастайтын жол екені түсіндірілді.


«Тура биде туған жоқ...» деп, қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 30 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта, әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндеттіміз.



Мектебімізде 2022 жылдың қаңтар айында 9-сынып оқушылары арасында конференция болып өтті. Жауапкершіліктің негізгі белгілері ретінде тұлғаның өз міндеттерін атқарудағы тиянақтылығын, өз ісі- не адалдығын, сондай-ақ өз әрекеттерінің салдарына жауап беруге дайындығын, шыншылдығын, әділдігін, ұстанымдылығын айтуға болады. Кез-келген міндетті орындау еріктік қасиеттер мен күш-жігерді, табандылықты, ынтаны, батылдықты, шыдамдылықты талап етеді. Ал міндеттер, яғни шартсыз түрде орындалуға тиісті әрекеттер рөлдік функцияларды орындауға байланысты ажыратылады: қызметтік, отбасылық, азаматтық қоғамдық, және т.б.

Жауапкершілікті тұлға болуға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтанш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.



МЕКТЕПШІЛІК АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Ұрпақ тәрбиесі-баршамызға ортақ, игілікті іс. Барлық сенеріміз де, сүйеріміз де, тірлігіміз де болашақ жас ұрпақ. Сондықтан да соңғы жылдары тәуелсіз еліміздегі үлкен өзгерістердің бірі жас ұрпақтың сапалы білім алуы, тәрбие үйренуіне көп көңіл бөлініп мемлекет тарапынан үлкен назар аударылып жатқаны дер едік. Балалардың білімі мен тәрбиеленуіне салауатты ұрпақ қалыптастыру ата – ананың заңды міндетті. Тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі – ата – ана мен мектеп ынтымақтастығын арттыру. Осы мақсатта С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде 1 ақпан күні ZOOM платформасы арқылы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыс барысында күн тәртібіндегі мәселелер қаралды:

2021-2022 оқу жылының бірінші жарты жылдығының қорытындысы


Тағдыр сақшылары және кибербуллинг мәдениеті туралы мағлұмат беру;

Қылмыс пен құқық бұзушылықтың, суицидтің алдын алу жұмыстары.

Интернет желісінің зиянды жақтары туралы ақпарат беру;

Мектеп директоры Абдрахманова Қарлығаш Қуанқызы 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығының есебіне тоқталды. Мектепте 1-11 сынып бойынша 2136 оқушы аяқтады. I жарты жылдық бойынша сыныптардағы оқу процесінің ұйымдастырылуы жөнінде жан-жақты түсініктеме берілді.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары ата-аналарға жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша сөз алды. Жиналыс барысында ата-аналарға балалардың өз құқықтары мен міндеттерін жете түсіндіріп, оларға дұрыс тәрбие беру қажеттігін ұғындырды. Жоғарғы сынып оқушыларының беймезгіл уақытта көшеде жүруін ата – аналар қатаң қадағалауын тапсырылды.




ӘКЕМ ҮЙРЕТКЕН челленджі

Мектебіміздің 2022 жылдың ақпан айында 4 "Д"сынып оқушылары Бекмұрат Данияр мен Бекмұрат Мадияр бейнежазбаларын ұсынады.

“Бір әкенің тәрбиесін, жүз мектеп бере алмайды”

“Отбасы” деп аталатын шағын мемлекеттің тірегі мен қорғаны-әке. Әкенің үлгісі мен ақылы бала санасында мәңгі сақталатыны сөзсіз. Ер баланың нағыз азамат, үлгілі болып өсуі, қыз баланың ұяң да инабатты, шыншыл, тәрбиелі болып өсуінде әкенің орны ерекше.



КӘСІБИ БАҒЫТ

Мектебімізде 2022 жылдың ақпан айында "Мамандықтың бәрі жақсы" тақырыбында Шекара ардагерлерінің Застава Тарландары Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы Худояров Асан Беркинбекович мектебіміздің 10 - 11 сыныптың оқушыларымен кездесуі болып өтті.

Кездесу барысында оқуға түсуге кандидаттарды іріктеу келесі тәртіппен жүргізілетіндігін түсіндірді, олар:

- оқуға түсуге қажетті құжаттарды қабылдау;
- куәландырудан өту;
- дене шынықтыру дайындығы деңгейін тексеру;
- кәсіби жарамдылығы тексеру;
- психологиялық жарамдылығын тексеру;
- арнайы тексеруден өту (мерзім 3-4 ай көлемінде)

Кездесу соңында мамандыққа қызығушылық танытқан оқушылар өз сұрақтарын қойып, пікір алмасты.



“Алтын қақпа”

Мектебімізде 2022 жылдың ақпан айында "Алтын қақпа" тақырыбында 7- сыныптар арасында интеллектуалды сайыс болып өтті.

Сайыс мақсаты: Оқушылардың білімін шыңдау мақсатында ұйымдастырылды.

Сайысқа 7б сынып “Қыран” тобы

7г сынып “Алау” тобы
7д сынып “Жалын” тобы
7е сынып “Сұңқар” тобы қатысты.

Сайыс ІІІ-турдан тұрды.

I-тур “Шешен кісі сөз бастар, адал кісі ел бастар” таныстыру

II-тур “ Асыл сөздің патшасы Жамбыл Жабаев” сұрақ жауап

III-тур “Жыр алыбы Жамбыл Жабаев” өлеңді жалғастыру

Сайыс өз деңгейінде өтіп, оқушылар белсене қатысып, сайыс соңында жүлделі дипломдармен марапатталды.


Сайысты қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Әлнабиева Жаңагүл, Жолмурзаева Жанар ұйымдастырды.



Мектебімізде 2022 жылдың ақпан айында "Темекі-жасөспірімдер арасында" атты 8-11 сынып оқушылары арасында пікірталас өткізілді.


Темекі шегудің, маскүнемдіктің, нашақорлықтың алдын алу және болдырмау шаралары Темекі шегудің, маскүнемдіктің, нашақорлықтың алдын алу және болдырмау мәселелері жөнінде 8-11 сынып оқушыларының ер балалары мен мектеп инспекторы Д.Жаңабайдың қатысуымен түсіндірме жұмыстары болып өтті.

Мақсаты: Оқушыларды зиянды әдеттерден сақтандыру, темекінің ағзаға тигізетін әсері және одан туындайтын ауру түрлері және олардың алдын алуға байланысты салауатты өмір салтын қалыптастыру.



Мектебімізде 2022 жылдың наурыз айында 7- сынып оқушылары арасында оқырман конференциясы болып өтті. Кітап біздің рухани азығымыз. Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеуге кітаптың маңызы зор.

Оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектебіміздің COWORKING орталығында 20 минуттық оқырман конференциясы ұйымдастырылды. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары, мектебіміздің мұғалімдері өздеріне қызықты кітаптарды алып оқиды. Мақсаты: өскелең ұрпақты оқу сауаттылығын арттыру, оқу мәртебесін, оқу белсенділігін және оқу сапасын арттыру.



Мектебімізде 2022 жылдың наурыз айында "1 наурыз - Алғыс айту күні" мерекесіне орай "Алғысым шексіз" атты тақырыбында іс-шара өткізілді.

Алғыс айту күні - Қазақстан патриотизмінің, достық пен бірлігіміздің, мәдени сан-алуандығымыздың жарқын күні.

Күрделі заманды иық тіресе бірге еңсеріп және Тәуелсіз Қазақстан құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күні.


Осы орайда С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде Адал ұрпақ еріктілер клубының мүшелері таңғы көңіл күймен мұғалімдер мен оқушыларымызға шынайы ақ тілегі мен алғысын білдіре отырып қарсы алды.

Өткізілген мерекелік кеш мектебіміздегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларымызға арналды.

Мерекелік кеш Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы «Дара» қорымен «Ұрпақ» ЖШС қолдауымен ашылған дефектолог кабинетінде жалғасты, іс – шара барысында мектеп дефектологы Төребеков Нұрсәт ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға тыныс алу жаттығулары және оның маңыздылығын айта отырып сабақ өткізді. Мақсаты: – ауамен емделуді дұрыс пайдалана білу, тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсарту, осы жаттығуларды көрсете отырып балалармен жұмыс жасады. Мектеп психологтары А.Жунусова мен Ж.Шалаева "Нейрогимнастикалық жаттығу" жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: оқушылардың екі жақты ми бөлігінің қызметін жақсарту, саусақтар қимылын дамыту. Балалар көңілдері бір серпіліп, екінші бөлім АКТ залда мерекелік кешпен жалғасты, мектеп әкімшілігі ата – аналарды арнайы алғыс хаттармен марапаттап, балаларға тәттілер мен сыйлықтар табысталды.

Алғыс айту күні мерекесі баршаңызға құтты болсын! Отбастарыңызда аманшылық, елімізде тыныштық болсын!



Мектебімізде 2022 жылдың наурыз айында "22 наурыз —Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын!" Наурыз – іргесі сәгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі болып өтті.

Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы – Наурыз мейрамы туған жер топырағына құт-береке әкелсін!

Еліміз тыныш, туған жеріміз аман болып, әрбір жаңа күн әр отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

22-наурыз, Ұлыстың ұлы күні мерекесі қарсаңында мектебімізде халқымыздың игі - дәстүрлерінің қадірін біліп,бағалау мақсатында және оқушылар ұлттық тағамдардың жасалуы оның маңыздылығы жөнінде Ұлттық тағамдардан дәм тату шара өткізіліп, қазақы үй бұрышында оқушыларымыз өз өнерлерін көрсетті.

Еліміз тыныш, туған жеріміз аман болып, әрбір жаңа күн әр отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!



"ҚЫЗ ЕРКЕМ БҰРЫМЫМЕН КӨРКЕМ" БАЙҚАУЫ ЖЕҢІМПАЗЫ!

Мектебімізде 2022 жылдың наурыз айында өткізілген "Қыз еркем бұрымымен көркем" байқауына кент және ауылдық округтер бойынша 7 ару қатысты. Әділқазылардың шешімі бойынша ақылды да ажарлы, дарынды да талантты, бұрымды қыздардың ішінен бас жүлдеге лайықты деп танылған 10 сынып оқушысы, Сұлтанбекова Нұрбибі Жасұланқызын жеңісімен құттықтаймыз! Әрқашан жолың ашық болып, биік белестерді бағындыра беруіңе тілектеспіз!!!



**ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ,
ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ.
2022-2023 оқу жылының тәрбие жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар**

**1 ҚЫРКҮЙЕК 2022Ж. «1» ҚЫРКҮЙЕК «БІЛІМ КҮНІ»
БІЛІМГЕ ҰМТЫЛУ, ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ!**

С. Лاپин атындағы №261 орта мектепте «1» қыркүйек «Білім күніне» орай ұйымдастырылған БІЛІМГЕ ҰМТЫЛУ, ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ тақырыбында алғашқы қоңырау соғу салтанатты жиыны болып өтті.

Салтанатты жиында мектеп басшысы Қ. Абдрахманова сөз алып, ұжымды жаңа оқу жылымен құттықтады.

Жиында жаңа өмірге қадам басып, мектеп табалдырығын алғаш аттап отырған бірінші сынып оқушыларын ізгі ықыласпен мектеп ұстаздары мен жоғары сынып оқушылары қарсы алды.



Мектеп бітіруші түлектер бірінші сыныпқа қабылданған оқушыларға жылы лебіздерін білдіріп, әліпби кітабын табыстады.

1 ҚЫРКҮЙЕК 2022Ж. ЖАЛПЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ САБАҒЫ

2022 жылдың «01» қыркүйек күні мектебімізде жоғары сынып оқушыларына "Жалпы құқықтық білім беру сабағы" өтті. Аталмыш сабақ Ішкі істер мен оқу ағарту министрліктерінің арасында кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша бірлескен отырыста тапсырылып, мектебімізге Қызылорда ҚПБ аға тергеушісі полиция капитаны Серіков Айсұлтан Айтұғанұлы келіп дәріс оқыды.



«Абайлаңыз балақай!» акциясы

Мектебіміздің бастауыш сынып оқушыларына «Абайлаңыз балақай!» акциясы барысында, «Жолда жүрі ережесін білемізбе балақай?» тақырыбында Ювиналдық полиция инспекторы Канибаев Жарылқасын Сұлтанбекұлы және мектеп тәлімгері Ж. Омарова жолдағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

19 ҚЫРКҮЙЕК 2022 Ж ТУҒАН ӨЛКЕМ – ҚЫЗЫЛОРДА

Бастауыш сынып оқушылары арасындағы саурет салу байқауы

Қыркүйектің 19-ы күні 2-сынып оқушылары арасында "Туған өлкем-Қызылорда" тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты :

- Сурет өнеріндегі талантты балаларды анықтау және әрбір оқушының жеке қабілетін дамыту;
- Балалардың жеке шығармашылық және көркемдік қабілеттерін жетілдіру;
- туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін арттыру;
- Өз елі мен жерін сүйуге, Отанын құрметтей білуге, мемлекеттің құндылықтарын қорғай алуға, мемлекеттің жетістіктеріне қуана біліп, мақтан етуге тәрбиелеу.

Байқауға отыздан аса суреттер

катыстырылды. Нәтижесінде он оқушының жұмысы бағаланып, марапатталды.



22 ҚЫРКҮЙЕК 2022 Ж. «ҚЫЗЫЛОРДА КҮНІ»

2022 жылдың 22 қыркүйек күні Қызылорданың туған күні мерекесіне орай 3-сыныптардың бірігуімен «Сыр елінің саңлақтары» ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: Сыр өңірінен шыққан атақты ақын-жазушыларымыздың өмірлерімен таныстыру, шығармаларын насихаттау. Туған жерге деген құрмет сезімін ояту.


Ашық тәрбие сағатты жергілікті ақын Рахат Наурызбаеваның сөзіне жазылған сазгер Талғат Нағашыбаевтың әні «Әжем айтқан ертегі» әнімен ашылды. Ашық тәрбие сағаты барысында оқушылар

Ә.Тәжібаев, А. Тоқмағанбетов, Н. Бекежанов, Ә. Нұрпейісов, Т. Ізтілеуов өмір-тарихын зерттеп, шығармаларынан үзінділер оқып берді. Ізденіс жұмыстарын LED экраны арқылы көрсетіп, таныстырды.



28 ҚЫРКҮЙЕК 2022 Ж ТӘРТІП-ТӘРБИЕ БАСТАУЫ, ТӘРТІПСІЗДІК - ӨМІРІМНІҢ ҚАС ЖАУЫ

С. Лапин атындағы №261 орта мектептің 8-10 сыныптар арасында 2022 жылдың 28 қыркүйек күнінде Қызылорда қалалық прокуратурасының қызметкерлерімен 09 ҚЫРКҮЙЕК 2022 ж. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары түсіндіру, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алуға бағытталған дәріс ұйымдастырылды. Дәріс оқуға түрлі сала мамандары қатысты.



Жастар денсаулық орталығының маманы Алмурзаева Гулдана

Айтмағанбетқызы оқушыларға зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу, темекінің зияны туралы түсіндірді.

Ақсай ПБ жедел уәкілі Көлбай Айзат оқушылардың көбісі ұрлық жасап, заң алдында жауап беру кезінде өкінетіндігін айтып, құмар ойындарға жолмау, ойнамау керектігі туралы түсіндірді. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Ниязова тәртіпсіздіктің алдын алу туралы, тәртіп пен тәрбиенің бастауы білім екенін, отбасы мен мектеп тәлімін тоқып жүру, оқушыларға жағымды қылықтар мен жағымсыз қылықтардан айырмашылығын қазақтың дана көсем сөздерімен түсіндіріп өтті.

Дәріс соңында мектеп инспекторы Ж. Қанибаев оқушыларға тәртіпті болып жүруе, мектеп мүлкіне зиян келтірмеуді, беймезгіл уақытта заңды өкілдерінсіз жүрмеуді қатаң түрде ескертті.

07 ҚАЗАН 2022 Ж. ЖАТ АҒЫМ ЖЕЛІДЕ ЖЕТЕКТЕМЕСІН!

С. Лапин атындағы №261 орта мектепте 2022 жылдың «7» қазан күні Қызылорда облысының дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығының жауапты мамандарымен кездесу болып өтті. Кездесу жоғары сынып оқушыларымен «Жат ағым желіде жетектемесін» тақырыбында өткізілді.

Дәріскер Ерубай Асхат, Райханұлы Ердана оқушыларды салт-дәстүрімізді, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпауға тырысып, қазақи қалпымыздан айнымауға шақырды. Мамандар оқушыларға тренинг жүргізіп, терроризмнің зардаптары жайлы ақпараттандырып, бірнеше мысалмен анықтама келтірді. Сонымен қатар әлеуметтік желі хабар таратудың маңызды коммуникация құралына айналғандықтан оқушыларға бұқаралық ақпарат құралдарын бөліскен кезде мұқият болуға шақырды. Бүгінгі шарада арнайы жасалған бүктемелер оқушыларға таратылып, ақпараттар берілді. Оқушылар көкейінде жүрген сұрақтарына жауап алып, пікір алмасты.

10 ҚАЗАН 2022 Ж. ҰРЛЫҚ. ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТУ. БЕЙМЕЗГІЛ УАҚЫТТА ЖҰРУ. – ЖАУАПСЫЗДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

С. Лапин атындағы №261 орта мектепте 2022 жылдың «10» қазан күні 7 сынып оқушыларымен Ұрлық. Жалған ақпарат тарату. Беймезгіл уақытта жүру. – жауапсыздықтың белгісі! тақырыбында түсіндірме дәріс сабағы өткізілді.

Мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары М.Ниязова, мектеп инспекторы Д.Жаңабай оқушыларға ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру ҚР қылмыстық кодексі 188-бабы, Көрінеу жалған ақпарат тарату ҚР Қылмыстық Кодексі 274-бабы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде болуы 442-баптармен таныстырып, түсіндіріп, оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді.

13 ҚАЗАН 2022 ж. ЖОЛДА АБАЙ БОЛАЙЫҚ!

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 13ҚАЗАН 2022 ж. №2121 санды хатына сәйкес, С. Лапин атындағы №261 орта мектеп базасында қалалық полиция басқармасы қызметкерлерінің қатысуымен «Жолда абай болайық!» тақырыбында профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Профилактикалық түсіндірме шарасына «Қызылорда қалалық полиция басқармасы, Әкімшілік полиция бөлімінің жол техника инспекция тобының мемлекеттік автоинспекторы Полиция капитаны Шайхысламов Нұрбек, Полиция аға лейтенанты Абсамат Жасулан бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру ережесін таныстырып өтті. Оқушылар шара соңында мектеп әкімшілігіне, полиция капитаны Шайхысламов Нұрбек, Полиция аға лейтенанты Абсамат Жасулан ағайларына өз алғыстарын білдірді.

25 қазан – Республика күніне орай «Менің елімнің тарихы» тақырыбындағы жоспар бойынша танымдық сабақ жүзеге асты. С. Лапин атындағы №261 орта мектебіміздің 6 "Г" сынып оқушылары, сынып жетекшісі Рахомаво Гүлдананың жетекшілігімен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат жасады. Саяхат барысында 6 "Г" сынып оқушылары өздерін қызықтырған заттар жөнінде сұрақтарын қойып, сыныппен ой бөлісті.

19 ҚАЗАН 2022 Ж. «МҰРАЖАЙ-ТАРИХ АЙНАСЫ»

С. Лапин атындағы №261 орта мектебінің 7 «Б» сыныбының оқушылары 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай өткізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат жасады.

Мақсаты: Оқушыларға мұражайдың таусылмас қазына екенін ұғындырып, өткен өмір тарихын, ескі тарихын, ескі табиғи заттардың қадір-қасиетін, өткен мен болашақты жалғастырушысы екенін түсіндіру.

Сонау баяғы заманнан адамдар өткенді еске түсіретін, өздеріне аса қымбат заттарды жинап, сақтай бастаған. Ондай заттар немесе коллекциялар-қару-жарақтар, кітаптар мен небір әсемдік бұйымдары, жиһаздары жинақтаған. Жай қарапайым жұрт ондай қазынаны ауызекі әңгімеден естіп, білмесе оны ешқашан көре алмаған. Ал, қазір біздің елімізде мыңнан аса мемлекеттік

музей жұмыс істейді. Онда жарты миллионға жуық картина, мүсін, түрлі қолжазбалар, әрқилы заттар жинақталған. Бұған қоса мыңдаған халық мұражайлары мектептерде мұражайлар тағы бар.

Мұражайдың негізгі жұмысы-тарих арқылы тарихи-мәдени ескерткіштерді, тарихи оқиғаларды насихаттау, сол арқылы жас ұрпақты рухани — адамгершілік және патриоттық рухта тәрбиелеу, жастарды мұражай мәдениетіне тарту, тарихын сүю, еліне деген мақтаныш пен Отаншылдық сезімін ояту, тарихи кезеңдермен таныстыру, материалдық-рухани құндылықтармен таныстыру деген сөз. Педагогикалық мұражайдың жастарды танымдық құштарлыққа жұмылдырып, рухани өсіп-өркендеуіне, тарихи бейнелерді танып білуіне, шынайы мұралар негізінде білімдерін қалыптастыру жолында берері мол.

Саяхатқа барған оқушы саны -26. Саяхат барысында оқушыларға бірінші мұражай туралы түсінік берілді.

24 ҚАЗАН 2022 Ж. ПАТРИОТИЗМ ДАУЫСЫ

С. Лапин атындағы №261 орта мектебінде 25 қазан – Республика күніне орай барлық өңірлердің білім беру ұйымдарында ұйымдастырылып жатқан «Патриотизм Дауысы» жаппай әнұранды орындау акциясы жүргізілді.

✓Әнұранды орындауға барлық сыныптар, мектеп ұжымы атсалысты.

11 ҚАРАША 2022Ж. «АБАЙЛАҢЫЗ БАЛАҚАЙ !»

С. Лапин атындағы №261 орта мектебінде бастауыш сынып оқушыларына жол қауіпсіздігін сақтауға, жол белгілерін есте сақтауға, жол белгілерінің атқаратын қызметін қандай екенін үйрету мақсатында «Абайлаңыз Балақай!» тақырыбында ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция аға лейтенанты Д. Жаңабай түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Шара барысында оқушылар жол ережелерімен танысып, қызықты сұрақтарға жауап берді.

«Мектептің қозғалыстың жас инспектор» мүшелері жол ережесін сақтау жөніндегі жадынамалар таратып, жол көлік оқиғаларының алдын-алу жөнінде үндеу жасады.Көлік апатын болдырмауға септігін тигізуәрбір адамның борышы екендігі оқушыларға түсіндірілді.



16 ҚАРАША 2022ж. «ҚҰҚЫҚ САБАҚТАРЫ-ӨМІР САБАҚТАРЫ»

20-қараша – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» атты онкүндік аясында 16 қараша күні мектепте «Құқық сабақтары-өмір сабақтары» тақырыбында «Ұлы дала Заңы» Халыққа құқықтық қызмет көрсету орталығының басшысы Нұрсұлтан Байменов Шаяхмедұлымен кездесу болып өтті.



Кездесу мақсаты: Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде адам құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру. Кездесу аясында Нұрсұлтан Шаяхмедұлы оқушыларға құқық туралы, оның ішінде балаларға арналған құқықтар туралы әңгіме өрбітті. Оқушылар сұрақтар қойып, қызықты пікірталас жүргізді.

20 ҚАРАША 2022 Ж. «БАЛА ҚҰҚЫҒЫ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОНКҮНДІКТІҢ ЖОСПАРЫНА САЙ «ҚАТЫГЕЗДІК ПЕН ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» АТТЫ МЕКТЕПШІЛІК АКЦИЯ

С. Лапин атындағы №261 орта мектеп психологтары Ж. Шалаева мен Ә.Жусупова 20 қараша Балаларды қорғау күніне орай «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында ұйымдастырылған онкүндіктің жоспарына сай «Қатігездік пен зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» атты мектепшілік акция жүргізді. Акция мақсаты: оқушыларды ақпараттандыру, зорлық- зомбылық түрлерімен таныстыру, өзара бірлікте болуға, бір- біріне қамқор болуға, достықтың қадірін түсінуге шақыру. Осыған орай арнайы 7 «Б» сынып оқушыларымен кездесу жүргізіліп, өзге сыныптарға үнпарақ таратылып ақпаратпен қамтылды. Сұрақ- жауап қойылып пікірталас жүргізілді. Жігерлі, мәдениетті, білімді, тәрбиелі ұрпақ қауіпсіз болашақ кепілі екендігін естен шығармауымыз керек.

30 ҚАРАША 2022Ж.ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ АҚПАРАТТЫҚ ДӘРІС САБАҒЫ

С.Лапин атындағы №261 орта мектептің 8-10 сыныптар арасында 2022 жылдың 30 қараша күнінде кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алуға бағытталған дәріс ұйымдастырылды. Дәріс оқуға Жастар денсаулық орталығының маманы Алмурзаева Гулдана Айтмағанбетқызы қатысты.

Оқушыларға зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу, темекінің зияны туралы түсіндірді.



Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ниязова тәртіпсіздіктің алдын алу туралы, тәртіп пен тәрбиенің бастауы білім екенін, отбасы мен мектеп тәлімін тоқып жүру керектігін түсіндірді.

Мектеп психологтары Ж.Шалаева,Ә.Жусупова интернет қауіпсіздігі, суицидалды мінез құлықтың алдын алу туралы ақпараттармен бөлісіп, оқушыларға шағын тренинг ұйымдастырды.

Дәріс соңында мектеп инспекторы

Д.Жаңабай құқықбұзушылыққа жол бермеу керектігін, мектеп мүлкіне зиян келтірмеуді, беймезгіл уақытта заңды өкілдерінсіз жүрмеуді қатаң түрде ескертті.

14 ЖЕЛТОҚСАН 2022Ж. ТАРИХИ САНА- ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ РУХАНИ ТҰҒЫРЫ" тақырыбында апталық іс-шара аясында "Ұлылардың үндестігі-тәуелсіздік"тақырыбында 14 желтоқсан күні 6-7 сынып оқушылары арасында сахналық қойылым жарысы

С.Лапин атындағы №261 орта мектеп психологы Ж.Шалаева мен әлеуметтік педагогы А. Орынбасарова ұйымдастыруымен 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Тарихи сана- тәуелсіздіктің рухани тұғыры" тақырыбында апталық іс-шара аясында "Ұлылардың үндестігі- тәуелсіздік"тақырыбында 14 желтоқсан күні 6-7 сынып оқушылары арасында сахналық қойылым жарысы өткізілді. Мақсаты: Балаларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, елін, жерін сүюге тәрбиелеу. Аңсап жеткен тәуелсіздіктің қадір- қасиетін білуге, осы азат мемлекетімізді өркендетуге бағыттап тәрбиелеу. Оқушылар өзінің керемет сахналық қойылымдарын көрсетіп, көңілді кеш сыйлады. Оқушылар жүлделі орындармен және алғыс хаттармен марапатталды. Марапаттар: 7"Б" сыныбы- Бас жүлде, 7 "В" сыныбы- I орын, 7 "А" сыныбы- II орын, 7 "Е" сыныбы- III орын және 6 сыныптар Алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар, 5 сынып оқушылары Тәуелсіздікке байланысты өлеңдерін оқып керемет көңіл-күй сыйлады.

20 ЖЕЛТОҚСАН 2022Ж. ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ «ТАРИХИ САНА-ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ РУХАНИ ТҰҒЫРЫ» тақырыбындағы апталық іс шара аясында аясында «Тәуелсіз елдің білімді жастары» тақырыбындағы 8 сыныптар арасында интеллектуалды сайыс

С.Лапин атындағы №261 орта мектепте 16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздігі күніне орай «Тарихи сана-тәуелсіздіктің рухани тұғыры» тақырыбындағы апталық іс шара аясында аясында «Тәуелсіз елдің білімді жастары» тақырыбындағы 8 сыныптар арасында интеллектуалды сайыс өткізілді. Сайысқа бес команда қатысып, төрт кезең бойынша білімдерін сынады. «Бәйге» кезеңінде еліміздің тәуелсіздігіне, даталы күндер, тарихи, саяси, географиялық ерекшеліктерге байланысты сұрақтарға жауап берсе, «Тәуелсіздік жетістігі» кезеңінде командалар тәуелсіздіктің 31 жыл тарихында жеткен жетістігінің ішіндегі ең мықтысын атап, сол жетістіктің маңызды екенін тұжырымдамалық карта арқылы дәлелдеп шықты.

11 ҚАҢТАР 2023ж. «ҰЛАНЫМЫЗ ҰЛЫ ЕЛДІҢ»

С.Лапин атындағы №261 орта мектепте “ҰЛАНЫМЫЗ ҰЛЫ ЕЛДІҢ” атты салтанатты жиын болып, білімді де білгір, талапты да талантты 144 оқушы “Жас ұлан” және «Жас Қыран» ұйымының мүшесіне қабылданды.

«Жас ұлан» – өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелейтін ұйым. “Жас Ұлан” ұйымы - нағыз отансүйгіш, оқуда үздік, тәртібі үлгілі, түрлі шараларға белсенді ат салысатын жеткіншектермен толықты.



19 ҚАҢТАР 2023Ж. "ВАНДАЛИЗМ" МЕН "БУЛЛИНГТІҢ" АЛДЫН АЛУ

С.Лапин атындағы №261 орта мектеп директордың тәрбие жөніндегі орынбасары М.Ниязова мен мектеп психологы Ж.Шалаева 6 "Е" сынып оқушыларымен "Вандализм" мен "Буллингтің" алдын алу тақырыбында жиын өткізді.

Қазіргі таңда буллинг пен кибербуллинг құрбаны болып жатқан жасөспірімдер көптеп кездеседі. Осы екі ұғымды балалар не екенін түсінбей де жататын кездер болады. Сондықтан оқушылар арасында осы жағдайлар орын алмас үшін барлық сыныптармен профилактикалық жұмыстар атқарып жатырмыз. Басты мақсат алдын алу және сол жағдайға куәгер болғанда қалай әрекет ету керек екендігін ұғындыру. Сондай-ақ, балалармен мектеп формасын сақтау, ішкі тәртіп ережесіне бағыну, сыныптағы достық қатынасты берік ұстау сынды тақырыптарда сұхбат жүргізілді. Балалар ортаға өз ойын қосып, сұрақ-жауаппен алмасты. Балаларға тақырыпқа сай видеоролик, слайд көрсетіліп, үнпарақтар таныстырылды.

6 АҚПАН 2023Ж. КИБЕРБУЛЛИНГ ДЕГЕН НЕ?

С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде 7 «Е» сынып оқушылары арасында **КИБЕРБУЛЛИНГ ДЕГЕН НЕ?** - атты түсіндірме жұмыстары өткізілді.



- Жұмыс барысында- Мен кибербуллинг құрбанымын ба?
- Қалжыңды келемежден қалай ажыратуға болады?
- Кибербуллингтің салдары қандай?
- Егер мені біреу онлайн қорқытып жатса, кімге айтуым керек?
- Осы туралы айту неге соншалық маңызды?

Сұрақтарына оқушылар өз жауаптарын ұсынды. Оқушылар өздеріне пайдалы ақпараттарын алды.

17 АҚПАН 2023Ж. «АДАЛДЫҚ АРДЫҢ - ІСІ»

С.Лапин атындағы №261 орта мектепте «Адалдық ардың - ісі» тақырыбында танымдық апталық ұйымдастырылды. Апталық аясында «Адалдық пен әділдік» тақырыбында мақал мәтелдер сайысы жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды шыншыл, қайырымды, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал жасау.

Сайыстың ерекшелігі мектептің ерекше назардағы ер балалары қамтылып қатыстырылды.

Сайыста қазақтың мақал мәтелдерінің мәні ашылып, жалғасын табып, үй тапсырмасы орындалып сайыс тартысты өтті.

Нәтижесінде 9 «Г» сыныптың оқушысы Сұлтан Нұрсейіт мақал-мәтелдердерді жақсы айтып жеңіске жетті.

18 СӘУІР 2023 Ж. "ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ-БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТКІЗІЛДІ."

№261 орта мектебінің 8-10 сынып оқушыларына кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлық, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында Қызылорда Облыстық Ішкі істер басқармасының ұйымдастыруымен оқушыларға "Ашық есік" күні өткізілді.

Мақсаты: Жасөспірімдер қылмыстарының алдын алу және ескерту, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық топтық төбелес, зорлық-зомбылықтың алдын алу болып табылады.

25 СӘУІР 2023 Ж. АДАМ САУДАСЫНА ЖОЛ ЖОҚ!

С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде 2023 жылдың сәуір айында 9-10 сынып оқушылары арасында "Адам саудасына жол жоқ" тақырыбында дөңгелек стол өтті.


• Мақсаты: Адам саудасы құрбаны болудан қалай сақтануға болатынын, алдын алатын сақтық шараларынан хабардар ету. Қазақстан СІМ дайындаған ақпарат бойынша құқықтық түсіндірме жұмысын жүргізу.

5 МАМЫР 2023 Ж. «ЖЕҢІС КҮНІ».

“Жеңіс” күніне орай 5 Д сыныбында “Ел ертеңі-бүгінгі жас ұландар” тақырыбында ашық тәрбие сағаты болып өтті.

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанды сүйуге, туған жеріне, мекеніне деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Өдет-ғұрпын, тілін құрметтейтін, жаны таза, адамгершілігі мол, өз Отанын сүйетін азаматты қалыптастыру, патриоттық сезімге баулу.

Оқушылар әсем ән шырқап, қызықты ойындар ұйымдастырылып оқушылар белсенділік танытты.



3 МАМЫР 2023 Ж. «БУЛЛИНГ ПЕН КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ»

ӘС.Лапин атындағы №261 орта мектеп психологтарының ұйымдастыруымен 2023 жылдың 3-мамыр күні Облыстық Жастар Денсаулығы Орталығының валеолог маманы Басқожа Гүлназ Рысбекқызы мен психолог маманы Жұматай Ұлжанның қатысуымен 7-9 сынып оқушыларымен «Жасөспірімдердің психикалық саулығын қалыптастыру» және «Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу мақсаты өзге мамандармен жаңаша ақпарат алмасып, оқушылардың қоғамда белең алып отырған мәселелер туралы толық ақпараттандырылып, алдын-алуға жұмыс жасауға бағыттау.

Мамандар оқушыларға көптеген пайдалы ақпараттармен бөлісіп, тақырыпқа сай роликтер мен бейнекөріністер көрсетті. Оқушыларды сергіту мақсатында бірнеше сергіту жаттығуларын жүргізді. Валеолог маман қазіргі қоғамдағы белең алып тұрған зиянды заттар туралы ақпараттандырып, қолдану барысында денсаулыққа тигізер залалы мен зардабы туралы кең ақпарат беріп, пікір алмасты. Оқушылар мамандарға өз сауалдарын қойып, кері байланыс жүргізілді.

2. РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ.

7 ҚЫРКҮЙЕК 2022ж. ЖАЛПЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АШЫҚ ДИКТАНТ

Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен 2022 жылғы 05 қыркүйекте қазақтың біртуар тұлғасы А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған жалпықазақстандық ашық диктант ұйымдастырылды. Осыған орай №261 орта мектептің ұстаздары мен оқушылары «Ахмет Байтұрсынұлы – дәуірдің дара тұлғасы» тақырыбында диктант жазды.


26 ҚАҢТАР 2023Ж. «ӨМІР-ҚЫМБАТ СЫЙ»

№261 орта мектептің жоғары сынып оқушылары Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ұйымдастыруымен М.Ералиева атындағы мәдениет үйінде жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, суицидтік мінез-құлық факторлардың алдын алу мақсатында «Өмір-қымбат сый» атты жастар арасында ұйымдастырылған арнайы мамандармен кездесуге қатысты.

Дәрігер маман Шауымбаев Мұрат Маратұлы депрессия және оның салдары, депрессияға алып келуші факторлар жайлы толық түсіндірме жұмысын жүргізді.

Кездесу барысында психолог маман Баянова Жұмакүл Тасболатқызы жастарға өмірдің қиын жағдайда жүрген достарына қалай көмектесу қажет екендігі туралы, өмірде кездесетін түрлі қарапайым мысалдар негізінде түсіндірме жұмысын жүргізді. Білім алушылармен тікелей контактіге түсіп, сұрақ жауаппен алмасты.

Бірнеше белсенді білім алушылар ортаға шақырылып, «Қорғанудың сыртқы факторы» тренингі жүргізілді. Тренинг барысында «Өмірдің қиын жағдайында жүрген досыңызға қандай ақыл кеңес берер едіңіз?» деген сұраққа білім алушылар өз ойларын ашық айтып, өз үнін жеткізді.



Кездесу соңында «Мен өмірді таңдаймын!» тренингі жүргізіліп, барлық оқушылар өмірді таңдайтындығын көрсетті.

3. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ. 07 ҚЫРКҮЙЕК 2022Ж. «Тіл – ұлт қазынасы» 8 - сынып оқушылары арасында зияткерлік сайыс



2022 жылдың 6 қыркүйек күні С. Лапин атындағы №261 орта мектебінде Қазақстан халқының тілдері күніне және ұлт ұстазы, ұлы реформатор Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Тіл – ұлт қазынасы» тақырыбында пән мұғалімі Мақпал Райбекованың ұйымдастыруымен 8 - сынып оқушылары арасында зияткерлік сайыс өткізді. Мақсаты – оқушылардың ой-өрісін тереңдете отырып, білім-білік дағдыларын қалыптастыру. Оқушының білімге деген құштарлығын, ізденімпаздығын, оқу деңгейін және ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге, салмақты ой айтуға үйрету.

Сайыста оқушылар 3 топқа бөлініп, 5 кезең бойынша білім бәсекесіндегі тапсырмаларды жоғары деңгейде көрсете білді. Нәтижесінде «Зеректер» тобы I орын, «Ойшылдар» тобы II орын, «Тапқырлар» тобы III орынға ие боды. Жеңімпаздармақтау қағаздарымен марапатталды.

26 ҚАҢТАР 2023Ж. ТАНЫМДЫҚ САБАҚ – ТЫҢ ОЙЛАР

С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде «Алаш зиялыларының мұрасы және Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары» тақырыбында онкүндік ұйымдастырылды. Осы онкүндік аясында жоспарға сәйкес «Алаш зиялылары және ұлт тілі. Алаштың мәңгілік құндылықтары» атты 10-сынып оқушыларымен пән мұғалімі Абдраманова Гулназ танымдық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты - Алаш зиялыларының тарихи аз уақытта қазақ халқына сіңірген еңбектерін бағалау, қазіргі және келешек ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы екенін ұқтыру, XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи оқиғалардың маңызы мен мәнін жете түсіну, әрі оны өскелең ұрпаққа насихаттау. Танымдық сабақ барысында «Алаш» сөзінің терең де толғамды сөз екеніне тоқталып, мағынасын зерттеу арқылы алаш зиялыларының тұлғасын аша білді. Алаш зиялыларының өмірінен көріністер қойып, жан тебіренерлік өлеңдерін нақышына келтіре мәнерлеп оқыды.

Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие екенін ұға білді. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы – олардың ұлт тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін, олардың тіл үшін жанын, малын, жастығын құрбан еткенін айтып, өзіндік көзқарастарын сарапқа салып, тұщымды ойларымен бөлісті. Сонымен қатар Алаш қозғалысының идеялары - ұлтымыз үшін ең қасиетті, ең қымбатты құндылық - тәуелсіздігімізді нығайтумен сабақтасып жатқанын ұғынды. «Алаш зиялыларының идеяларын сол кезде қолдағанда, Қазіргі Қазақстан қандай болар еді?» - деген сұрақ төңірегінде түрлі пікірлер айтылып, тың идеялармен бөлісті. Сабақ өте тартымды, қызу таласты пікірлерге, тың ойларға толы болды.




20 СӘУІР 2023 Ж «ШӘКӘРІМ-ҰЛЫ ТҰЛҒА».

С. Лапин атындағы №261 орта мектепте 2023 жылдың 19 сәуір күні оқушылар арасында «Шәкәрім – Ұлы Тұлға» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті.

Мақсаты: Жас ұрпақтың бойына ұлы бабамыз Шәкәрімнің өмір жолы мен шығармаларының тарихи мазмұны мен мағынасы туралы білімдерін жетілдіру. Оқушыларға Шәкәрім шығармашылығының табиғатын таныту, Шәкәрім тұлғасын толыққанды қарастыруға күш салу.

Оқушылардың сөйлеу мәдениетін, өнерге және поэзияға деген қызығушылығын ояту. Оқушыларды ұлтжандылыққа, жауапкершілікте болуға тәрбиелеу.



4. ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ.

15 ҚЫРКҮЙЕК 2022 ж Ата-аналар жиналысы

С.Лапин атындағы №261 орта мектепте I ауысым сыныптары үшін ата-аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесіндегі ерекшеліктер.(сабақ кестесі, оқу пәндері, пән мұғалімдері т.б)
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі мен Сабаққа кері әсер ететін тиым салынған заттар туралы мектепшілік №214 бұйрықпен таныстыру, түсіндірме жұмысын жүргізу
3. Білім алушылардың қауіпсіздігі.
4. Сыныптың ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау
5. Ағымдағы мәселелер

23 ҚЫРКҮЙЕК 2022ж“ЗИЯТКЕР “ОТБАСЫЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДІ САЙЫС.

С.Лапин атындағы №261 орта мектептің 5 Е сыныбында отбасы күніне орай сынып ата-аналары арасында интеллектуалді сайыс өткізілді.

Сайыстың мақсаты үштік одақты нығайту,сынып ата-аналарымен оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты нығайту ,ата-аналарды мектеп іс-шараларына белсенді түрде қатыстыру.

Сергіту»,Өнер әлемі ,Қызық екен деп аталатын үш бөлімнен тұратын бұл сайыс ата-аналардың көңілінен шықты.Жарыс соңында жеңімпаздар анықталып ,сайыскерлерге алғыс хат пен сыйлықтарды табыстаумен аяқталды. Сайыс тартысқа,эмоцияға толы қызықты өтті.

20 АҚПАН 2023Ж. АТА-АНАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ЖАҒЫМСЫЗ ӘДЕТТЕРІ

Тақырыбы: "Ата-аналардың тәрбиесі және жағымсыз әдеттері

Қалалық білім бөлімінің 2023 жылдың 14 ақпандағы №357 санды хатына сәйкес «Ата-аналардың тәрбиесі және жағымсыз әдеттері» тақырыбында ата-аналармен семинар-тренинг өткізілді. Семинар-тренингті мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен мектеп психологтары ұйымдастырды.

Семинар-тренингтің мақсаты: Бала тәрбиесіндегі жіберілетін қателіктер мен олқылықтың алдын алу. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып жемісті жұмысты қалыптастыру.

Аталған тренингке жоғары сынып ата-аналары қамтылды. Семинар-тренинг еркін форматта өткізілді. Тренингте ата-аналар ситуациялық сұрақтарды шешіп, постер қорғап, баланы мадақтау және жазалау әдістерін ортаға салып бөлісті. Шара соңында әр ата-ана өз пікірі мен жылы лебізін білдіріп, караокемен ән шырқап көтеріңкі көңіл-күйде аяқталды.

5. ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ.


14 ҚАЗАН 2022 ж. «Еңбек еткен-мұратына жеткен»

С. Лапин атындағы №261 орта мектебінің 2022 жылдың «14» қазан күні «Еңбек еткен-мұратқа жеткен» атты тәрбие сағаты сайыс форматында ұйымдастырылды.

♥**Мақсаты:** Оқушылардың еңбек туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері: Еңбек адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру; еңбек жасай білу дағдыларын дамыту, еңбекке қызығушылықтарын арттыру; еңбектенуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

♥**Оқушылар сайыс барысында өз қолдарымен жасаған жұмыстарының еңбектерін бағалатып, еңбектің наны деген ұғымды түсінді. Сайыс соңында оқушылар жаттаған тақпақтарын айтып, мақал- мателдердің жалғасын тауып, көрініс қойып, ойын ойнап, әндерін шырқады.**



26 ҚАЗАН 2022 ж. «ТАБИҒАТТА ҚОҚЫСҚА ОРЫН ЖОҚ»


6 «В» сыныбының жетекшісі А.Ә.Мәмбетиярова 26 –шы қазан күні «Табиғатта қоқысқа орын жоқ» жалпыұлттық акция аясында «Экология және біз» тақырыбында экологиялық сабақ өткізді.



6. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ.

19.01.2023Ж. «ҒАЛАМТОР БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕ»

С. Лапин атындағы №261 орта мектепте сыныптарда «Ғаламтор біздің өмірімізде» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Бұл әлемде ғаламторды қолданбайтын адам мыңның бірінде ғана болуы мүмкін. Бүкіл дүние жүзіндегі адамдардың 90%- ға жуығы ғаламторды қолданады. Яғни ғаламтордың маңызы зор. Ғаламторсыз адам өмірін елестету өте қиын. Күн өткен сайын адамдар ғаламторға тәуелді болып барады. Осылардың бәрін зерттеу, білу, оны өзімізге, келешек ұрпаққа өнеге ету, бүгінгі біздің ұрпақтың қасиетті борышы екенін түсіндіру. Бүкіләлемдік өрмек- интернетке байланыста оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау; Қазіргі ғасыр - ақпарат ғасыры. Соның жетістіктерінің бірі ғаламтор желілері және оның атқаратын көпқырлы қызметтері. Жастар көркем әдебиет оқымайды деп айта алмаймыз. Мектеп бағдарламасында қазақ, орыс әдебиеті сабақтарында міндетті түрде оқып, танысуға тиісті шығармалар тізімі оқушыларға беріледі. Ғаламтор... Ескі мен жаңаның, өткен мен болашақтың, қатыгездік пен мейірімнің, бар мен жоқтың мидай араласқан ортасы. Өз қасыңдағы оқиғаға, іске, түрлі тағдырға назар салмауыңыз мүмкін, бірақ өзге қиырдағы қилы тағдырға көз




моншағыңызды үзесіз. Ең бастысы қандай ақпарат оқысаңыз да, соған сай жауап қалдыруыңызға, пікір білдіруге құқығымыз бар. Оқушылар өзара әлеуметтік желінің түрлерін бөліп алып, тиімді жолдарын қарастырды.

12 СӘУІР 2023 Ж. ШАХМАТ ОЙНАУ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖІ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен білім беру ұйымдары арасында шахмат ойнау челленджі республикада алғаш рет өткізіліп отыр.

Республикада алғаш рет өткізіліп отырған және республиканың мәдени өміріндегі бірегей оқиға болып табылатын шахмат ойнау челленджіне С.Лапин атындағы №261 орта мектеп оқушылары мен ұстаздары қатысты.

Челлендждің міндеттері оқушылардың ой-өрісін кеңейту, ақыл-ой белсенділігін арттыру, логикалық ойлау, есте сақтау, аңғарымпаздық пен зейінін дамыту, балалардың бойында табандылық, төзімділік, ерік-жігер, сабырлық, өз қабілеттеріне деген сенімділікті дамыту болып табылады.



18 СӘУІР 2023 Ж. «БАЙҚОҢЫР – ҒАРЫШ ЕСІГІ»

№261 орта атындағы орта мектебінде Ғарышкерлер күніне орай 12 – сәуір күні туған қаласын дәріптеу, жетістігін насихаттау мақсатында 7 – сынып оқушылары «Байқоңыр – ғарыш есігі» тақырыбында видео челленджін қала мектептеріне жолдайды. Жас ұрпақты патриоттық, отаншылдық сезімге оята отырып, елін, жерін сүйуге, ғарышкерлерге деген құрметін сезіндіру – басты міндетіміз

7. КӨПМӘДЕНИЕТТІЛІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ.

18 ҚАЗАН 2022 Ж. "ҰБТ КІЛТІ" АТТЫ СПЕКТАКЛІНІҢ ПРЕМЬЕРАСЫ

18 қазан 2022 жылы Қызылорда облыстық Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында "ҰБТ кілті" атты спектаклінің премьерасын тамашалауға С.Лапин атындағы №261 орта мектебінің 9-11 сынып оқушылары тамашалады. Оқушылар күрделі өмір көріністерінің қайшылықтарын, адамның рухани талап-тілектері мен арман-мүдделерін жан-жақты шынайы көре алды. Спектакльдегі актерлер көңіл-күй, ырғақ пен үзіліс, сөз астары мен суретші еңбегі өзара тоғысып, түп-түгел сахналық бейне жасауға бағытталған. Оқушылар премьерадан алған сезімдерін біразға дейін жасыра алмады. Көріністен өмірлік тәрбие алды

6 ҚАРАША 2022Ж. КҮЗ ХАНЗАДАСЫ МЕН ХАНШАЙЫМЫ -2022

С.Лапин атындағы №261 орта мектепте оқушылардың күзгі демалысын тиімді өткізу үшін 5-7 сыныптар арасында «Күз ханзадасы мен ханшайымы-2022» байқауы болып өтті. Оқушылар 5 бөлім бойынша сайысқа түсті.

1.Бөлім: «Жұптық таныстыру» өз –өздерін таныстыру,

2.Бөлім: «Өнерлі жұптар» өнері (өнер түрлерінен бір үлгісін көрсету),

3.Бөлім: «Бар ізгілік тек білімнен алынар» (сұрақ-жауап),

4.Бөлім: Лайфхак көрсету

5.Бөлім: «Дәмді ас» күзгі салат (алдына ала дайындалып келген ас мәзірімен таныстыру), Оқушылар өздерін таныстырып, өнерлерін ортаға салып, білімдерімен күш сынасты.

25-29 ЖЕЛТОҚСАН 2022Ж. ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА –ЖЫЛ, ЖАҢА БЕЛЕС, ЖАҢА АРМАН»

Апта басында мектебімізде бастауыш сыныптарына арналған Жаңа жылдық шыршасы басталды. Жаңа жылдық шыршаға үйден оқытылатын балаларда тартылды.

Жаңа жыл мерекесі биылғы жылы «Қош келдің, Жаңа – жыл, Жаңа белес, Жаңа арман» тақырыбында ұйымдастырылды.

Бастауыш сыныптар үшін мектеп іші жаңалық пен жұмбаққа толы таңғажайып ертегілер мекеніне айналғандай.

Жаңа жылдық шырша салтанаты мектептің жас ұстаздарының әзірлеген қойылымымен басталды. Түрлі кейіпкерлер көрінісі мерекенің көрігін қыздырып, қатысушыларды ерекше әсерге бөледі.

Жоғары сыныптар үшін жаңа жылдық әндер айтылып, түрлі билер қойылды, соңы би кешіне жалғасты.

1 НАУРЫЗ 2023 Ж. «ҚҰШАҒЫН АШҚАН БӘРИНЕ, ТУҒАН ЖЕР, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!»

С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде "1 наурыз – Алғыс айту" күніне орай, оқушылардың туған жерге сүйіспеншіліктерін арттыру, құрметтеу мен қадірлеуге тәрбиелеу мақсатында «Құшағын ашқан бәріне, туған жер, саған мың алғыс!» тақырыбында патриоттық әндер байқауы және мәнерлеп оқу сайысы өтті.

1 НАУРЫЗ 2023 Ж. «АЛҒЫС КҮНІ»

Алғыс айту күніне орай С.Лапин атындағы №261 орта мектепте 7 «Д» және 7 «Е» сыныптарында «Алғыс айту- парызым» атты тәрбие сағаты өтті.

Тәрбие сағатының мақсаты: оқушылардың сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру. Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Балалар алғыс туралы өлеңдерін, әндерін айтып, би биледі. Сынып жетекшілері Бабашева Жанар мен Найманова Ақнұр балаларға үлкен- кішіге деген сүйіспеншілікті, сыпайылық қарым-қатынасты дамыту мақсатында ойындар ойнатты.

9 НАУРЫЗ 2023 Ж «ҚЫЛЫҚТЫ ҚЫЗДАР»

С. Лапин атындағы №261 орта мектебінде қазақ аруларының бойындағы асыл қасиеттерін өскелең ұрпаққа дәріптеу мақсатында 7-8 сыныптың қыз балалары арасында «Қылықты қыздар» тақырыбындағы дәстүрлі мектепішілік қыз сыны байқауы өткізілді.

Қыз сыны байқауы 4 кезең бойынша жүргізілді.

I кезең: Өзін таныстыру (3мин)

II кезең: «Менің қол өнерім»

III кезең: «Бұрымды шаш» Қыз баланың шашын өру үлігін көрсету

IV кезең: «Мен ас үйдің ханшайымымын» еттің қамырын илеп көрсету

Байқауда қыздар өз өнерлері мен іскерліктерін сынады. Байқау қорытындысы бойынша қыздардың барлық түрлі номинацияға ие болды.

17 НАУРЫЗ 2023 Ж. «БІР УАҚЫТТА КҮЙ КҮМБІРЛЕГЕН КҮН!»

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің бастамасымен 17 наурыз күні барлық білім беру ұйымдарында «Наурыз мейрамы» ұлттық челленджісі ұйымдастырылды.

Мақсат: білім алушыларды ұлттық рух пен отан сүйгіштікке тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтап, балалар арасында ұлттық музыкалық аспапты насихаттау.



Аталған челленджіге С.Лапин атындағы №261 орта мектебінің өнерлі оқушылары мен мұғалімдері де қатысты. «Наурыз мейрамы» ұлттық челленджісіне Ә. Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйін тарту етті.

28 СӘУІР 2023Ж. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ»

С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде де тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Бірлігіміз жарасқан» тақырыбында гала концерт өткізілді. Мерекелік концерт ашық аспан астында, тақырыпқа сай көркем безендіріліп ұйымдастырылды. 1-9 сынып оқушылары мен қатар мектеп ұстаздарының өнерлері ұсынылды. Мерекелік концерт мектеп басшысы Қ.Абдрахманова татулық пен келісімнің нұры төгілген 1-Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған мерекелік құттықтауымен бастау алды. «БІнтымақ», «Бірлік», «Достық» тақырыбындағы әндер шырқалып, түрлі ұлт өкілдерінің тілектері тыңдалды. Көркемдік жетекшісі М.Бекмаханованың «Шаттық» би тобы «Қара жорға», өзбек биі, орыс биін орындаса, 8 «Г» сынып оқушылары «Халықтар достығы» биімен аяқтады.

8. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ.

«28 ҚЫРКҮЙЕК 2022 Ж ТӘРТІП-ТӘРБИЕ БАСТАУЫ, ТӘРТІПСІЗДІК ӨМІРІМНІҢ ҚАС ЖАУЫ»

С.Лапин атындағы №261 орта мектептің 8-10 сыныптар арасында 2022 жылдың 28 қыркүйек күнінде Қызылорда қалалық прокуратурасының қызметкерлерімен 09ҚЫРКҮЙЕК 2022ж. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының» талаптары түсіндіру, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алуға бағытталған дәріс ұйымдастырылды. Дәріс оқуға түрлі сала мамандары қатысты. Жастар денсаулық орталығының маманы Алмурзаева Гулдана Айтмағанбетқызы оқушыларға зорлық-зомбылық, **ерте жүктіліктің алдын алу, темекінің зияны туралы түсіндірді.** Ақсай ПБ жедел уәкілі Көлбай Айзат оқушылардың көбісі ұрлық жасап, заң алдында жауап беру кезінде өкінетіндігін айтып, құмар ойындарға жолмау,ойнамау керектігі туралы түсіндірді.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ниязова тәртіпсіздіктің алдын алу туралы, тәртіп пен тәрбиенің бастауы білім екенін, отбасы мен мектеп тәлімін тоқып жүру, оқушыларға жағымды қылықтар мен жағымсыз қылықтардан айырмашылығын қазақтың дана көсем сөздерімен түсіндіріп өтті. Дәріс соңында мектеп инспекторы Д. Жаңабай оқушыларға тәртіпті болып жүруе, мектеп мүлкіне зиян келтірмеуді, беймезгіл уақытта заңды өкілдерінсіз жүрмеуді қатаң түрде ескертті.

8 ҚАРАША 2022ж. ТЕМЕКІ ШЕГУ, ВЕЙПТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ.

2022 жылдың «08» қараша күні жоғары сынып оқушыларына Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының дәрігері Мұханбетқызы Толқын, №5 қалалық емхананың салауатты өмір салтын қалыптастырудың маманы Жолшыбекова Бибіфатима «Алкогольсіз- жарқын болашақ», «Темекісіз - Қазақстанды қолдаймыз»,» «Салауатты өмір салты» тақырыптары бойынша түсіндірме дәрісін өткізді.

Келген сала мамандары түрлі бейнероликтер көрсетіп, темекінің, электронды темекінің, вейптің, газды сусындардың адам ағзасына зиянды әсері туралы айтып өтті.

Оқушылар мамандарға көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауаптарын алып, ризашылықтарын білдірді.

26 ҚАҢТАР 2023ж. «АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА КЕРІ ӘСЕРІН БЕРЕТІН ЗАТТАР: ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ; НАСЫБАЙ».

Жасөспірім оқушыларға қоғамға кері әсер ететін зиянды әдеттер туралы толық мағлұматтар бере отырып, олардан бойын аулақтату. Санитарлық-гигиеналық талапқа сай таза жүруге, адамгершілікке және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу мақсатында №5 қалалық емхананың СОСҚ дәрігері маманы Мұханбетқызы Толқын мектебіміздің жоғары сынып оқушыларына жылжымалы лекция оқып, оқушыларға насыбайдың, электронды темекінің ағза үшін қандай зияны бар екені туралы түсіндіріп өтті.

Ойланып жүретін әдемі әңгімені мысалмен келтіре отырып оқушыларға ой тастады. Ұлы ойшыл Сократқа кезінде мынадай сұрақ қойылыпты: «Адамға өмірде не қымбаттырақ, «байлық па, атақ па, даңқ па?» - деп. Сонда Сократ: Байлық та, атақ та, даңқ та адамды шын бақытқа кенелте алмайды. Дені сау кедей, ауру патшадан бақыттырақ – деп жауап беріпті. Яғни адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек, ал денсаулық кепілі – салауаттылықта, балалар –деді СОСҚ маманы. Насыбай құрамы: темекінің жапырағы, тауықтың қиы, әктің суы, қарағаштың шайы, сексеуілдің күлі,-бәрі улы заттар адам ағзасына әсер етеді. Жасөспірімдер әуелі олар өздерін үлкен санап, мықты жігітпін деп ойлап, сөйтіп насыбай қолданады. Екеуі де никотинге

тәуелді. Темекі өкпеге түссе, насыбай ауыз қуысы арқылы қан тамырларына түседі. Насыбай атқандардың 80 пайызы адамдардың ауыз қуысы, асқазанда қатерлі ісіктер пайда болады. Электронды темекі дегеніміз – ішіне сұйық ерітінді құйылған, ауыстырылатын картриджі бар және никотин жеткізетін электрондық жүйеге (НЖЭЖ) жататын құрал болып табылады. Оның буында адам денсаулығына зиянды химиялық заттар бар. Олар: формальдегид, ацетальдегид, карбол қосындысы, ауыр металдар (қалайы, мыс, хром, никель және т.б.). Электронды темекі не үшін қауіпті?

■ Электронды шылымның құрамындағы никотин тез сіңіп, 8 секундтың ішінде миға тарайды;

■ Никотин қантамырлардың тарылуына ықпал ететіндіктен барлық ағзаларды қанмен қамтамасыз ету нашарлап, бірінші кезекте жүрек-қантамыр ауруларының (инсульт, инфаркт) дамуына әкеліп соғады;

■ Жүкті әйелдің ағзасындағы никотин түсік тастау мен ерте босану қаупін арттырып, ұрыққа ауа жетіспеуіне әкеп соғады;

■ Никотин жасушалардың өзгеруін тудырады және келесі ұрпақтарда бұл өзгерістер көбейе береді;

■ Электронды темекінің құрамындағы химиялық заттар қауіпті ісік ауруына шалдықтыруы мүмкін;

■ Электронды темекінің түтінінде улы заттар болғандықтан, адамдарға әсіресе балаларға қауіпті;


■ Электронды темекіні шеккендегі психологиялық тәуелділіктің даму қаупі басқа темекі өнімдерін тұтынғанмен бірдей

26 ҚАҢТАР 2023ж. «ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ»

С. Лапин атындағы №261 орта мектебінде «Мектеп Парламенті» ұйымының «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының министрі Оразбайұлы Олжас және дене шынықтыру пәні мұғалімі Избасаров Парасаттың ұйымдастыруымен 7 - сыныптар арасында «Денсаулық – зор байлық» атты волейбол спорт түрінен жарыс өтті. Жарыс нәтижесі бойынша жүлделі 1 орынды – 7 «Б» сыныбы, 2 – орынды 7 «А» сыныбы, 3 – орынды 7 «В» сыныбы иеленді. Қалған қатысушылар мектеп директорының атынан алғыс хатпен марапатталды.

6 АҚПАН 2023ж. «ЕСІРТКІСІЗ ӨМІР»

3 ақпан күні Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі облыстық полиция департаментінің 2023 жылғы 18 қаңтардағы № 1-21-5/261-И хатына сәйкес құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында С.Лапин атындағы №261 орта мектепте есірткінің заңсыз



айналымының жасөспірімдер арасында белең алмауының алдын алу мақсатындағы ОПД ЕҚҚІББ-мен мемлекеттік тілде ұсынылған бейнежазбаны 8-11 сынып оқушыларына сынып сағаттарында көрсетіліп ақпараттандыру жұмыстары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар бейнедәріс ата – аналар чатына жолданып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

8 АҚПАН 2023ж. «ЕРТЕ ЖҮКТІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ. РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ»

С.Лапин атындағы №261 орта мектеп базасында жоғары сыныптың қыз балаларымен Ерте жүктіліктің алдын алу. Репродуктивті денсаулықты қорғау тақырыбында әңгіме-сұхбат болып өтті.

Әңгімелесіп-сұхбаттасу кездесуіне №5 қалалық емхананың СОСҚ дәрігері маманы Мұханбетқызы Толқын және гинеколог дәрігері Асылбекова Асемай Саматовна келді.


Ерте жүктілік немен қауіпті?, Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?, сұрағына №5 қалалық емхананың СОСҚ дәрігер маманы Мұханбетқызы Толқын ашып түсіндірді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады. Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс жасайды - жүрек қан тамыры,эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылады. Бұның қиындығы жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес! Ерте жүктіліктің негізгі мәселесі бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Ерте жүктілік деген не? Гинеколог дәрігер Асылбекова Асемай Саматовна- Ерте жүктілік деп 13-19 жас аралығында болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен жоспарланбаған жүктіліктің 90 % отбасындағы тәрбиеге және қарым қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «Әдейі» бәрін кері жасайды-дейді маман.

Сұхбаттау барысында қыздар өздерінің көкейлерінде жүрген сауалдарына тұщымды жауап алып, өздеріне қажетті ақпараттармен танысты.

Кездесу соңында қыз балаларға салауатты өмір салтын дұрыс құруға насихаттайтын арнайы бейнедәріс көрсетілді.

16 АҚПАН 2023Ж. «СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІНІҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ДӘРІХАНАЛЫҚ НАШАҚОРЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ТУРАЛЫ»

Қалалық білім бөлімінің 2023 жылдың 14 ақпандағы № 356 санды хатына сәйкес С.Лапин атындағы №261 орта мектептің білім алушылары мен ата-аналарына «Синтетикалық есірткінің таралуы және дәріханалық нашакорлық проблемалары туралы» бейнедәрістер көрсетіліп ата-аналар чатына таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.




2023-2024 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» кешенді жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар

1.1- қыркүйек Білім күні мерекесіне орай, С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде жаңа 2023 - 2024 оқу жылына арналған «Мектебім - мейірім мекені» атты салтанатты жиыны болып өтті. Салтанатты жиынды мектеп директоры Абдрахманова Қарлығаш Қуанқызы ашып, іс - шара мазмұнының маңыздылығына тоқталып, қатысушыларды мерекелерімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Ұстаздар мен ата - аналарды, оқушыларды мерекелерімен құттықтай отырып, толағай табыстар мен үлкен жетістіктерге жете берулеріне тілектестігін білдірді сөз барысында балалардың жолда жүру қауіпсіздігі бойынша қысқаша түсіндірме жұмысын жүргізді.

Мерекелік жиын мектеп оқушыларының концерттік бағдарламасымен жалғасын тауып, жаңа оқу жылының алғашқы қоңырау соғылды.

Жиын соңында барлық сыныптарда «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбындағы сынып сағаттарымен жалғасуда.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ZHkU6S42tXD1istPTWsuVD6xUG4WRtq6oS4TvRqXCrTm867N66rhLjzJ4XBEKKtXl&id=100042385991723&mibextid=Nif5oz

2.Ә. Тәжібаев ақынымыз жырлағандай 6 қыркүйек күні 8 сынып оқушылары арасында "Тіл мерейі - ел мерейі" атты әдеби танымдық кеш өткізілді. Қазіргі уақытта көп тіл білу өмір. Сондықтан әр жасөспірім өз болашағын қазірден бастап ойлап, жоспар құруы қажет және бір шет тілін меңгеруі міндет. Шара барысын оқушылар Әнұранмен бастап, ән айтып, домбырамен күй орындады. Оқушылар 3 тілде тақпақтарды мәнерлеп оқып, нақыл сөздер де айтылды. Тіл біздің байлығымыз, әрі шешен, өткір дамыған дана тіл. Осындай бай тілді құрметтеу әрбір оқушының міндеті.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0EorVLUEENTfHNChUEzvmCLqL7macUuxTPizQZcsiyNP6qmvAUZWGf3BrrcrCsJPwl&id=100042385991723&mibextid=Nif5oz

2.Ақпараттық Time тақырыбында С.Лапин атындағы №261орта мектепте 2023 жылдың 2 қазанында 5 “а” сынып оқушыларымен “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Алаштың сөнбес жұлдызы- Мағжан Жұмабаев” атты тренде кітап оқу тақырыбында Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін оқу өтті.

Трендте кітап оқудың мақсаты оқушыларды кітап оқуға қызығушылығын арттыру, М.Жұмабаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқуға үйрету. Сонымен қатар 5 “а” сынып оқушылары Алмасұлы Алихан, Абайқызы Аяулым, Қыдырәлі Айарулар ақынның өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтып өтті.

3.АР-ҰЯТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ.

Ар-ұят құндылығы:

Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

Адал еңбекті құрметтеу;

Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Халқына адал қызмет ету

Әдеп нормаларын ұстану;

Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;

Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;

Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;

Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;

Достарын, сыныптастарын сыйлайды;

Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

1. Облыс бойынша "Отбасы күні" мерекесіне орай С.Лапин атындағы №261 орта мектебінің 5-6 сынып оқушылары арасында 11 қыркүйек күні "Мен және менің отбасым" тақырыбында эссе жазу байқауы ұйымдастырылды.


Байқауға барлығы 14 оқушы қатысты. Өздерінің бақытты отбасы, бақытты балалық шақтары, ата-анасының рөлі, отбасындағы үлгілі тәрбиесі, бауырмалдық, кішіпейілділік, қарапайымдылық, елжандылық сияқты қасиеттерді бойларына сіңіріп, асқақ армандары туралы ойларын еркін жеткізген..



2. Отбасы – адам баласының алтын дінгегі, оның ұрпаққа деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Отбасы — адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Ол - тәлім мен тәрбиенің, үлгі мен өнегенің, мейірімділік пен адамгершіліктің ордасы. Отбасы - мемлекеттің негізгі буыны. Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалымен қалыптасады. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады.

Мектебімізде: «Менің отбасым» тақырыбында сурет конкурсы өткізілді. Оқушылар отбасына деген ыстық ықыласы мен шексіз махаббатын бояу арқылы жеткізе білді.



3. С.Лапин атындағы №261 орта мектепте 11 қыркүйек Отбасы күніне орай «Отбасының негізгі діңгегі- ата-ана» тақырыбында ата-аналар арасында отбасы, отан туралы мақал-мәтелдер айту сайысы ұйымдастырылды.

Сайысқа мектебіміздің 7 сынып оқушыларының ата-аналары қатыстырылды.

1. СЕРГІТУ СӘТІ ЧЕЛЛЕНДЖІ

С. Лапин атындағы №261 орта мектебінде «СЕРГІТУ СӘТІ» ЧЕЛЛЕНДЖІ болып өтті. Балалардың салауатты өмір салтын насихаттауға және физикалық, психологиялық стрессті төмендетуге, оқу іс-әрекеті процесінде шаршаудың алдын алуға, физикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету мақсатында "Сергіту сәті" челленджі ұйымдастырылды.

Сергіту сәті бұл білім алушылардың ұзақ монотонды позасынан туындаған статикалық кернеуді жеңілдету мақсатында сергіту сәті жаттығуларын өткізуге арналған сабақ процесіндегі қысқа мерзімді үзілістер болып табылады.



1.2023 жылдың 5 қазанында өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерімен мұғалімдер күніне орай "Дублёр күні" өткізілді.

Мақсаты: өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, көшбасшылық қасиеттерін, ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

9-11 сыныптың белсенді оқушылары барлық сыныптарға бекітіліп, ашық сынып сағаттар мен тәрбие сағаттарын ұйымдастырды. Мектеп парламентінің президенті Жаппасбай Салтанат бастаған топ мүшелері жүктелген міндеттерін жүйелі жүргізді. Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары Дублер күнін семинар түрінде өткізді. Дублер күніне оқушылар, мектеп директоры және орынбасарлары болып бекітіліп, жұмыс жоспарларымен танысты.

♻️ СЕМИНАР МАЗМҰНЫ

✍️ Қызықты сәт!

- ✍ Ашық сабақтар
- ✍ Көңілді үзіліс
- ✍ Менің көзқарасымдағы сыныбым. (тренинг)
- ✍ Көңілді мәре... (спорттық сайыс)
- ✍ “Ұстаз бақыты- озып шыққан шәкірті” мерекелік кеш.

☞Семинар ашылуында ұстаздарымызды ерекше көңіл күймен қарсы алып, қанатты сөздер жазылған тәттілер таратылды.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі дублер – орынбасары Сайлау Жанерке мұғалімдерге сабақ кестесін таныстырды. Педагогтердің қысқа мерзімді жоспарларын бекітіп, оқу барысын бақылауға алды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі дублер орынбасарлары оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалап, тәрбие жұмыстарын жауапкершілікке алды.

Өзін-өзі басқару жобасы аясында мектеп оқушылары Утегенова Еркеназым 8 «Б» сыныбына химия пәнінен «Табиғаттағы тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Семинар барысында «Көңілді үзіліс», «Менің көзқарасымдағы сыныбым» (тренинг), «Көңілді мәре» (спорттық сайыс) түрлері жүргізілді.

Дублер күні - бұл оқушылар нағыз мұғалім болып, өзін-өзі басқара алатын, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алатын қызығы мол күн болды.



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid05HiFgBkTPbuDN3J4gyHrC3HwUhuZgKzYgEyRDWhU4zo53GcEXprAXCsh76np6KmVl&id=100042385991723&mibextid=Nif5oz

-ТОҒЫЗ АЙҒА - ТОҒЫЗ ІС- ШАРА

- АСЫҚ АТУ ЧЕЛЛЕНДЖІ

- Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде 17 қараша күні " оқушылар арасында “Асық ату” челленджі өткізілді.

- Мақсаты: Асық ату ЧЕЛЛЕНДЖІ – ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу. Асық ойыны – ұлттық спортымыздың бір түрі. Асық - ұлттық ойын, ұлттық тәрбие. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйесін шындап, тілін дамытады, ойда сақтау қабілетін жетілдіреді, дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлыққа тәрбиелейді. Сонымен қатар, балалардың қимыл - қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, бірлесе әрекет етуге үйретеді.



<https://www.facebook.com/share/p/AQwET8ZfeDhXEx6m/?mibextid=WC7FNe>

ҰЛТТЫҚ ТЕҢГЕ-ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

■ Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру қолдану аясын жете білуменен байланыстыру.

■ Шарты:

■ Дұрыс-бұрыс

■ Лексикалық минимум

■ Мақал-мәтелді толықтыр

■ Валюта атаулары

Жоғарыда аталған 4 шарт бойынша 7-сынып оқушыларына ұлттық теңгеміз жайлы ток-шоу ұйымдастырылды.

Мультимедиялық тақтадан сұрақтар жасырылып, оқушыларымызға 1993 жылы 15 қарашада Ұлттық теңге айналымға енгізілгені жайлы толық ақбар берілді. Ток-шоу қызықты әрі тартысты өтті.



<https://www.facebook.com/share/zwc3VVayN2q3yLBM/?mibextid=WC7FNe>

ЖАҚСЫ БАЛА- БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ

Мектебімізде "Жақсы бала-болашақтың бастауы" атты 5-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты, оқушылардың отбасындағы өзіндік орнын қалыптастыру.

■ Ұйымдастыру кезеңі.

■ Тренинг: "Шаттық шеңбері"

■ Сауалдар мен тапсырмалар

■ Рефлексия: "Жүректен-жүрекке"

Аталған тақырып негізінде, адамзат баласының бір-біріне деген сыйластығы, қолдаулары мен құрметтері, риясыз шексіз көңілдері ұрпақ үшін мызғымас берік болсын демекпіз. Осы орайда, сауалдар мен тапсырмалар барысында оқушылармен ашық сұхбаттар жүргізілді. Өзіндік пікірлері тыңдалып, еркін ой бөлісті.



<https://www.facebook.com/share/p/1NZ1aXZBErETPuSp/?mibextid=WC7FNe>

ӘКЕМ ҮЙРЕТКЕН

Мектебімізде 1 "Е" сынып оқушысы Жарқынбек Муслима бейнежазбасын ұсынады.

“Бір әкенің тәрбиесін, жүз мектеп бере алмайды”

“Отбасы” деп аталатын шағын мемлекеттің тірегі мен қорғаны-әке. Әкенің үлгісі мен ақылы бала санасында мәңгі сақталатыны сөзсіз. Қыз баланың ұяң да инабатты, шыншыл, тәрбиелі болып өсуінде әкенің орны ерекше.

Асқар тауымыз әкелер, аман болыңыздар!


<https://www.facebook.com/share/v/Avs8GDuHkjhYxqmY/?mibextid=WC7FNe>

ІЗГІЛІККЕ ҚАЛАМ ТАРТҚАН, ЖАС ҒҰМЫР

Мектебімізде 4- сынып оқушыларымен «Ізгілікке қалам тартқан, жас ғұмыр» поэзия минуты өткізілді.

4-сынып оқушылары ұлы ақын, жазушылардың өмірбаянымен танысып, олардың шығармаларын оқыды.

Мақсаты, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.



<https://www.facebook.com/share/p/uikWW87RSpYypmDn/?mibextid=WC7FNe>

ЕЛІМНІҢ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН-ТӘУЕЛСІЗДІК!

Оқушыларды отансүйгіштікке баулу, патриоттық сезімін дамыту, ұлтжандылыққа, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, өз елінің тарихын сыйлау, елін, жерін қорғайтын

ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Елімнің бақытын тербеткен-Тәуелсіздік!» тақырыбындағы сурет көрмесіне бастауыш сынып оқушылары өз туындыларын ұсынды.

Балалар туындысы еліміздегі тыныштық пен бейбітшіліктің айқын бейнесін көрсете білді .
<https://www.facebook.com/share/v/CrAHrQXw5tTPhmXp/?mibextid=WC7FNe>

Методика "НУМИКОН" "Нумикон" - набор учебных и наглядных материалов, разработанных специально для детей, испытывающих трудности в изучении математики в Англии в период 1996-1998 годов. Нумикон - набор, используемый для формирования математических навыков у детей дошкольного и школьного возраста, демонстрируя связь между цифрами и формами. С этой целью специальный педагог провел небольшую группу занятия по подтверждению и развитию математических понятий методом "Нумикон". Учащиеся приняли активное участие в уроке.



<https://www.facebook.com/share/p/pBNwfiAr6p4oZjCM/?mibextid=WC7FNe>

ҚЫСТА КІТАП ОҚИМЫЗ, ЖАДЫМЫЗҒА ТОҚИМЫЗ

КІТАП ОҚУ АКЦИЯСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ!

"Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз!" акциясы шеңберінде қысқы демалыста Қазақстан Республикасы бойынша сыныптарға ұсынылған кітаптар тізімі:

1-4 сыныптарға

Өтірік өлеңдер.

Қазақ халық ертегілері.

Ермек Өтетілеуов "Әдептілік-әдемілік"

Абай Құнанбайұлы "Қыс"

"1100 қызықты деректер" сериясы

Антуан де Сент-Экзюпери "Кішкентай ханзада"

"Нағыз ұлдарға арналған кітап"

Балалар энциклопедиясы

Ыбырай Алтынсарин Әңгімелері

Мұқағали Мақатаев Өлеңдері.

5-9 сыныптарға

Бауыржан Момышұлы Ұшқан ұя"

Абай Өлеңдері, Қара сөздері.

Сақ Қайрат Өмірбайұлы "Алаш мұрасы".

Джоан Роулин Гарри Поттер туралы кітаптар.

Марк Твен"Том Сойердің басынан кешкендері".

Ж. Жұмаханов" Солдат жолы"

Фариза Оңғарсынова Өлеңдері.

Ромен Роллан "Жан Кристоф"

Жонатан Свифт "Гулливер лилипуттар елінде"


Себепов Ғ. "Нелло мен Патраш"

9-11 сыныптарға:

Абайдың прэмалары. "Ескендір," Масғұт", "Өзім әңгімесі".

Жүсіпбек Аймауытов" Ақбілек", "Қартқожа".

- Бауыржан Момышұлы "Ұстаз", "Ұшқан ұя"
- Әбіш Кекілбаев "Аңыздың ақыры"
- Мұхтар Мағауин "Шақан шері", "Аласарыран"
- Шыңғыс Айтматов "Алғашқы ұстаз"
- Ұлықбек Есдәулетов Өлеңдері
- Медеу Сәрсекке "Қаныш Сәтбаев
- Айгүл Кемелбаева" Шашты"
- Талап Сұлтанбеков
- "Көшпелі алтын"
- Оразақын Асқар "Шетте жүрген бауырлар"
- Жәркен Бөдешұлы "Жалғыз"
- Қабдеш Жұмаділов "Тағдыр"
- Ш. Құсайынов "Томирис" драмасы.
- Кітап оқып, өз ойларымен бөлісу
- "Қыста кітап оқимыз"- әдемі фотосурет түсіру
- Өзіңе ұнаған кітап кейіпкерлерінің суреті салу
- Оқыған сүйікті кітабыңа буктрейлер жасау
- Оқыған кітабыңның мазмұнымен бөлісіп, видеоролик жасау
- "Қыс және кітап" тақырыбында кез келген шығармашылық жұмыс



<https://www.facebook.com/share/p/iofujKsozpXYaz7L/?mibextid=WC7FNe>

■ ТУҒАН ӨЛКЕ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

■ Өлкетану — белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу.

■ Мектебімізде тарих пәнін оқытуда Өлкетану курсы қосымша жүреді. Осы орайда 5 - сынып оқушыларына өлкеміздің ескерткіштерімен таныстыру мақсатында тарих пәнінің мұғалімі Тулегенова Гулназдың ұйымдастыруымен «Туған өлке ескерткіштері» тақырыбында таныстырылым сағаты өткізілді. Шара барысында оқушылар өлке ескерткіштерінің тарихымен танысты. Мұндағы мақсат оқушының туған жерінің жәдігерлеріне құрметін арттырып, зерттеуге ұмтылуы.

■ Ұлттық құндылықты оқушы бойына сіңіруде тарихшы мұғалімдерінің еңбегі орасан. Өн бойына ел тарихын сусындап өскен, өскелең ұрпақта болашақта ел тарихына өз үлесін қосатыны сөзсіз.



<https://www.facebook.com/share/p/5D8SBDhFqvw4K2CB/?mibextid=WC7FNe>

ШӘКӘРІМ ӘЛЕМІ

Биыл ақын, ойшыл, ғұлама Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл. Аталмыш жылға орай тарих пәнінің мұғалімі Тлеубаева Жадра 5 «Б» сыныбына «Шәкәрім әлемі» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс өтті. Тарихи-танымдық үлгіде өткізілген бұл сабақта оқушылар Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылық жолын, өнегесі мен ерен еңбегін кеңінен білді. Ойшыл өміріне қатысты тарихи деректер Kahoot, LearningApps платформасы арқылы пысықталып, хронологиялық кесте жасалды. Сабақ соңында оқушылар ақын мұрасы жөнінде өз ойларын ортаға салды.



<https://www.facebook.com/share/p/QQuFEKomd8YrTiMR/?mibextid=WC7FNe>

Әлеуметтік - педагогикалық қызмет

Әлеуметтік педагог жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру болып табылады. Осыған байланысты жыл көлемінде жүретін "Мектепке жол" акциясы ұйымдастырылды. Акция мақсаты- әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына ,жетім балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, сонымен қатар әлеуметтік себептер (киімдерінің ,аяқ киімдерінің мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу. Мектептің мөлтек ауданы бойынша рейдтер жүргізілді. Оған мектеп мұғалімдері мен ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмаған балалармен жұмыс істеу органдарының қызметкерлері де атсалысты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысына сәйкес мектептегі әлеуметтік көмек алуға құқығы

бар оқушылардың барлығы мектеп кітапханасының кітаптар қорынан оқулықтармен қамтамасыз етілді. Жыл көлемінде «Ең жомарт жан», «Наурыз мейірімі», «Қамқорлық» аты қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы - жомарттық, кеңпейілдікке бағытталған қайырымдылық акциясы жүргізіліп отырды. Жомарт болу -өзіңде барды әр адаммен шын жүректен бөлісу. Жомарт болу -өзіңде барды әр адаммен шын жүректен бөлісу. «Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без», - дегендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, көкірегі қаяулы, жаны жаралы жанның жасын сүртіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсынып, достық пейіл танытты.

2021 – 2022 оқу жылында 1-30 қыркүйек аралығында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың тізімі жасақталып «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы «Менің таңдауым балаларға көмек көрсету» деген атпен жүргізілді.

Қызылорда қаласындағы «Астана Сервис LTD» ЖШС - нің директоры Мұса Жақыпұлының демеушілігімен 10 оқушыға оқу құралдарымен жабдықталған сумка

р/с	Оқушының аты-жөні	сыныбы	Ата-ананың аты-жөні	Әлеуметтік статусы
1	Мырзахмет Қуаныш	6 в	Тулегенова Ажаркүл	аз қамтылған, мүгедек әке
2	Мырзахмет Жансезім	4 е	Тулегенова Ажаркүл	аз қамтылған, мүгедек әке
3	Мырзахмет Аяру	2 е	Тулегенова Ажаркүл	аз қамтылған, мүгедек әке
4	Мырзахмет А.	1	Тулегенова Ажаркүл	аз қамтылған, мүгедек әке
5	Тұрғанова Инабат	3 е	Асқарова Айнұр	потранат
6	Әлқуат Сұлтанбек	4 е	Кенжебаева Камшат	мүгедектігі бар ана, аз қамтылған
7	Әлқуат Исламбек	3 е	Кенжебаева Камшат	мүгедектігі бар ана, аз қамтылған
8	Орынбасар Нұрғиса	7 а	Избасова Нұргүл	көп балалы аз қамтылған
9	Ақберген Нұрбек	6 ә	Избасова Нұргүл	көп балалы аз қамтылған
10	Қайратбаев Бағдәулет	1 д	Бегенова Феруза	жартылай жетім

"Сыр мейірімі" қоғамдық қорынан 20 оқу құралдарымен жабдықталған сумка

р/с	Оқушының аты-жөні	ИИН	сыныбы	Ата-ананың аты-жөні	Әлеуметтік статусы
1	Төремұрат Саламат	910312401873	4	Никулина Роза	көп балалы аз қамтылған
2	Төремұрат Сұңғат	910312401873	3	Никулина Роза	көп балалы аз қамтылған
3	Махамбет Інжу	850705403312	3	Тойманова Балжан	толық емес отбасы
4	Махамбет Әли	850705403312	2	Тойманова Балжан	толық емес отбасы

5	Жылқыбайұлы Бағдәулет	791128400632	1	Елеусинова Жанар	көп балалы аз қамтылған
6	Жалғас Назерке	861228402599	4 б	Қарабалаева Жанар	көп балалы аз қамтылған
7	Сәбитқызы Ұлболсын	861228402599	1 б	Қарабалаева Жанар	көп балалы аз қамтылған
8	Ерасыл Нұрболұлы	861223402373	4 ж	Махашева Бағия	көп балалы аз қамтылған
9	Берікбол Ернұр	861223402373	7 е	Махашева Бағия	көп балалы аз қамтылған
10	Маханов Нұрпейіс	890827402111	1	Маханова Нағима	көп балалы, толық емес отбасы
11	Маханов Нұрислам	890827402111	4 и	Маханова Нағима	көп балалы, толық емес отбасы
12	Маханов Дарын	890827402111	3 г	Маханова Нағима	көп балалы, толық емес отбасы
13	Қайратбай Бағдәулет	910326401394	1 д	Бегенова Феруза	жартылай жетім
14	Серік Іңкәр	911205400816	1 в	Накипова Гүлзада	аз қамтылған көп балалы
15	Төремұрат Гүлбақыт	910710401004	1	Төремұрат Аэлита	аз қамтылған көп балалы
16	Ауесбаева Жанна	880509403327	1	Тоғман Ерасыл	аз қамтылған толық емес отбасы
17	Утеген Арман		7 е	Каукаева Асемгүл	потранат
18	Бауыржанқызы Шолпан	850924403477	4	Сорокина Алена	көп балалы
19	Раушанбек Ақниет	890317402822	1	Белякова Елена	көп балалы
20	Мұрат Дінмұхаммед	890117402904	1	Таева Шолпан	көп балалы

Демеуші валантердан 12 оқушы спорттық киім

р/с	Оқушының аты- жөні	сыныбы	Ата-ананың аты-жөні	Әлеуметтік статусы
1	Раушанбек Азат	7 в	Белякова Елена	көп балалы аз қамтылған
2	Раушанбек Дәулет	5 д	Белякова Елена	көп балалы аз қамтылған
3	Раушанбек Ақниет	1	Белякова Елена	көп балалы аз қамтылған
4	Раушанбек Ақнұр	3	Белякова Елена	көп балалы аз қамтылған

5	Әбжанова Анель	5	Әбжанова Жұлдыз	аз қамтылған көп балалы, жалғыз басты ана
6	Әбжанов Диас	9	Әбжанова Жұлдыз	аз қамтылған көп балалы, жалғыз басты ана
7	Гажданбекова Нұрсәуле	5	Сорокина Алена	аз қамтылған
8	Бауыржан Қайсарлы	3	Сорокина Алена	аз қамтылған
9	Бауыржанқызы Шолпан	2	Сорокина Алена	аз қамтылған
10	Әбжан Дамир	5	Жаминова Анар	аз қамтылған
11	Әбжан Інжу	1	Жаминова Анар	аз қамтылған
12	Серікқызы Аякөз	2 ж	Жумабаева Гүлшат	аз қамтылған

С.Лапин атындағы бітіруші түлек 11 сынып ата-анасының демеушілік тарапынан оқушыға оқу формасы, аяқ киім және оқу құралдары

р/с	Оқушының аты-жөні	сыныбы	Ата-ананың аты-жөні	Әлеуметтік статусы
1	Талғатқызы Ақбаян	8 ж	Елибаева Бейсенкүл	потранат

Қызылорда қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасының демеушілігі есебінен 1 отбасы балаларына оқу құралдарымен жабдықталған сумка және оқу формасы

р/с	Оқушының аты-жөні	сыныбы	Ата-ананың аты-жөні	Әлеуметтік статусы
1	Берікбол Рамазан	2 ә	Арман Бейсен	жартылай жетім
2	Берікбол Диляра	5	Арман Бейсен	жартылай жетім
3	Берікбол Сымбат	6	Арман Бейсен	жартылай жетім

Облыстық кәсіпкерлік басқармасының демеушілігі тарапынан 100 мың теңге және 50 мың теңгенің LG планшеті табысталды.

р/с	Оқушының аты-жөні	сыныбы	Ата-ананың аты-жөні	Әлеуметтік статусы
1	Әбжан Диас Сержанұлы	9	Жаминова Анар Оразбаевна	көп балалы, аз қамтылған

2	Әбжан Дамир Сержанұлы	5	Жаминова Анар Оразбаевна	көп балалы, аз қамтылған
3	Әбжан Жанель Сержанқызы	8	Жаминова Анар Оразбаевна	көп балалы, аз қамтылған
4	Әбжан Бауыржан Сержанұлы	10	Жаминова Анар Оразбаевна	көп балалы, аз қамтылған
5	Әбжан Інжу Сержанқызы	1	Жаминова Анар Оразбаевна	көп балалы, аз қамтылған

"Арал балалары" қорының демеушілігімен Далатекс тігін фабрикасының киімімен қамтылғандар

р/с	Оқушының аты-жөні	сыныбы	Ата-ананың аты-жөні	Әлеуметтік статусы
1	Әділбек Айша	2 е	Алтынбаева Айнұр	аз қамтылған, көп балалы
2	Оразәлі Жұмагүл	6 г	Тәуекелова Шахизада	мүгедектігі бар ата-ана
3	Сағымбаева Айгерім	4 д	Сағымбаева Айдана	мүгедектігі бар ана, толық емес отбасы
4	Сағымбаева Айзада	1 е	Сағымбаева Айдана	мүгедектігі бар ана, толық емес отбасы
5	Қартбай Мансұр	3	Байсейтова Мақпал	аз қамтылған, тұрмысы төмен көп балалы отбасы
6	Шәкім Аягөз	6	Сақтағанова Жеңіскүл	аз қамтылған көп балалы
7	Құттыбай Гүлсезім	7	Қоспанбетова Гүлзат	көп балалы аз қамтылған
8	Асқарбек Раяна	1	Кульбаева Фариза	аз қамтылған көп балалы
9	Саматқызы Перизат	4	Бегенова Жазира	аз қамтылған көп балалы
10	Асқарбек Нұрасыл	3	Бейсенбаева Айгүл	аз қамтылған көп балалы
11	Асқарұлы Қанат	3	Мұратбаева Лаура	көп балалы, толық емес отбасы
12	Мырзаханов Бақытбек	3	Рустемова Гүлзира	АСП
13	Айдуллақызы Зухра	4	Маханова Эльмира	аз қамтылған көп балалы
14	Айдуллақызы Фатима	4	Маханова Эльмира	аз қамтылған көп балалы

15	Серікбай Айзере	3	Жубанышева Зейнеш	жартылай жетім
16	Әбілхаир Ақжан	5	Жұмабаева Балжан	аз қамтылған

2021-2022 оқу жылында мектеп бойынша оқушыларының әлеуметтік санаттары бойынша 1 категория Атаулы әлеуметтік алатын отбасының тәрбиеленушілері мен білім алушылары 280 оқушыны құрады. Аталған әлеуметтік көмек шеңберінде берілетін әлеуметтік топтаманы тарату үшін, тағайындалған тиісті құжаттары тамыз айының ішінде толық жиналталып, тізім жасақталды.

Атаулы әлеуметтік көмек шеңберіндегі топтамаға сәйкес алты жастан он сегіз жасқа дейінгі балалары бар аз қамтылған отбасыларға кепілдік берілген әлеуметтік топтаманың түрлеріндегі және көлемдеріндегі мектеп формасын, мектеп-жазу керек-жарақтарының жиынтығын, аяқ киімдерді тиісті тағайындалған құжаттары арқылы таратылды.

1-11 сынып бойынша жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасынан шыққан білім алушылардың тізімін нақтылап, жалпыға міндетті оқу қоры есебінен киіммен қамтылатын білім алушылардың құжаттары қабылданып, тізім жасақталды. Жалпы киім кешек 39 қыз балаға, 41 ұл балаға қыстық куртка мен етік берілді.

Жалпыға міндетті оқу қоры есебінен әлеуметтік жағдайларына байланысты АӘК алатын отбасынан басқа, 4 категория бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілерге тізімге сәйкес 80 куртка (41 ұл балаға, 39 қыз балаға), 80 етік (41 ұл балаға 39 қыз балаға) берілді. Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар арасынан мектепте бір мезгіл ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасақталып, құжаттары қабылданды. Қазіргі таңда мектепте 440 бала ыстық тамақпен қамтылды.

2021 – 2022 оқу жылында жаңа жылдық шыршаға ҚР Президентінің атынан шыршаға мүмкіндігі шектеулі оқушы Төлебай Жәнібек барды.

2022 – 2023 оқу жылы бойынша барлығы 2214 оқушы, толық отбасылар саны 560, толық емес отбасылар саны 170, және қамқоршы және қорғаншы тәрбиеде 3 оқушы бар. Оның ішінде өгей әкемен 8 оқушы, өгей шешемен 5 оқушы, сенімхатпен туысқанының үйінде 10 оқушы тұрады. Ата-анасының бірі ажырасқан оқушылар саны 157, анасы қайтыс болған оқушылар саны 18, әкесі қайтыс болған оқушылар саны 42, және некесі ф4 оқушылар саны 30. Қазіргі таңда мектеп бойынша мүмкіндігі шектеулі оқушылар 25, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар саны 14. Азаматтығы жоқ білім алушылар жоқ. Мектепшілік бақылауды қажет ететін оқушылар саны 2.

Жалпыға міндетті оқу қорынан

- Қаржылай немесе материалдық көмек
- Жалпыға міндетті оқу қорынан бір реттік ыстық тамақ
- Лагермен қамту
- Жаңа жылдық шырша

О

Қ
У

Ж
Ы
Л
Ы
Н
Ы
Ң

21

а
с
ы
н

2022 – 2023 оқу жылының басталуы бойынша іс-шараларды жүзеге асыру негізінде «Мектепке жол» «ШЕКАРАСЫЗ ЖАҚСЫЛЫҚ» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы жүргізілді. Бірқатар демеушілер атап айтқанда:

- Қалалық маслихат депутаты Мұса Жақыпұлы
- Облыстық маслихат депутаты Талғат Жақыпұлы
- «Қызыл Ай қоғамы»
- Мектеп мұғалімдері: Маржан Жұмандықова, Ахметова Қарлығаш
- Айша текстильге және мектеп мұғалімдеріне алғысымызды білдіреміз.

Жалпыға міндетті оқу қорынан 598 бұйрық негізінде ұсынылатын ыстық тамақтың берілуі бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталайын. Барлығы 605 оқушы қамтылған, ыстық тамақпен қамтылған бастауыш оқушылар саны 337, 5-11 сыныптар бойынша 268 оқушы ыстық тамақ ішіп отыр. 2023 жылдан бастап, барлық бастауыш сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамту жоспары негізінде жұмыстар жүргізілуде. Алдағы уақытта хабарланатын болады. Асхана жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін, күнделікті ас мәзірі қаралып, оқушыларға ұсынылған тамақтар диетсесранның бақылауымен тексеріледі. Ай сайын арнайы мониторингтік топ құрылып, асхананың жұмыс бағланады.

Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығының 11 -қосымшасын жүзеге асыру бойынша 5 санат негізінде, мектеп оқушыларын лагермен қамту жұмыстарына тоқталып кетейін.

Мектеп жатынандағы «Ақтерек» күндізгі тынығу лагері ашылып, 60 оқушы қамтылды. Сыртқы лагерлерге жіберу үшін, «Талдысу» Жаңақорған ауданындағы лагерге 30 оқушының барып келуі ұйытастырылды. Сонымен қатар Арай санрайыс лагеріне 4 оқушыға қалалық білім бөлімінен жолдама берілді.

Бірлескен жоспар негізінде тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологымен бірлесе отырып, ерекше білім беруді қажет оқушылармен жүргізілген жұмыстарды да айта кетейін:

- 1 наурыз «Алғыс айту» күніне үйден оқитын оқушыларды арнайы іс-шара ұйымдастырып, асхана меңгерушісі Раушан Тілеубайқызының сыйлықтары үйлестірілді.
- «Ақтерек» күндізгі тынығу лагерінің ашылуына үйден білім алатын оқушылар шақырылып, асхана меңгерушісі Раушан Тілеубайқызының сыйлықтары үйлестірілді.
- «2023 – Жарқыра жайна жаңа жыл!» мерекелік шарасы ұйымдастырылып, демеушілер тарапынан сыйлықтар берілді.

«Қамқорлық» акциясы аясында, демеушілер «Дартим» қайырымдылық қоры компаниясының басшысы Алидар Болатұлы және Рүстем Рахымжанұлы 10 оқушыны қыстық киіммен қамтыды.

Сонымен қатар жаңа жылдық сыйлықтар беруге өз үлестерін қосқан

- Мұса Жақыпұлы
- Талғат Жақыпұлы
- Самал Абдуғаппарова
- Марита Жүнісходжаева
- Төрегүл Қали
- Гаухар Әбілдпева
- Мажиханова Гүлназ
- Гүлнұр Алиасқарова
- Ұлжан Асанова
- Маржан Жұмандықова
- Жадыра Бағдатқызына алғысымызды білдіреміз.

Жаңа жылдық шыршаға Қазақстан Республикасы президентінің атынан аз қамтылған отбасынан үздік оқушысын жіберу үшін, қамқоршылық кеңесінің жиналысы өткізілді. Шыршаға 34 оқушының тізімі бойынша әлеуметтік санаттары және мүмкіндігі шектеулі 25

оқушының тізімі қаралып анасы қайтыс болған Рысбайқызы Азиза мен Сағымбаева Айдананы баруға шешім шығары.

Өмірдің қиын жағдайында қалған отбасын анықтау үшін, «Отбасы және ата-ана баланың көзімен» сауалнамасы алынып, кейс Әлеуметтік – педагогикалық, Әлеуметтік - психологиялық, Әлеуметтік - медициналық , Әлеуметтік – құқықтық жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік педагогтың жұмысы 2 жыл бойынша салыстырмалы түрде есебін беріп кетейін

2022 жыл - жазғы лагерлермен қамтылуы бойынша мектеп жанындағы лагерге – 60 оқушы, қала сыртындағы лагерге – 30 оқушы.

2023 жыл - жазғы лагерлермен қамтылуы бойынша мектеп жанындағы лагерге – 100 оқушы, қала сыртындағы лагерге – 82 оқушы. Мектеп жанынан құрылған күндізгі тынығу лагері «Ақтерек» 10 күн, қала сыртындағы лагерге баруы оқушылар 4 паток бойынша қамтылды.

2022 – 2023 оқу жылында мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы негізінде 5 санат бойынша 605 оқушы қаржылай көмек алды.

2023 – 2024 оқу жылында мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы негізінде 5 санат бойынша жеке мектептен уақытша ауысып келген оқушыларды қоса алғанда 800 оқушы қаржылай көмек алды.

2023 – 2024 С.Лапин атындағы № 261 орта мектебінде 1 –тамыз бен 30 – қыркүйек аралығында, «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын жүзеге асыру және ұйымдастыру жөнінде іс – шаралар жоспары бекітілді. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған 102 оқушының тізімі жасақталды. Акцияның логотипі мен телефон нөмерлері интернет парақшаларға жарияланды. «Мектепке жол» акциясы аясында С.Лапин атындағы орта мектепте мемлекеттік емес ұйымдардың, ата – аналар комитеті мен аумақтық кеңестің қатысуымен кешенді іс – шара өткізіліп, 102 оқушыға оқу құралдарымен жабдықталған сумкалар таратылды.

С.Лапин атындағы № 261 орта мектеп мұғалімдері, Сынып жетекші Қали Төрегүл, Орыс тілі пәнінің мұғалімі Жұмандықова Маржан, Оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахметова Ақтолқын, Қалалық маслихат депутаты Мұса Жақыпұлы, «Аманат» партиясы, «Самұрық қазына» демеушісі Кіші қызметкер Забира апай алғысымызды айтамыз.

2023 – 2024 оқу жылы бойынша бастауыш сынып оқушыларын қоса алғанда 1200 оқушы ыстық тамақпен қамтылған және 598 бұйрық негізінде ыстық тамақтың сапалылығы және уақытылы ұйымдастырылуы ай сайын комиссия құрамы жаңартылып зерделеніп отыр. Сонымен қоса әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары негізінде қайырымдылық және қолқорлық акциялары қоса жүргізілуде.

Мектебіміздің қамқоршы қорғаншы тәрбиедегі 2 оқушы және толық емес отбасының 1 оқушысы Технолизинг компаниясының демеушілігімен толық қыстық киіммен қамтылды. Мектеп мұғалімдері мен ерікті демеушілердің қолдауымен бір отбасы көмірмен, және келесі отбасының балалары қыстық киіммен қамтылды.

2023 – 2024 оқу жылы бойынша ҚР Президентінің жаңа жылдық шыршаға қамқоршылық кеңесінің шешімінен 1 оқушы Дүйсенов Дініслам, Қала әкімінің атынан жаңа жылдық шыршаға 1 оқушы Зейнулла Нұрамина жіберілді. Мектеп арендаторы Раушан Тілеубайқызының демеушілігімен 30 оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар таратылды.

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес отбасы, әлеуметтік тұрмысы төмен, көп балалы отбасы балаларын мектеп асханасынан бір мезгілгі ыстық тамақпен қамту, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығын басшылыққа ала отырып, әр жаңа оқу жылынан бастап әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға тегін тамақты ұйымдастыру мақсатында жаңа бұйрық шығарылып, таныстырылым жасалады. білім алушылардың категорияларына байланысты балалардың құжаттарын қарап, тұрмыс жағдайына сынып жетекшілерімен бірлесе отырып зерттеу жұмыстарын жүргізіп құжаттары жинақталады. жинақталған құжат электронды түрде егов немесе ситсен бағдарламасы арқылы аудандық білім бөлімінің басшысына жіберіліп, қабылданғаны жөнінде анықтамалары алынады. Оқу жылының қыркүйек айынан бастап аз қамтылған білім алушылардың тегін тамақпен қамтылуы қалалық білім бөлімінің келісім –шартына сәйкес жеке кәсіпкерге міндеттелінеді, тегін тамаққа тізімге алынған білім алушылардың сынып жетекшілеріне оқушыларының толық баруын қамтамасыз етуге жауапты болады. Бракераждық комиссия құру туралы мектеп басшысының бұйрық шығарылып, жоспары құрылады. Комиссия ай сайын мектеп асханасының тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш технология жабдықтарының жарамдылығына, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына мониторинг жүргізуге, жекелеген санаттары үшін перспективалық мәзірдің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 ҚР ҰҚ бекіткен бір реттік тамақтану нормаларына сәйкестігін, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, олардың пайдаланылатын тізбесі туралы мәліметтердің болуын (сертификаттардың көшірмелері) балалардың тамақтануы үшін жағдай жасау (раковиналардың, кептіргіштердің болуы және жағдайы, сабынның болуы және т. б.) тамақтану залының жалпы санитарлық жағдайы және эстетикалық безендірілуі, күнделікті мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкестігін, тамақтану рационның күнделікті, перспективалық мәзірге сәйкестігін, тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптама тобының нәтижесімен қаралады.

Соңғы үш жыл бойынша тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар туралы салыстырмалы талдау

Оқу жылы	Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар саны
2021-2022 оқу жылы	440 бала
2022-2023 оқу жылы	605 бала
2023-2024 оқу жылы	1205 бала

4.4 Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

«Жас қаламгер» үйірмесі 1 – 4 сынып оқушыларына арналған . Үйірме аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатқа берілген. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал

жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады. Оқушылардың қазақ тілі, ана тілі сабақтарына қызығушылықтарын арттырады. Үйірмеге тілге шешен, өз беттерімен шығарма жазуға, өлең шығаруға икемдері бар, шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін сезініп аша білетін оқушылар тартылады. Үйірменің оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгімелер, өлең-жыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі т.б.) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді. Сондықтан сыныптан тыс үйірме сағатында ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей, жеке тұлғаны дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын оятып, адамгершілікке, ізгілікке, сыйластыққа тәрбиелеп, еркін дамуына жол ашу көзделеді.

Үйірменің мақсаты:

Оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру.

Үйірменің міндеті:


Оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінде алған білімдерін әрі қарай дамытуға мүмкіндік жасап, қабілеттерін шыңдау;

Көркем әдебиет жанрына байланысты өлең, шығарма жазуға дағдыларын қалыптастыру;

Оқушылардың қоғамдық белсенділігін дамыту;

Оқушылардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру, белгілі бір еңбек түріне баулу, оны дамытуға ықпал ету.

«Жас қаламгер» үйірмесінде оқушылар ертегі, әңгіме, өлең тыңдауға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенеді. Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа, мәнерлеп оқуға үйренеді, сонымен түрлі байқауларда жеңімпаз атанып алғыс хаттар мен мақтау қағаздар иеленіп жүр.



«Жас қаламгер» үйірмесі

1-4 сыныптар

Үйірме жетекшісі: Құлжанова Айжан

р/с	Тақырыптың аты	Сағат саны	Өткізілу түрі
1	Үйірменің мақсат, міндеттерімен таныстыру	1	Кіріспе әңгіме
2	Ертегілер әлеміне саяхат	1	Сурет салу «Ертегілер» кітабы, «Балдырған журналы»
3	101 жұмбақ, 1001 мақал	1	Дөңгелек үстел Мақал-мәтелдер кітабы

4	Жаңылтпаштар жаттау	1	Балалар әдебиеті
5	Шешендік өнер. Өнер алды қызыл тіл.	1	Шығар. жұмыс Халық даналығы
6	Қызықты сұрақтар	1	Әңгіме. Шығар. жұмыс «Балдырған», «Айгөлек» журналдары
7	Өлең ұйқастарын құрастыру	1	Мәнерлеп оқу Суреттер Ана тілі хрест
8	Әңгіме мазмұнын жалғастыр	1	Дөңгелек үстел «Балдырған», «Айгөлек» журналдары
9	Менің айналысатын сүйікті ісім	1	Сахналық қойылым
10	Егер мен сиқырлы таяқ тауып алсам.	1	Әңгіме. Шығар. жұмыс Балалар әдебиеті
11	Буын ұйқасын тап	1	Дөңгелек үстел «Табиғат- менің алтын ұям» Әңгіме. Шығар. Жұмыс, «Балдырған» журналы
12	Төрт түлікке байланысты әңгімелер құрастыру	2	Автор орындығы «Балдырған», «Айгөлек» журналдары
13	Қазақстан. Отаным – алтын бесігім	1	Автор орындығы Ана тілі хрестоматиясы
14	Менің батыр бабаларым	1	«Батырлар жыры»
15	Жұмбақтар шешу	1	Сайыс сабағы Халық даналығы
16	Мәнерлеп оқудың маңызы	1	«Балдырған» журналы
17	Ырымдар мен тыйымдар	2	Дөңгелек үстел
18	Диалог пен монолог	1	Балалар әдебиеті
19	Өлеңді рөлге бөліп оқу	1	Мәнерлеп оқу Ана тілі хрестоматиясы
20	Сөздер ұйқасын тап	1	Пікірталас «Балдырған» журналы
21	5 жолды өлең құрастыру	1	Автор орындығы
22	Мен өскенде кім болам?	2	Әңгіме. Шығар. жұмыс Балалар әдебиеті
23	Мазмұндама жазу	1	Ана тілі хрестоматиясы
24	Абай өлеңдері.	1	Мәнерлеп оқу Балалар әдебиеті. Ана тілі хрестоматиясы
25	Мәнерлеп оқу сайысы	1	Дөңгелек үстел
26	Жылдың төрт мезгілі	1	Әңгіме. Шығар. жұмыс Суреттер Ана тілі хрест
27	Төрт түлік толы даламыз	2	Балалар әдебиеті
28	Өнегелі ұлан болып өсеміз	2	Әңгіме. Шығар. жұмыс «Балдырған» журналы
29	Үлкенге құрмет-кішіге міндет	1	Суреттер

			Ана тілі хрест
30	Диалог құрастыру «Оқымысты бала	1	Автор орындығы

«Жас эколог» үйірмесі

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт – дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен ат салысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бағдарламаны жүзеге асыру ауқымды экологиялық жұмыстарды жүргізуді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандар, өзен – көлдердің экологиялық жағдайы туралы мәліметтермен танысуды талап етеді. «Жасыл мектеп» жобасы негізінде құрылған «Жас эколог» үйірмесінің бағыттары оқушылардың табиғатқа деген жанашырлықпен құрылған.

Үйірме 2 сағаттан аптасына 2 рет (аптасына 4 сағат, айына 16 сағат, жылға 144сағат) 14-16 жастағы балалар үшін өткізіледі.

« Жас эколог » үйірме сабақтары кезінде оқушылардың білімге деген құштарлығымен бірге осы экологиялық оқу тәрбие барысында қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншіліктері мен білімдерін қатар қалыптастыра алады. Үйірме жұмысының ерекшелігі табиғатты сүйіп қана қоймай, оны қорғауға баулу. Табиғатты қорғау қарапайым істерден басталады. Бөлме өсімдіктерін күту, оны өсіру мектеп ауласына гүл, ағаш отырғызу, оны жұлмау, сындырмау, мектеп ауласында құрылған «Жылыжайды» күтіп –баптау, жергілікті жердегі өзен –көлдердің экологиялық жағдайы, өсімдіктер, жануарлар әлемімен танысу, фенологиялық бақылау, зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған авторлық бағдарлама болып саналады.

Тиімділігі: бағдарлама әр оқушының жас ерекшелігі мен икемділігін ескере отырып, өздерінің қызығушылық танытқан жұмыс нысандарымен айналысуға мүмкіндік алады.

Жаналығы: Жұмыс барысында оқушылар адамның іс-әрекетіне баға беру және адам денсаулығын сақтау, жергілікті жердің экологиялық жағдайын анықтау фенологиялық бақылау, гидрологиялық, марфологиялық, гидрометриялық зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы жоба жұмыстарын жасауға үйренеді.

Мақсаты:

Экология ғылымының зерттеу объектісі - адам мен қоршаған орта арасындағы қарым - қатынастарды, табиғи тепе - теңдіктің бұзылуын, табиғи қорлардың сарқылуын, олардың себеп - салдарын анықтау. Ең бастысы, биосфера тіршілігінің тұрақтылығын сақтау үшін « адам - қоғам - табиғат » арасындағы үйлесімділікті , ізгілікті, біртұтастықты үйлестіру болып табылады. Ол үшін адамзаттың санасына, ой - өрісіне, танымдық көзқарасына - қоршаған орта мен қоғам және болашақ ұрпақтары үшін қажеттілікті сезіндіру керек, яғни табиғатқа деген тұрпайы түсініктен арыла отырып, экологиялық білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

табиғи қорларды тиімді пайдалану мен қорғауда жеке адамның жауапкершілігін күшейту;

қоршаған орта мен адамзат арасындағы үйлесімділікті сәйкестендіру;

антропогендік өзгерістер мен қоршаған ортаның ластануына жол бермеу;

экологиялық жағдайларға мән беру және экологиялық проблемалар-ды

шешу жолдарын іздестіру;

адамның іс - әрекетіне баға беру және адам денсаулығын сақтау;

экологиялық білім, әдеп, сана мен мәдениетті қалыптастыру.

«Жас эколог» үйірмесі

5-7 сыныптар

Үйірме жетекшісі: Кенжеева Жанат



р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	Кіріспе	2	
1-1	Кітапханаға саяхат (қажетті әдістемелік нұсқаулар, экологиялық газет - журналдармен танысу). Техникалық қауіпсіздік ережелері	1-2	15.09
2	Экология ғылымы туралы түсінік	6	
2-1	Экология ғылымына кіріспе, мақсаты мен міндеттері	3-4	16.09
2-2	Экология ғылымының қалыптасу кезеңі мен құрылымы	5-6	22.09
2-3	Экология ғылымының қалыптасуына қазақстандық ғалымдардың қосқан үлесі	7-8	23.09
3	Жергілікті жердегі топырақта өмір сүретін тірі организмдерді зерттеу		
3-1	Литосфера құрылымы, тіршілік үшін маңызы	9-10	29.09
3-2	Жер бетінің бүліну себептері мен зардаптары	11-12	30.09
3-3	Топырақты қорғау шаралары	13-14	06.10
3-4	Экскурсия « Жергілікті жердегі кіші әзеннің жағасына барып, су жағасын-дағы топырақ, су кәлемін зерттеу »	15-18	07.10
3-5	Топыраққа жалпы сипаттама	19-20	14.10
3-6	Сарамандық жұмыс №1 Таза ауа мен ластанған ауаның сапасы мен құрамын ,таза су мен тұрмыстық суларды салыстыра отырып, кесте құрастыру. Пайдаланатын судың сапасы туралы түсініктеме беру.	21-22	20.10
3-7	Сарамандық жұмыс №2 Топырақ түзуші және топырақ түзудің себептері. Топырақтың уақытқа байланысты өзгеруі.	23-24	21.10
3-8	Топырақ кесіндісі. Топырақтың табиғат құбылыстарының әсерінен өзгеруі.	25-26	27.10

3-9	Сарамандық жұмыс №3 Негізгі топырақ. Жергілікті жердегі топырақтың түрлері.	27-28	28.10
3-10	Топырақтың сипаттамасы және оның ылғалдығы	29-30	03.11
3-11	Сарамандық жұмыс №4 Топырақтың механикалық құрамын анықтау	31-32	04.11
3-12	Сарамандық жұмыс №5 Топырақтың ылғалдылығын анықтау	33-34	10.11
3-13	Сарамандық жұмыс №6 Жергілікті жердегі құрлық, су экожүйелерін және паразитті тіршілік ететін ағзалардың әкілдерін анықтап, кесте толтыру	35-36	11.11
4	Гидрологиялық зерттеу	20	
4-1	Судың биосферадағы рөлі, табиғаттағы айналымы	37-38	17.11
4-2	Жергілікті жердегі су қоймалары	39-40	18.11
4-3	Экскурсия «Теплое көліндегі өсімдіктер және жануарлар әлемін зерттеу»	41-44	24.11
4-4	Сарамандық жұмыс №7 Су қоймаларындағы судың химиялық және биологиялық құрамын анықтау	45-46	30.11
4-5	« Су– тіршілік кәзі» тәрбиелік шара	47-48	02.12
4-6	Сарамандық жұмыс №8 Судың химиялық құрамын, t – сын, рН- ын, қышқылдылығын зерттеу.	49-50	08.12
4-7	Сарамандық жұмыс №9 Зерттелінген аймақтың топографиялық картасын жасау	51-52	09.12
4-8	Экскурсия « Жергілікті жердегі судың ластануын, себептері мен сақтау жолдарын анықтау	53-56	15.12
5	Қоршаған ортаның адам денсаулығына әсері	34	

5-1	Қоршаған ортаның физикалық факторының адам денсаулығына әсері	57-58	22.12
5-2	Адам ағзасына қоршаған ортаның химиялық және биологиялық факторларының адам денсаулығына әсері	59-60	23.12
5-3	Сарамандық жұмыс №10 БҚО - ның экологиялық мәселелері және тұрғындардың денсаулық жағдайы	61-62	29.12
5-4	Адам ағзасына физикалық факторлардың әсері	63-64	30.12
5-5	Адамдардың науқастануының өсуі мен тағамдар сапасының өзара байланысы	65-66	05.01
5-6	Дұрыс тамақтануды қалыптастыру дағдылары	67-68	06.01
5-7	Сарамандық жұмыс №11 Азық – түлік сапасы, Дәрумендер	69-70	12.01
5-8	Экологиялық таза өнім, Кәкөністер сапасы	71-72	13.01
5-9	Ауру түрлері. Анемия	73-74	19.01
5-10	Қатерлі ісік аурулары, зардаптары	75-76	20.0 1
5-11	Сарамандық жұмыс №12 Ауыз су сапасы мен оның тапшылығы	77-78	26.01
5-12	Жұқпалы аурулар. Тұмау	79-80	27.0 1
5-13	Қоршаған ортадағы ауыр металдардың адам ағзасына әсері	81-82	02.02
5-14	Сарамандық жұмыс №13 Азық – түліктегі пестицидтердің қалдық мөлшері	83-84	03.0 2
5-15	Сарамандық жұмыс №14 «Біз қандай азықпен қоректенеміз?»	85-86	09.02
5-16	Конференция « Экологиялық жағдайлардың өзгеруіне байланысты адамдардың денсаулығы»	87-90	10.02

6	Жануарлар экологиясы	14	
6-1	Жануарлар экологиясы	91-92	17.0 2
6-2	Адам іс – әрекетінің жануарлар дүниесіне тікелей және жанама әсері	93-94	23.0 2
6-3	Сарамандық жұмыс №15 Жергілікті жердегі сирек кездесетін аң – құстармен танысу	95-96	24.0 2
6-4	Биосфера туралы түсінік	97	02.03
6-5	Тірі организмдер және тіршілік	98 99-100	03.03
6-6	Организмдердің тіршілік ортасы және экологиясы	101-102	09.03
6-7	Сарамандық жұмыс №16 Қоршаған ортаны ластайтын заттар	103-104	10.03
7	Зерттеліп отырған аймақтың экологиялық жүйесі	12	
7-1	Қазақстандағы экологиялық апат аймақтары	105-106	16.03
7-2	Адамның тіршілік жағдайларын өзгертуі	107-108	17.03
7-3	Экскурсия « Облыстық, «Табиғат және экология» мұражайына саяхат »	109-112	23.03
7-4	Ғылыми конференция: « Зерттелген аймақтың қазіргі экологиялық жағдайына адамның тигізетін әсері»	113-116	30.03
8	Өсімдіктер экологиясы	20	
8-1	Өсімдіктердің көптүрлілігі, бір және көпжылдық өсімдіктер	117-118	06.04
8-2	Экскурсия Жергілікті жердегі кездесетін өсімдіктермен танысу	119-122	07.04
8-3	Дәрілік өсімдіктер	123-124	14.04
8-4	Сарамандық жұмыс №17 Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктер	125-126	20.04

8-5	Орман мен әсімдіктерді қорғау жолдары	127-128	21.04
8-6	Экскурсия « Зерттеліп жатырған аймақтағы өзен жағалауындағы орман алқаптарымен танысу»	129-132	27.04
8-7	Сарамаңдық жұмыс №18 « Өсімдіктердің кеппешөбін дайындау»	133-136	04.05
8-8	Далалық практика	137-144	11.05





«Ғасыр алыптары» дебат үйірмесі
5-9 сыныптар
Үйірме жетекшісі: Сейдалиева Лаура

Жалпы ережелер

Ойыншылардың арасында аймақтық пікірсайыс (дебат) турнирін (бұдан әрі- Турнир) өткізу ережелері турнирдің мақсатын, міндеттерін өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

Турнирдің мақсаты ойыншылардың бойында азаматтық ұстанымды, өзінің және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру, елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жариялы талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.

Турнирдің міндеттері: жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында академиялық білім деңгейін көтеру, шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктерін дамыту; қазақстандық қоғамда орын алған өзекті мәселелі жағдайларды талдау мен көпшілік алдында талқылау арқылы білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау дағдыларын, өз көзқарастарын, нақты мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін табу, дәлелдеме жасау өнерін қалыптастыру, парламенттік мәдениет элементтерін дамыту;



**«Ғасыр алыптары» үйірмесінің жоспары
5-9 сынып оқушылары
Үйірме жетекшісі Сейдалиева Лаура**

№	Тақырыбы	Мазмұны, теориялық бөлімі	Түрі	Мерзімі
1	Мектеп оқушылары арасында сауалнама жүргізу, қатысушыларды анықтау	Дебат туралы ақпарат беру	Сауалнама жүргізу	Қыркүйек
2	«Ғасыр алыптары» дебат клубының жұмыс жоспарын дайындап, бекіту	Жылдық жұмыс жоспарын жасау	Жоспар дайындау	Қыркүйек
3	«Трехъязычие в Казахстане»	Үштілділікті игеру мақсатында	Дебат сайысы	Қазан
4	«КӨЗҚАРАС»	«Жаңа достық, жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашақ» атты мектепшілік пікірсайыс ойыны	Пікірсайыс	Қазан
5	«КІМ ЖҮЙРІК ОЙҒА, СОЛ АЛДА...»	Жаңа құрамның сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамытып, өз көзқарастарын қалыптастырып, машықтандыру мақсатында	Мектепшілік пікірсайыс	Қазан
6	«ЛОГИКА» ойыны	Жас пікірсайысшыларға арналған	Дөңгелек үстел	Қараша

7	Интернет кітапты алмастыра аламыз?	Қалалық, облыстық дебат клуб жетекшілермен кездесу ұйымдастыру	Дөңгелек үстел	Қараша
8	Зорлық зомбылық және қатыгездік	«Ғасыр алыптары»	Жиын	Желтоқсан
9	Мен және менің құқықтарым мен міндеттерім	Туындыларды талқылау. Оқушылар оқып жатқан кітаптарын ортаға талқыға салады.	Кездесу кеші	Желтоқсан
10	Бабалар аманаты - Тәуелсіздік	Тәжірибе алмасып жұмыс жасау. Үнемі	Практикалық жұмыс	Қаңтар
11	Жаңа әлемдегі жастар келбеті	Тәжірибе алмасып жұмыс жасау. Жоспар	Практикалық жұмыс	Қаңтар
12	Асылдың бірі - адалдық	Мектепшілік пікірсайыс	Пікірсайыс	Қаңтар
13	“Teachers’ Debat Cup-2023”	Мұғалімдер арасында мектепшілік ,аймақтық	Пікірсайыс	Ақпан
14	Алаш қозғалысы және қазіргі қоғам	Негізгі ережелер мен элементтерімен таныстыру	Пікірталас	Ақпан
15	«Кітап оқып Лидер бол!» тақырыбында «Лапин оқушылары оқуға тиісті 7 кітап» мектепшілік байқау	сөз саптауларын дамыту мақсатында ұйымдастырылған байқау	Шеберлік сабақ	Ақпан
16	50 табысты идея	Тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	Пікірсайыс	Ақпан
17	көшбасшы	Пікірсайысшылар ой қозғалыстарын дамыту	Кино мәлімет	Ақпан
18	Танымдық сабақ	Оқушыларды мәдениеттілікке тәрбиелеу	Турнир	Наурыз
19	жүргенов		Байқау	Наурыз
20	Болашақ дебат ойыншылар	Жеке форматта сұхбат	Сұхбат	Наурыз
21	Тұлғаның қалыптасуы	Тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	Ашық алаң	Наурыз
22	Современной досуг	Тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	Дөңгелеу үстел	Наурыз
23	“Қызылорда Debat Cup-2023”	Қалалық әкім кубогы үшін	Пікірталас	Сәуір
24	Алаштың ақ жолы	Халық еңбектерін парақтау, түртіп алу	Пікірсайыс	Сәуір
25	Табысты адамдар – табысты ел	Жаңа есімді жеңімпаз адамдармен кездесу	Кездесу кеші	Сәуір
26	«Дәстүр:кеше,бүгін,ертең»	Туындыларды бақылау	Кездесу кеші	Сәуір
27	Қалалық,аймақтық дебат турнирлеріне қатысу	Тәжірибе алмасу мақсатында	Практикалық жұмыс	Сәуір
28	«Баспасөз – өмір айнасы» тақырыбында журналисттермен кездесу	Баспасөз қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру	Сыр-сұхбат	Мамыр
29	Сахна, трибуна мәдениеті	Пікірсайысшыларды жан-жақты тәрбиелеу	Ашық алаң	Мамыр
30	«Сөз өнері – қазына» интеллектуалды сайыс	XXI ғасыр көшбасшысын ұйымдастыру	Интеллектуалды сайыс	Мамыр

31	9-10 сыныптар аралығында «Ұшқыр ой алаңы» дебат турнирі	Өз көзқарасын қалыптастыруға машықтандыру	Дебат турнирі	Мамыр
32	«Сөз – дария, сөз – ғұмыр, сөз - қасиет» қазыналы қарттармен кездесу	Қарттарын қадірлеген ел ардақты. Қазыналы қарттарымызбен жүздесу	Кездесу	Мамыр
33	«Жастары белсенді елдің – ертеңі жарқын»	Тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	семинар-тренинг	Мамыр
34	Театр сахнасындағы актерлердің сөз саптауын қатерге алып жұмыстану	Белгілі бір факторларды зерттеуге тәрбиелеу	Дебат турнирі	Мамыр

«Лапин-шоу» театр үйірмесі

Мақсаты:

- оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру;
- оқырмандық, көрермендік талғамды қалыптастыру;
- ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

Міндеті:

- әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән – мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу;
- көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту;
- жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру;
- актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.

Жанашылдығы:

- бағдарламада театрлық-ойын әрекетінің құралдары жүйеленген, балалар шығармашылығының түрлі жанрлары театрлық көрініске ену арқылы іске асуына негізделген.

Кіріспе

Оқушылардың тілі мен ойлау қабілетін қалай дамытуға болады? Сөздің сырын түсінуге қалай үйрету керек? Әлемді тануға, елгезектік пен қайырымдылық, біреудің қайғысына ортақтаса білу мен барлық тіршілік иесін жақсы көруге қалай үйрету керек?

Эмоционалдық ұялшақтықтан, қысылып-қымтырылудан арылу мен сөзді, образды сезіне білу мен кейіпкерге ене білуді үйренудің ең дұрыс жолы - бұл ойын қиялдау мен құрастыра білу. Мұның барлығын да театрландырылған үйірме бере алады. Аталмыш бағдарламада балалар театры тек қана көркемдік нәтижеге жету құралы , яғни спектакль қою ретінде ғана қарастырылмайды. Сонымен қатар, театр өнерімен шұғылдану оқушылардың ойлау қабілеті мен таным қызығушылығын белсендіруі, қиялы мен елесін оятуы, ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын оятуы өте маңызды.

Үйірме - оқушылардың іс- әрекетінің сабақтан гөрі басқа бір түрі. Оқушы дайын сабақты алумен шектелмейді, ол сондай-ақ, оны жасайды, өзі құрастырады. Үйірмеде балалар назары мәселені өздері қоюға, ойлану мен жетекші көрсетіп берген бағытта өздік жұмыстарын дамытуға , таным қабілеттерін дамытуға бағытталады. Олар тапсырманы орындауда жеке, ұжымдық жұмыстарды жасай отырып, қажетті құралдар мен әдіс-тәсілдерді өздері таңдайды.

Сенімділік, оқушылар мен жетекшінің біріккен қызметі, дидактикалық материалмен бірігіп жұмыс жасау, өнердің басқа түрлерімен байланыс, бәрі- оқушының жеке тұлғасының дамуына әсер етеді.

**«Лапин - шоу» мектеп театр үйірмесі
Түсінік хат**

Үйірме – бұл мұғалімнің оқушылармен әріптестік қатынаста және нәтижеге қол жеткізуі үшін жұмыс жасауына арналған. Бұл технология қатысушыларды ізденімпаздыққа, таным мен

өзін-өзі тануға бағытталған. Үйірменің өз жұмыс мақсаты мен міндеттері бар. Сезіну, елестету, көру, тапсырманы орындау, содан соң ізденімпаздықты ұйымдастыру – жетекшінің тілеген әрекеттері міне, осылар. Оқушының үйірмеге ұмтылысын күшейтетін нәрселер – өз идеяларын ұсыну, жарнамалау, өз жұмысының нәтижесін көру. Үйірме жұмысы үнемі өз жұмысын талдаумен, өз әсерімен бөлісумен аяқталып отырады. Үйірме жұмысы бірнеше бөлімдерден құралған бағдарламадан тұрады. «Сөйлеу мәдениеті мен техникасы» бөлімінде тыныс алу, сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс жасауына бағытталған жаттығулар мен ойындар жүргізіледі. Сондай-ақ, нақты мәнер мен ойлау, орфоэпиялық заңдылықтар түсіндіріледі. Бөлімге байланыс қабілетін дамытатын, қысқаша пьеса, поэма мен әңгімелер құрауға үйренетін, қарапайым іс-әрекеттерді таңдай білетін сөздік ойындар енгізілген.

Келесі «Сымбат пен мүсін икемділігі» бөлімінде баланың қозғалыс қабілеттерін, дене әрекетінің әдемі қимыл қозғалысын, оқу күшін жеңілдетуге бағытталған дамыту ойындары мен жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

«Театральдық ойын» бөлімінде оқушының тек қана кәсіби шеберлігін дамыту қарастырылмайды, сондай-ақ, ойын әрекетіндегі эстетикалық сезімін дамыту, құрдастары мен үлкендер түрлі жағдаяттар арасында өзін дұрыс ұстай білу тәртібі үйретіледі. .

«Әдеп пен мәдениет» бөлімінде оқушылардың өмірдің мәні мен құндылықтарын түсіну, жалпы адамзаттық бағалы қасиеттерді ұғыну, сөйлесу мәдениеті мен өзін ұстай білу әдебін, эстетикалық мәдениетті (талғамы бар оқырман, көрермен бола білуге) білу үйретіледі.

Күтілетін нәтижелер:

Оқу жылының аяғына қарай оқушы:

Біледі: Театр деген не?

Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді Театр неден пайда болды?

Театрдың қандай түрлері бар? (Қуыршақ, драмалық, опера, балет, музыкалық комедиялар, халықтық)

Театр қойылымдарын (спектакльдерді) кімдер жасайды?

Түсінігі болады:

Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде

Сахнаның безендірілуі жөнінде

Сахна мен көрермен залында өзін – өзі ұстау ережелі туралы

Үйренеді:

Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді. Бейнелі ойлауды. Назарын аудару білуді. Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

Таланттарын үстемелейді:

Кейіпкермен (сыныптастармен) сөйлесу

Қарапайым актер шеберлігі

Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау

Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету

Ұжыммен жұмыс

Сондай-ақ, артық ұялшақтықтан, қоғамнан қорқудан, «сыртқы көзқарастан» қысылудан арылады, тіл табысқыштық, ашықтық, қоршаған ортаға қамқорлық, ұжым алдындағы жауапкершілік қасиеттерін алады.



**«Лапин - шоу» мектеп театр үйірмесі
1 – 10 сынып оқушылары
Үйірме жетекшісі Сейдалиева Лаура**

№	Тақырыбы	Мазмұны	Түрі	Мерзімі
1	Жаңа оқу жылына жаңа серпіліспен	Тамыз кеңесі	Жиын	Қыркүйек
2	Үйірмеге қатысушылардың тізімін жаңалау	Театр құрамына жаңа оқушы қосу	Сахналық этюд	Қыркүйек
3	Қызыл телпек	Үштілділікті игеру мақсатында	Қойылым	Қыркүйек
4	Театр және біз...	Қалалық, облыстық байқауларға қатысу	Жарыс	Қыркүйек
5	«Бауырсақ» ертегісі	Бастауыш сынып оқушылары	Сахналық қойылым	Қазан
6	«Театр әлеміне саяхат»	Жас әртістердің жаңа қырларынан тану	Сыр сұхбат	Қазан
7	Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым - Қожа»	Оқушылардың театр туралы танымдарын кеңейту, шығармашылық ізденіске бағыттау	Сахналық қойылым	Қазан
8	Қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері, ақылды айлакер, зерделі қу – «Алдар көсе ертегісі»	Театр оқушыларының қойылымы	Сахналық қойылым	Қазан
9	Қазақстан киносының шедеврi, «Тақиялы періште»	Ән – әуез және көпiйiк бiлiм кафедрасы	Сахналық қойылым	Қазан
10	А.С.Пушкин – «Сказка о рыбаке и рыбке»	Үштілділікті дамыту негізінде	Сахналық қойылым	Қараша

11	«Ромео и Джульетта» пьеса	Театр оқушыларының үштілділікке баулу мақсатында	Сахналық қойылым	Қараша
12	«Дала ділмарлары» қазыбек бидің шешендік сөздері	Театр оқушылараның қойылымы	Сахналық қойылым	Қараша
13	«Жақының болсын мұғалім...»	Облыстық семинар Театр оқушыларының шеберлік сағаттары	Сахналық шеберлік	Қараша
14	Аққулар ұйықтағанда	МИФ кафедрасы	Сахналық қойылым	Желтоқсан
15	Театр тынысы	Театр оқушылары мен театр майталмандары арасындағы байланыс	Шебер сабақ	Желтоқсан
16	Театр – өмір айнасы	Театр оқушыларымен тренинг	Тренинг	Қаңтар
17	«Жеті лақ» ертегісі	Бастауыш сынып оқушылары	Сахналық қойылым	Қаңтар
18	Мейірімділік – асыл қасиет	Ерекше балаларға арналған	Қойылым қою	Қаңтар
19	Театры бар мектеп	Мектеп театры БАҚ беттерінде	Мақала	Ақпан
20	Fantasy kard	Мектеп театры оқушыларына театрлық көрсетілім көрсету	Спектакль көру	Ақпан
21	Сиқырлы ертегілердің ғажайып келбеті	Ертегілер әлемі	Ертегі оқу	Ақпан
22	Шалғам және бауырсақ ертегісі	Оқушылардың тілдік қорларын көтеру	Көлеңке театры	Ақпан
23	Кешір мені АНА	Театр оқушыларының жұмысы	Сахналық қойылым	Наурыз
24	Наурыз шаттық мекені	Мерекелік шара	Сахналық қойылымдар	Наурыз
25	Халықаралық қуыршақ күні	Оқушылардың театр туралы танымдарын кеңейту, шығармашылық ізденіске бағыттау	Рухани демалыс	Наурыз
26	World Theatre Day	Оқушылардың театр туралы танымдарын кеңейту, шығармашылық ізденіске бағыттау	Экскурсия	Наурыз
27	Алтын сақа	Театр оқушыларымен театр майталмандарымен пікірталмасуы	Танымдық сабақ	Сәуір

28	Мұрат үшін майдан	Танымдық сабақ	Арнайы қойылым	Сәуір
29	Мен болашақ актермін	Оқушылар театр мүшелерінің бір бірімен қарым қатынастарын нығайту	Эссе	Сәуір
30	Теремок	Үштілділікті қолдау мақсатында	Қойылым	Сәуір
31	Интернат наны	Шерхан мұртаза шығармасы бойынша қалалық шара	Жарыс	Мамыр
32	Нарком жүргенов	Қалалық жарыс	Қойылым	Мамыр
33	Ұр Тоқпақ	Бастауыш сынып оқушылары үшін	Қойылым	Мамыр
34	Есеп беру	Жыл бойы жұмыстарына шолу	Есеп беру	Мамыр

Мектебімізде математика пәні бойынша «ПИФАГОР» үйірмесі жұмыс жасайды

Оқушылардың пәнге деген көзқарасы әр түрлі факторлармен жеке басымен және пәннің ерекшеліктерімен қатар оқыту әдісімен анықталады. Олардың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, пәнге деген ынтасын арттыру мақсатында үйірме жұмысын ұйымдастырып жүргізудің маңызы зор. Көпшілік оқушылардың үйірме мүшелерінің математика пәніне қызығу-шылығының артуы оны оқыту әдісінде үйірме жұмысының қаншалықты дұрыс ұйымдастыра білсе, оның білім берерлік және тәрбиелік мәні өте зор. Ол жұмыстар оқушылардың практикалық дағдысын дамытып, шығармашылық қабілетін арттырады. Сондықтан дарынды оқушылармен үйірме жұмысын жүйелі жүргізіп отырған жөн. Үйірме жұмысында оқушылардың математика тарихынан алынған мағлұматтармен және көрнекті математиктердің өмірбаянымен, ғылыми еңбектерімен таныстыру мұғалімнің сыныптан тыс жұмыстарын да жандырады. Сондай-ақ оқушылардың ой-өрісін дамытатын логикалық есептер шығаруға, қалжың есептерді талдауға, викториналық сұрақтарға, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын математикалық сандық ребустарға, қызықты есептерге, сиқырлы квадраттар, оларды шешуге және шырпымен құрастырылған есептерді шығаруға, танымдық есептерге, қиынырақ есептерге уақыттың бөлінгені дұрыс. Үйірме оқушылардың математиканы қызыға оқуына, терең тиянақты білім алуына, ғылымның келелі мәселелерін пайымдауға жол ашады.

Үйірме жұмысының мақсаты:

Дарынды, қабілетті, ынталы оқушылардың арасында математикалық ойдың дәрежесін арттыра түсу, теориялық білімді тереңдету, математикаға бейімі, қызығушылығы бар оқушылардың практикалық дағдысын дамыту, шығармашылық қабілеттерін тереңдету, ғылым жолына бағыт-бағдар беру.


Міндеті:

1. Математика пәніне қызығушылығын арттыру.
2. Математикадан және информатикадан қосымша білім беру.
3. Олимпиадалық есептерді шығаруда әдіс-тәсілдерін меңгерту.
4. Ақпарат көздерімен: ғылыми әдебиеттермен, интернеттен ақпарат іздеу жұмыстарын жүргізуге үйрету.

5.Шығармашылық, ғылыми-ізденушілік жұмыстарына баулу.

6.Кәсіптік мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру.

Үйірмеге барлығы 25 оқушы қатысып, пән бойынша алған білімдерін әрі қарай жетілдіріп, математикалық олимпиададан жетістіктерге жетуге шыңдалуда.



Үйірме жұмысының жоспары
1-9 сынып оқушылары
Үйірме жетекшісі Сүлейменова Салтанат

№	Тақырыптың мазмұны	Сағаты	Мерзімі
1	Адамның алғашқы санау тәсілдері.	1	
2	Адамның санды алғашқы жазу тәсілдері. Сиқырлы квадраттар.	1	
3	Ежелгі үнді математиктерінің қызықты тапсырмалары	1	
4	Адамның алғашқы өлшеу тәсілдері. Танграм –қытай басқатырғысы.	1	
5	Санау жүйесі. Арифметиканың пайда болуы. Математикалық ребустар.	1	
6	Жазба нумерациясының пайда болуы.	1	
7	Шырпымен ойындар. Математикалық фокус. Ойлаған санды табу.	1	
8	Логикалық есептер шығару.	1	
9	Қазақ халқының ауызша есептері.	1	

«Қызықты география» үйірмесі

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Бала үшін «ойын – өмір сүрудің белсенді формасы, сол арқылы көп, өзі үшін жаңа бір дүниелерді анықтайды. География сабағындағы ойындар баланың таным процестерін және тілін дамытады. Ойын әрекеті – бала қылығын ережеге бағындырады, керексіз амалдарды тоқтатып, кедергіні ығыстыруға үйренеді,


эмоциялық күйі және көңілі көтеріңкі болады. Ойын арқылы баланың сана-сезімі, еркі, өзін-өзі бақылауын арттыру. География пәнінен әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушыға жан-жақты білім беру, сол білімін өмірде қолдана білуге үйрету.

Факультатив мақсаты:

Оқушыларды ұйымшылдыққа, достыққа, тез ойлап, шешім қабылдауға, бір-біріне көмектесуге, жарыс барысында белсенділік көрсетуге, жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік жасау арқылы тәрбиелеу, география пәніне қызығушылығын арттыру, көшбасшылық қасиеттерін дамыту, география пәнінен олимпиадалық есептер шығара білуге дағдыландыру.

Факультатив міндеттері:

Әр сабақта ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы оқушылардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген қызығушылығын арттыру. Оқушыларға ойын элементтерін пайдалана отырып, география ғылымы жайында терең мағлұмат беру, әр түрлі ойын элементтерін пайдалану, термин сөздермен жұмыс жасау, географияның тілі – картамен көбірек жұмыс жасап, шартты белгілердің атқаратын қызметін білу. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен ізденімпаздылығын, ойлау қабілеттерін дамыту негізінде шығармашылық қабілеттері мен топта жұмыс жасау дағдыларын дамыту арқылы сыни көзқарастарын дамыту.



«Қызықты география» үйірмесі

5-7 сынып оқушылары

Үйірме жетекшісі Қайыпбаева Ақанай

Оқу-әдістемелік жоспар

№	Тақырыбы	Сағат	Сабақтың түрлері
1	Кіріспе. Географиямен танысайық!	1	Дөңгелек үстел, ойындар
2	Жер ғаламшары	1	Қолөнер жұмыстары, сурет салу
3	Номенклатура	1	Картамен жұмыс
4	“Жорға жарысы”	1	Сайыс сабақ
5	Материктер әлемі	1	Материктер туралы мультфильм көрсету. Картамен жұмыс
6	“Мақал-мәтел жарысы”	1	Жарыс сабақ
7	Әлемге әйгілі қалалар	1	Саяхат, аралас
8	Елдер мен астаналар	1	Ойын сабақ, картамен жұмыс
9	Жануарлар әлемі	1	Мультфильм көрсету, картамен жұмыс

10	Бізді қоршаған ауа	1	Топсеруен
11	“Мен өзенмін танымдық ойыны”	1	Ойын сабақ
12	“Бәйге жылдамдық ойыны”	1	Ойын сабақ
13	“Жас зерттеуші ойыны”	1	Табиғатта серуендеу
14	“Полиглот ойыны”	1	Ойын сабақ
15	“XXI ғасыр көшбасшысы”	1	Жарыс сабақ
16	Саяхатшылар	1	Мұражайға бару
17	Қорытынды	1	Көкке шығу

«Қолөнер» үйірмесі

Мақсаты:


Балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

Міндеті:

Оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу. Шәкіттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету. Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру. Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу.

Күтілетін нәтиже.

Қолөнер үйірмесі сабағының негізгі бағыты үйрету, оқыту, игерту болып табылады. Әр сабақта оқушы қолөнер бұйымдар жасаумен қатар, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді. Сонымен бірге оқушы салт –дәстүріміздегі қолөнеріміздің адам айтқысыз қымбат, замандар бойы тарих жасап қалдырған асыл мұра екендігін жете түсіне білуі керек. Қолөнер үйірмесінде халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең қолөнерін жасап үйренеді. Еңбек арқылы баланың ерік күші шыңдалып, ойлау қабілеті кеңейетінін нақтылай түседі



«Қолөнер» үйірмесінің жылдық жоспары.
5-7 сынып оқушылары
Үйірме жетекшісі Мукеева Гүлзат

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	Табиғат әлеміне экскурсия. Қауіпсіздік ережесімен таныстыру.	1	
2	Табиғи материалмен жұмыс. «Көжек» аппликациясын жасау	1	
3	Өсімдіктерден аппликация жасау.	1	
4	Қағаз және қатырғы қағазбен жұмыс.Бүктеу, қию тәсілдері	1	
5	Қатырма қағаздан қозғалмалы ойыншықтар жасау.	1	
6	Қатырғы қағаздан «Шырша» қорапшасын жасау.	1	
7	Ананас жасау.	1	
8	Жаңажылдық жұлдызша жасау.	1	
9	Қағаз түтікшелерінен әртүрлі заттар құрастыру.	1	
10	Қағаздан себет тоқу.	1	
11	Ұлттық киімдер мен бұйымдар.	1	
12	Жастықша тігу.	1	
13-14	Құрақ құрау.	2	
15	Ұлттық үй жиһазын жасау	1	
16	Әртүрлі материалдармен жұмыс. Пластмасса.	1	
17	Пластикалық заттардан құмыра жасау.	1	
18	Гүл жасау.	1	
19-20	Шығармашылық жұмыс	2	
21	Поролоннан қоян жасау.	1	
22	Асықтан робот жасау.Қауіпсіздік ережесі.	1	
23	Киіз үйді құрастыру.	1	
24	Бисермен жұмыс.	1	
25	Бисермен заттарды әшекейлеу.	1	
26	Фольга туралы түсінік.	1	
27	Фольгадан білезік пен сырға жасау.	1	
28-29	Құттықтау хаттарын жасау. Ашық хат безендіру.	2	
30	Оригами тәсілі арқылы түрлі жануарлар құрастыру.	1	
31	Ою-өрнектер жайлы түсінік.	1	
32	Оюлар ою.Аппликация.	1	
33-34	Көрме ұйымдастыру	2	

Предмет: кружок «Русский язык играючи»

Класс: 5

Смаилова Айзат

Количество часов: 68, в неделю: 2 часа

Пояснительная записка

Школьный курс русского языка ставит своей целью – дать основные сведения по грамматике, фонетике, орфографии и пунктуации, имеющие познавательное и практическое значение. Однако общей характеристики структуры языка (его грамматического строя, основного словарного фонда), истории развития литературного языка школьная программа не даёт. Все эти вопросы можно подробно рассмотреть на занятиях кружка по русскому языку

«Живое слово». Раскрытие закономерностей развития языка, тесной связи его истории с историей развития народа – его создателя, практическое знакомство с богатейшими возможностями языка для выражения самых тонких оттенков чувств и мыслей – всё это пробуждает интерес к русскому языку, желание познать его богатства, способствует повышению успеваемости и воспитанию чувства патриотизма у обучающихся.

Цели:

Привить любовь к великому русскому языку.

Повысить общую языковую культуру.

Развить интерес к языку как учебному предмету.

Тренировать внимание обучающихся и умение логически мыслить.

Развить речь обучающихся.

Задачи:

Расширить, дополнить и углубить языковые знания, умения и навыки, получаемые обучающимися на уроках.

Научить обучающихся самостоятельно работать с книгой и другими пособиями и добиться того, чтобы они полюбили язык и книгу как источник знания.

Развить творческие способности обучающихся.

Программа кружка по русскому языку в 5 классе строится на основе интереса обучающихся, занятия имеют элемент занимательности. Работа кружка строится на основе общедидактических принципов: научности, доступности, систематичности, индивидуального подхода, занимательности развивающего обучения, развития активности и самостоятельности обучающихся, укрепления связи обучения с жизнью. Все занятия строятся тематически: в соответствии с грамматической темой или видом работы. Материал подобран таким образом, что каждое занятие обогащает обучающихся новыми знаниями.

В итоге кружковой работы обучающиеся должны:

- углубить и расширить знания о языке;
- развить смекалку и сообразительность;
- обогатить свою речь фразеологизмами;
- получить дополнительные сведения по лексике и этимологии;
- повысить грамотность.
- развить устную и письменную речь

Программа рассчитана на 34 учебные недели: 2 часа в неделю.

Содержание программы

Культура речи

Введение. Роль языка в жизни человека. Можно ли сломать язык? Азбука важных и вежливых слов. Как правильно употреблять слова. В руках умелых слово творит чудеса. Наш язык богат и могуч. Великие люди о языке.

Фонетика

В мире звуков. Звук и буква. Буквы понятные, потерянные, редкие, когда-то страшные. Игры с буквами, звуками. Игры с буквами и словами. Откроем за буквами русского языка чудо. Секреты одной буквы, логогриф.

Этимология слова

К истокам слова. Почему мы так говорим? «Биография слов».

Занимательная грамматика


Игры со словами: «Слово – образ, слово – ассоциация». «Слово – понятие, слово – творчество». Игры с буквами (королевский квадрат, огородные растения). Игры с буквами и словами: анаграмма, буквенные столбики; распавшиеся слова, слово в слове; верно – не верно. Что бы это значило? Превращения слов.

Лексика

Бывают ли у слов родственники? Сказал то же, да не одно и то же. Тёзки наоборот. О словах одинаковых, но разных. Игры с буквами и словами: угадай синонимы, омофоны, омонимы (буриме). Богатство русского языка (синонимы, антонимы).

Фразеология

Фразеологические обороты. Крылатые слова. Использование фразеологических оборотов не в бровь, а в глаз. Богатство русского языка (фразеологизмы).



**Календарно – тематическое планирование кружка
«Русский язык играючи» для учащихся 5 классов**

№	Группы	Тема занятия	Кол -во час ов	Сроки	Доп.познават. материал	Наглядности
1	1 2	Введение. Роль языка в жизни человека.	1	01.09 03.09	Занимательная орфография	Презентац. слайды
2	1 2	В мире звуков. Звук и буква.	1	02.09 04.09	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Таблица, тесты
3	1 2	Диктант	1	08.09 10.09	Занимательная орфография	Карточки таблицы
4	1 2	Что такое речь. Речь устная и письменная; монологическая и диалогическая	1	09.09 11.09	. Говорите правильно	Электр. учебник
5	1 2	Правила составления диалогов	1	15.09 17.09	Занимательная орфография	Карточки таблицы
6	1 2	Что такое монолог?	1	16.09 18.09	. Говорите правильно	Презентац. слайды
7	1 2	Правильно читаем монолог	1	22.09 24.09	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Карточки таблицы
8	1 2	Повторим орфографию (трудные случаи по текущему планированию)	1	23.09 25.09	. Говорите правильно	Карточки таблицы

9	1 2	Литературная норма. Работа с орфографическим словарём	1	29.09 01.10	По закону буквы	Орфографический словарь
10	1 2	Игры с буквами, звуками.	1	30.09 02.10	По закону буквы	тесты
11	1 2	Игры с буквами и словами.	1	06.10 08.10	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Слайд
12	1 2	Сочинение-миниатюра: «Неспроста слово молвится».	1	07.10 09.10	Занимательная орфография	Презентац. слайды
13	1 2	«Слово – образ, слово – ассоциация». Игры со словами.	2	13.14.10 15.16.10	Занимательная орфография	Карточки таблицы
14	1 2	Работа по картинке. Рассказ по иллюстрации	1	20.10 22.10	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Презентац. слайды
15	1 2	Трудные случаи орфографии и пунктуации (по текущему планированию).	2	21.27.10 23.29.10	Занимательная орфография	Орфографический словарь
16	1 2	Разговорный и литературный язык	1	28.10 30.10	. Говорите правильно	Презентац. слайды
17	1 2	Бывают ли у слов родственники?	1	03.11 12.11	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Карточки таблицы
18	1 2	Родственные и однокоренные слова.	2	17.18.11 13.19.11	Занимательная орфография	Презентац. слайды
19	1 2	Из чего состоит слово? Разбор слов по составу	2	24.25.11 20.26.11	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Карточки таблицы
20	1 2	Литературная норма. Работа с орфоэпическим словарём	1	02.12 27.11	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Презентац. слайды
21	1 2	«Игры в язык и более серьёзные дела».	1	08.12 03.12	. Говорите правильно	Словари
22	1 2	К истокам слова.	1	09.12 04.12	По закону буквы	Орфографический словарь
23	1 2	Пишем изложение	1	15.12 10.12	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Сборник изложений
24	1 2	Можно ли сломать язык?	1	22.12 11.12	Занимательная орфография	Карточки таблицы
25	1 2	Сказал то же, да не одно и то же.	1	23.12 18.12	Занимательная орфография	Презентац. слайды
26	1 2	Составляем рассказ по картинке; обсуждение.	1	29.12 24.12	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	картинки

27	1 2	Тёзки наоборот.	1	29.12 25.12	Занимательная орфография	картинки
28	1 2	Игры со словами. «Слово – понятие, слово – творчество».	1	12.01 14.01	. Говорите правильно	Карточки таблицы
29	1 2	О словах одинаковых, но разных.	1	13.01 15.01	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Презентац. слайды
30	1 2	Зачем нужны словари. Роль словарей в изучении языка.	2	19.20.01 21.22.01	Занимательная орфография	Презентац. слайды
31	1 2	Азбука важных и вежливых слов.	1	26.01 28.01	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Презентац. слайды
32	1 2	Составление диалогов с вежливыми словами	1	27.01 29.01	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Карточки таблицы
33	1 2	Фразеологические обороты.	1	02.02 04.02	. Говорите правильно	Презентац. слайды
34	1 2	Использование фразеологизмов в составлении диалогов	1	03.02 05.02	Словарь фразеологизмов	картинки
35	1 2	Почему мы так говорим?	1	09.02 11.02	Словарь фразеологизмов	Карточки таблицы
36	1 2	Крылатые слова.	1	10.02 12.02	Словарь фразеологизмов	Презентац. слайды
37	1 2	Игры с буквами	1	16.02 18.02	По закону буквы	картинки
38	1 2	«Биография слов».	1	17.02 19.02	Словарь фразеологизмов	Карточки таблицы
39	1 2	Пишем эссе	1	23.02 25.02	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	Презентац. слайды
40	1 2	Использование фразеологических оборотов не в бровь, а в глаз.	1	24.02 26.02	. Говорите правильно	Презентац. слайды
41	1 2	Как правильно употреблять слова.	1	02.03 04.03	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	тесты
42	1 2	Работа по картинке. Рассказ по иллюстрации	1	03.03 05.03	Материалы для внеклас. работы по рус.яз	картинки
43	1 2	Игры с буквами и словами: анаграмма, буквенные столбики.	1	09.03 11.03	По закону буквы	Презентац. слайды
44	1 2	Игры с буквами и словами: распавшиеся слова, слово в слове.	1	10.03 12.03	Занимательная орфография	Орфографический словарь
45	1 2	В руках умелых слово творит чудеса.	1	16.03 18.03	. Говорите правильно	Презентац. слайды

46	1 2	Пишем сочинение Повторение	2	17.03 18.03	Материалы для внеклас.работы по рус.яз	Презентац. слайды
47	1 2	Откроем за буквами русского языка чудо.	1	06.04 19.04	Материалы для внеклас.работы по рус.яз	картинки
48	1 2	Игры с буквами и словами: верно – не верно.	1	07.04 01.04	Материалы для внеклас.работы по рус.яз	Карточки таблицы
49	1 2	Игры с буквами и словами: угадай синонимы, омофоны, омонимы	2	13.14.04 02.08.04	По закону буквы	тесты
50	1 2	Почему мы так говорим?	1	20.04 09.04	. Говорите правильно	Карточки таблицы
51	1 2	Литературная норма. Работа с толковым словарём Ожегова	1	21.04 15.04	Материалы для внеклас.работы по рус.яз	Презентац. слайды
52	1 2	Богатство русского языка (фразеологизмы).	1	27.04 16.04	Словарь фразеологизмов	Презентац. слайды
53	1 2	Богатство русского языка (синонимы, антонимы).	2	28.04.05 22.23.04	По закону буквы	Презентац. слайды
54	1 2	Что бы это значило? Секреты одной буквы, логогриф.	1	05.05 29.04	Словарь фразеологизмов	Карточки таблицы
55	1 2	Превращения слов.	1	11.05 30.04	По закону буквы	Презентац. слайды
56	1 2	Тестирование	1	12.05 06.05	Словарь фразеологизмов	тесты
57	1 2	Русский язык богат и могуч. Великие люди о языке.	1	18.05 13.05	Словарь фразеологизмов	Карточки таблицы
58	1 2	Справочный отдел.	1	19.05 20.05	. Говорите правильно	тесты
59	1 2	Итоговое занятие. Повторение	2	25.05 21.05	Материалы для внеклас.работы по рус.яз	тесты

Итого: 68 часов

«Бабалар аманаты» үйірмесінің күнтізбелік жоспары

Барлығы – 34сағат, аптасына – 1сағат

5-11 сынып оқушылары

Үйірме жетекшісі Мықтыбаев Айбек

Түсінік хат.

Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихын оқыту ерекше маңызды. Өйткені кез-келген мемлекеттің азаматы өз елінің, мемлекеттің, сол мемлекетті мекендеп отырған халықтардың тарихын білуге құштар. Тоталитарлық тәртіп кезіндегі моноидеологияның күйреуі және дүниетанымдық көзқарастағы өзгерістер тарихи түсініктерге жаңа бағыттар алып келуде. Төл тарихымыз қайта жазылып, қасиетті Қазақ елінің тарихы өз халқының талабына сай қызмет ете

бастады. Еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтар, жаңа үрдістер адамзат баласы ғасырлар бойы жинақтаған құндылықтары мен игіліктерін қайта зерделеп, жаңаша көзқарастар мен тұжырымдарды қалыптастыруда.

«Бабалар аманаты» үйірмесі оқушыларының қызығушылығын, қабілетін, бейімділігін толық ескеруді көздейді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша тарихи-қоғамдық бағдарының «Бабалар аманаты» үйірме атты үйірме оқушылардың Отан тарихының негізгі оқиғаларына байланысты білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.


Мақсаты: Жас ұрпақты әлеуметтік белсенділікке, адамзат басынан кешірген аса елеулі тарихи оқиғалармен, ол жинақтаған бағалы құндылықтармен таныстыра отырып, жауапкершілікке, тиянақтылыққа тәрбиелеу болып табылады.

Міндеттері:

1. Оқушылар бойына патриоттық-азаматтық құндылықтарды дарыту.
2. Туған халқына деген құрмет, мақтаныш сезімін ұялату.
3. Ұлттық рухты дамыту.
4. Маңызды істерді шешуге қабілетті, іскер, жауапкершілікті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Үйірме елтану, аймақтану, саясаттану, тарих сияқты мамандықты қалаған жеткіншектерге бағыт-бағдар көмек береді. Үйірме оқушылардың талап-тілектерін қанағаттандырып, мамандыққа баулумен қатар, олардың жалпы білім көлемін, мәдени деңгейін көтеріп, гуманитарлық даярлығын жақсартады.

Қазақстан тарихын басқа пәндермен, сондай-ақ әдебиет, география, құқық негіздері, философия, экономика т.б байланыстыра отырып, ғылымның сол салаларынан қажетті мәліметтер енгізілді. Үйірме бағдарламасы 34 сағатқа лайықталып жасалған. Аптасына 1 рет өткізіледі.



«Бабалар аманаты» үйірмесінің жұмыс жоспары

Р/С	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе	1	8.09.2016
I-бөлім. Тарихи тұлғалар			
2-3	Тарихи тұлғалар	2	15.09.2016 22.09.2016
4-5	Дала жұлдыздары	2	29.09.2016 06.10.2016
6-7	Қазақ хандары мен сұлтандары	2	13.10.2016 20.10.2016

8-9	Қазақ батырлары	2	27.10.2016 10.11.2016
10-11	Қазақ зиялылары	2	17.11.2016 24.11.2016
II-бөлім. Тарих тағлымы			
12-13	Ұлы дала ғұламалары	2	01.12.2016 08.12.2016
14-15	Ұлы дала тектілері	2	15.12.2016 22.12.2016
16-17	Ұлы дала нояндары	2	12.01.2017 19.01.2017
18-19	Ұлы даланың ұлағаттары	2	26.01.2017 02.02.2017
20-21	Ұлы даланың көшбасшылары	2	09.02.2017 16.02.2017
III-бөлім. Тарихи таңлақтар			
22-23	Тарихи таңлақтар	2	23.02.2017 02.03.2017
24-25	Тарихқа бойлау	2	09.03.2017 16.03.2017
26	Билердің нақыл сөздері	1	06.04.2017
27	Ауызша, жазбаша дерек көздері	1	13.04.2017
IV-бөлім Жаңарған қазақ елі			
28-29	Жаңарған қазақ елі	2	20.04.2017 27.04.2017
30	Желтоқсан құрбандары	1	04.05.2017
31	Тәуелсіздік тұғыры	1	11.05.2017
32	Тәуелсіз Қазақстанның тарихи тұлғалары	1	18.05.2017
33-34	Қорытынды қайталау сабағы	1	23.05.2017

«Робототехника» үйірмесі

Түсінік хат

«Робототехника» үйірмесінің басты мақсаты оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту. Робототехника - ол бірнеше пәннің үйлесім табуы. Құлтемірді жасаған кезде алдымен бағдарламасын жазады. Бағдарлама жасау барысында міндетті түрде математика, информатика, физика, геометрия пәндерінің элементтерін пайдаланады.

Роботты құрастыру оңай болғанымен, бағдарламалауға келгенде қиындықтар болады. Бір роботты құрастыру мен бағдарлама жазып шығуға кететін уақыт мөлшері оның күрделілігі бойынша анықталады. Робот құрастырғанда бөлшектерінің мығымдығы мен беріктігі де оның шыдамдылығын арттырады. Күрделі бағдарлама роботты күшейтеді. Мәселен, олар математика пәнінен бір формула үйреніп келетін болса, үйірмеде сол формуланы пайдалана отырып, өздері тәжірибе жүзінде шындайды. Физикалық есеп арқылы роботты, оның қимылын жасайды. Робот жасау арқылы балалардың ойлау қабілеті дамиды, бағдарлама жасап үйренеді.

Оқушылар үйірме жұмыстарының барысында әртүрлі есептерді шығару үшін роботтардың үлгілерін әзірлейді, оларды жасау техникасын бағдарламалайды және роботтар

құрастырады. Бағдарлама жылына 144 сағат, аптасына 4 сағат (2 сағаттан 2 рет) құрылған. Бұл бағдарлама 8 бен 15 жас аралығындағы оқушыларға арналған. Курстың теориялық материалдары практикалық бөлігімен сәйкестендірілген. Оқушылар 4 немесе 6 адамнан тұратын топта жұмыс жасап, күрделі роботтарды жинақтайды және тестілеуден өткізеді. Нәтижесінде оқушылар өз жобаларын жүзеге асыра алады.

Үйірме жұмысы техникалық өнім-моделін өз бетінше әзірлеу бойынша логикалық ойлауының дамуына, білік пен дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Мақсаты:

Робототехника құрал-жабдықтар көмегімен пайдалы дағдылар мен ғылыми-техникалық бағыттағы креативті шығармашылық ойлауды, сонымен қатар стандартты емес шешімдерді табу үшін ынталандыру және мотивациялық потенциалды жеке тұлғаны қалыптастыру

Міндеттері:

Оқушылардың танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту

Өз бетінше бағдарлама компоненттерін қолдануға және оның мазмұны арқылы өз білімдерін жақсарту.

Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын арттыру

Мәселені тапқырлықпен шешу дағдыларын қалыптастыру

Оқушылардың ғылыми логикасы мен ғылыми базасын дамыту

Оқушылардың дайыдығына қойлатын талаптар:

Жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыру

Топтасып жобалауға, мақсаттар қоюға, болжам жасап, оны дәлелдеуге, қажетті ақпаратты іздеуге, тәжірибелер жасап, атқарылған жұмыс нәтижелерін ұсынуға, талдау жасауға және жасаған жұмысын бағалау

Жобаны шығармашылықпен қорғау

Диалог құруда/жазуда қажетті сөздік қорды пайдалануы үшін жүйелі тілдік қолдану

Кәсіпке бағдарлау:

жаратылыстану-ғылыми бағыттағы математика, физика, информатика және т.б. пәндер бойынша алған білімі мен дағдыларын кіріктіре отырып, робот техникасы, инженерлік дизайн және технология мамандықтарына негізделген.

Үйірмені ұйымдастыру формасы: дәріс, ойын, роботты құрастыру мен бағдарлама жазып шығуға, есептер шығару, топтық және жұптық жобалар жасау, жарыстар, топтық, зерттеушілік және эксперименталды жұмыстарды жасау

Үйірме оқытуды аяқтау формасы:

Роботтарды жинастыру, модельдеу және құрастыру

Роботтардың таныстырылымы және сайысы.

Жеңімпаздарды анықтау.

Күтілетін нәтиже:

Түрлі мақсаттағы міндеттерді жүзеге асыру үшін роботтарды жобалау

Қарапайым роботтарды басқару

LEGO® MINDSTORMS® Education EV3 және LEGO® Digital Designer бағдарламаларында жұмыс жасай алу

Шығармашылықпен жұмыс жасай білу

Құрастыру, модельдеу және бағдарламалау дағдыларын пайдалану адамның түрлі салалардағы қызметін жеңілдету және жақсартуға қажетті құрал-жабдықтар жасауға және тың ойларды пайдалану

Құрастырғыштың ұсақ бөлшектерін қолдану арқылы балалардың саусақтарының ұсақ қимылдарын дамыту.

БАРЛЫҒЫ 23 121 144

1 бөлім: КУРСҚА КІРІСПЕ ЖӘНЕ LEGO® MINDSTORMS® EV3-МЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ НЕГІЗДЕРІ. Робот техникасы курсына кіріспе: Робот техникасының негіздері, пайдалану салалары, түрлері. Робот техникасының тарихы және болашағы. LEGO® MINDSTORMS® EV3 Education жинағы. EV3 модулі. Роботтың негізгі үлгісін құрастыру. Моторлар және

датчиктер.EV3 модулінің интерфейсі. EV3-дің бағдарламасы.LEGO® Digital Designer бағдарламасында роботтың негізгі үлгісін модельдеу.

2 бөлім: МОТОРЛАР АРҚЫЛЫ ҚОЗҒАЛЫС . EV3-ге алғашқы бағдарламаны жасау.Үлкен моторлардың қозғалысы: Рульдік Басқару блогы.

«Биші Робот» жоба.Роботтың қолын қозғалту: Орташа Мотордың блогы.

«Қоқыс тазалағыш робот» жоба.Үлкен Мотор блогы.«Күшік» роботын құрастыру.

3 бөлім: БҰРЫЛЫСТАР. Бір орындағы бұрылыс: Моторларды Тәуелсіз басқару блогы.«Көлік тұрағы» жобасы және берілген тапсырмалар бойынша командалық жұмыс.

4 бөлім: ДАТЧИКТЕР. Жанасу датчигі. «Жүк тасымалдағыш робот» жоба.

«РобоҚол» роботын құрастыру. Ультрадыбысты датчик. Кедергілерге реакция және оларды анықтау. «Сигналдар» жоба . Гироскопиялық датчик. Бұрыштық ауытқуды анықтау. «Маневр» жоба«Гиробой» роботын құрастыру.Түс датчигі.

«Бағдаршам» жоба. «Түстісұрыптауыш» роботын құрастыру.

5 бөлім: ТОПТАҒЫ ЖАРЫСТАР. Идеялардың таныстырылымы.Өз роботтарының үлгісін жасау. Роботты бағдарламау және тестілеу.Практикалық тұрғыдан қолдану.Роботтардың таныстырылымы және сайысы. Жеңімпаздарды анықтау.

«Робототехника» үйірмесі

5-9 сынып оқушылары

Үйірме жетекшісі Сатенов Жеңіс

Асқаров Бекзат

Кенжеева Жадыра

№	Тарау бөлімдері	Оқу-ілім сағаты	Іс тәжірибе сағаты	Барлығы сағат саны
1	КУРСҚА КІРІСПЕ ЖӘНЕ LEGO® MINDSTORMS® EV3-МЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ НЕГІЗДЕРІ Робот техникасы негіздері, құрал-жабдықтары, EV3 мәзірі	7	15	22
2	БҰРЫЛЫСТАР. Моторды Тәуелсіз басқару блогы және оның баптаулары, роботты әртүрлі бұрышқа бұру механизмі.	2	8	10
3	МОТОРЛАР АРҚЫЛЫ ҚОЗҒАЛЫС .Үлкен және орташа мотор, датчиктер	4	26	30
4	ДАТЧИКТЕР. Объектілерді табу және жылжыту үшін жанасу датчиктің жұмыс істеу принципі.	7	48	55
5	ТОПТАҒЫ ЖАРЫСТАР. WRO ережелерімен және сайыс тапсырмаларымен танысу 3 24 27	3	24	27

«Әсем әуен » өнер үйірмесі

«Әсем әуен » өнер үйірмесінің мақсаты: ҚР мемлекеттік «Қазатың жүз әні», «Қазақтың жүз күйі» жобасын негізге ала отырып сабақ барысында қолдану. Оның көркемдік құралдары мен аспап арқылы іске асырылуы, Білім алушыларды музыка әлеміне ендіру, музыкалық білім беру, эстетикалық тәрбие, рухани-адамгершіліктік дамуы үшін жағдай жасау, дарынды балаларды музыкалық өнер саласындағы негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдарына түсуге дайындау.

Дидактикалық: Танымдық қызметі, ой-өрісінің кеңеюі, музыкалық білімді жүйелі жинақтау, орындаушылық дағды мен шеберлік.

Тәрбиелеушілік: музыкалық өнерді тану жолдары арқылы рухани, адами, көркемөнер, эстетикалық, патриоттық, интернационалдық тәрбиелеу, өзіндік жұмыс атқару, ерік-жігерді тәрбиелеу, адамгершіліктік, эстетикалық, дүниеге көзқарас ұстанымын қалыптастыру. Музыкада ән мен күйдің егіз екенін ұғындыру

Дамытушылық: музыкалық есту, еске сақтау, ырғақ сезімін, әсершіл-қажетсіну ортасын, эмпатияны, музыкалық-шығармашылық, зейін, ойлау, елес, қиял, рефлексия қабілеттерін, салыстыру, жалпы орындау шеберліктерін дамыту. Аспапта ойнау шеберліктері мен ән айту шеберліктерін байланыстыру.

Негізгі міндеттері: педагогикалық әсер етудің жаңа түрлері, әдістері, тәсілдерін табу; жеке дара бағдарланған жүйе әдістемесін жетілдіру. Заманауи технологияларды қолдана отырып бейне (видео) сабақтар жүргізу. Аудиожазбалар, т.б. түрлерін пайдалану. Білім алушыларда музыкалық оқыту мен тәрбиелеу құралдары арқылы түйінді және пәндік құзіреттілікті қалыптастыру.

Білім алушылардың табиғи мүмкіндіктерін ескере отырып жалпы музыкалық дамыту, орындаушылық өнер негіздеріне оқыту, тұлғаның рухани жалпы мәдениетінің бөлігі ретіндегі музыкалық-эстетикалық санасын қалыптастыру.

Музыкалық оқыту және тәрбиелеу барысында білім алушылардың негізгі және пәндік құзіреттерін қалыптастыру әр түрлі әдістерді қолдануды талап етеді. Музыкант-педагогтің жұмысында оқыту, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру (уәждемелік) және бақылаушылық-түзетушілік қызметтерін атқаратын, барлық дерлік жалпыпедагогикалық әдістер қолданылуы мүмкін. Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктері әрбір баланы, оның табиғи қабілеттеріне тәуелсіз, музыкаға жақындата алатын оқыту әдістері мен құралдарын іздеп табуды талап етеді. Әрбір оқушыға жеке-дара сараланған тәсілдеме арқылы оқытудың мазмұны мен әдістерін жалпы психологиялық және музыкалық-психологиялық ерекшелігіне

қарай бейімдеуге мүмкіндік береді. Кешендік сабаққа білім алушылардың шығармашылық қызметінің түрлері біріктіріледі – педагогикалық репертуарды зерделеу, қағаз бетінен оқу, ансамбль, естуі бойынша іріктеу, тасымалдау (транспонирование), аккомпанемент «Әсем әуен» өнер үйірмесі бағдарламасының мазмұны қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне, әлемдік музыканың классикалық үлгілеріне, әлем халықтарының музыкалық шығармашылығына, заманауи қазақстандық өнерге негізделеді. Осы күнгі мектепте интерактивтік білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес сипаттамасын (типология) ендіруді көздейді, ол оқытудың кәсіби деңгейінің артуына, өнерде жаңа дарындарды ашуға, ұлттық дәстүрлерін нығайтуға, орындаушылық өнер әдістемелерімен халықаралық алмасуға, ұлттық мектептердің шығармашылық байланыстары мен дәстүрлерін нығайтуға, жас ұрпақтың рухани тәрбиесінің маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі фортепиано, домбыра аспаптарын үйретуге, Домбыра аспабын ұлттық рухын насихаттауға, ән айту кезінде дауыс ерекшелігіне көңіл бөлуге және топпен ән айтуға бағыттауға сондай-ақ Қазақстанның жас дарындарын, олардың қалыптасып келе жатқан шығармашылық жолының бастапқы сатысында қолдауға жағдай жасайды.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында мына жағдайлар жасалуы қажет: музыкалық өнер саласында дарынды балаларды анықтау және дамыту; білім алушылардың жеке дара дамуы; білім алушылардың шығармашылық қызметтерін шығармашылық іс-шаралар өткізу жолдарымен ұйымдастыру (байқау, фестиваль, шеберлік сыныптар, олимпиада, концерт, шығармашылық кездесу және т.б.); білім алушылардың мәдениет мекемелеріне баруын ұйымдастыру.

Үйірме бағдарламасы сабақ беретін оқу пәніне сәйкес арнайы педагогикалық немесе арнайы музыкалық (орта немесе жоғары) білімі бар педагогикалық қызметкерлермен қамтамсыз етіледі. Педагог дәріс беретін пәні бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеуі, музыкалық педагогика саласында отандық және шетелдік білім берудің озық жетістіктеріне негізделген оқу-білім беру үдерісі технологиясын пайдалана білуі қажет. Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің музыка бөлімдері басқа білім беру ұйымдарымен шығармашылық байланыс орнату үшін жағдай жасауы қажет, оның ішінде ұдайы әдістемелік жұмыс жүргізу, алдыңғы

қатарлы педагогикалық технологияларды қолдану мақсатында кәсіби байланыстар да орнатуы керек. Мектепте музыкалық аспаптарды ұстауға, дер кезінде қызметкөрсету және жөндеу үшін жағдайлар жасалуы керек. Заманауи қоғам жағдайы тұлғаның өзін және әлемді рухани тануына, ой-пікір, сезім және іс-әрекет, ақыл-парасат және ар-ұждан, адами сенім мен әрекет бірлігі талпынысына мүмкіндік беретін музыкалық оқыту мен тәрбие жүйесін талап етеді. Сондықтан музыкалық білім берудің бастапқы буынында – оқыту мен тәрбие мазмұнын сапалы қайта құру. Педагогикалық ізденіс траекториясы осындай мүмкіндік бағыттарына ие: музыкалық оқыту және тәрбие мазмұнын бұдан әрі де сапалы қанықтыру;

«ХОР» хор үйірмесі

Мақсаты:

1. Оқушылардың музыкалық қабілетін арттыру.
2. Вокалды – хор техникасын меңгерту, шығарманы өз дәрежесінде көркем орындауға үйрету.
3. Ән - әуез сабағынан алған білімдерін пайдалануға жетілдіруге мүмкіндік жасау, хор шығармасына қызығушылығын арттыру, эстетикалық таным – талғамының қалыптасуына жол ашу.

Талаптары:

1. Хор шығармасын орындау, айту кезінде ән айту дағдыларына қалыптастыру.
2. Шығарманы ансамбльдік құрылымда дыбысты таза айтуды, ритмикалық нюансты құбылыстарды сауатты орындауды меңгерту.
3. Хор мүшелерінің белсенділігін, ынтасын арттыру, мектеп өміріндегі хор ұжымының ролін айқындау

Пәнаралық кіріктіру Тарих, әдебиет, өнер пәндерімен байланыстыру

Уақыт көлемі 68 сағат, аптасына 2 рет

Бағдарламаның орындалуы және күтілетін нәтижелер

Ø Өнер үйірмесіне қатысушы оқушылар түрлі байқауларға қатысып өз деңгейін анықтауы мен мектепшілік, аудандық шараларға қатысуымен анықталады.


Ø Музыкаға деген әуестігі, қызығушылығы, талпынысы жоғарылайды.

Ø Аспапта ойнау қабілеті, орындау шеберлігі анықталады.

Ø Аспап пен әннің үйлесімділігі

Ø Ән айту ережелерін сақтайды.

Ø Үйірме жетістіктері мен шәкірт жетістіктері



«ХОР» үйірмесі

1-4 сынып оқушылары

Үйірме жетекшісі Мықтыбаева Айжан

Сабақ саны	Тақырыбы	Сағат саны

1	Еркін тақырыпта өздері білетін ән айтқызып, баланың дауысын ажырату	1
2	Дауытық топқа бөлу	1
3	Ән айту ережелерімен тынақты түсіндіру	1
4	Тыныс алу жаттығуларымен жұмыс	1
5	Дауыс жаттығулары	1
6	Дауыстарын нотаға салып айтқызу	1
7	Әндік дыбыс	1
8	Ырғақпен жұмыс	1
9	Ән айтудағы үйлесімділік	1
10	Дирижорға қарап ән айтқызу	1
11	Хор айтуда диафрагматикалық тыныс алу	1
12	Артикуляция-тыныс алу	1
13	О,Удыбыстарымен айтылған жаттығулар	1
14	Хорды нотамен орындау	1
15	Әгугай домбыра	3
16	Елім менің	3
17	Жас дәуірдің түлегіміз	3
18	Ақ мамам	2
19	Атамекен	2
20	Ұстазым	2
21	Желсіз түнде жарық ай	3
22	Саржайлау	3
23	Мен деп ойла	3
24	Ана туралы жыр	3
25	Астанам	3
26	Ақ көгершін	2
27	Құстар әні	4
28	Әнді екі дауыста орындату «Қошақаным»	4
29	Әнді үш дауыста орындату «Қошақаным»	4
30	Әнді екі дауыста орындату «Бір бала»	4
31		
32	Әнді үш дауыста орындату «Бір бала»	4
33	Қайталау	1
34	Қортынды сабақ	1

Сыныптан тыс жүргізілетін спорттық секция кестесі жасалынып, бекітілген.

С.Лапин атындағы №261 орта мектеп мұғалімдерінің сыныптан тыс жүргізетін секция кестесі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Үйірме атауы	Үйірменің өтетін күні, уақыты (кестесі)	Үйірмеге қатысушы бала саны	Тел. номері
1	Абубакиров Нұрлан	Волейбол	Сенбі 10.30 – 12.00	25 оқушыға дейін	87077884837
2	Айдархан Асхат	Гір тасын көтеру	Бейсенбі 12.00-13.30	25 оқушыға дейін	87755284742
3	Айтмухамбетов Нурбол	Шашка	Дүйсенбі 12.30-14.00	25 оқушыға дейін	87071879089

4	Алшанбаев Бауыржан	Стол теннис	Сейсенбі 11.30 – 13.00	25 оқушыға дейін	87474630069
5	Байқасынов Бағлан	Футбол	Сәрсенбі 12.00-13.30	25 оқушыға дейін	87077470592
6	Ботантаев Аян	Шахмат	Бейсенбі 12.30-14.00	25 оқушыға дейін	87051771888
7	Ғабит Нұртаң	Тоғызқұмалақ	Сәрсенбі 12.30-14.00	25 оқушыға дейін	87078097977
8	Ерденов Жандос	Стол теннис	Сейсенбі 10.00-11.30	25 оқушыға дейін	87023695099
9	Жарықбаев Ақжарбай	Футбол	Жұма 16.00-17.30	25 оқушыға дейін	87768818866
10	Жұман Нұрбол	Баскетбол	Сенбі 14.00-15.30	25 оқушыға дейін	87474819101
11	Исмайлова Гүлсара	5 асық	Сәрсенбі 16.00-17.30	25 оқушыға дейін	87054123984
12	Қошантаев Мұхит	Шахмат	Сейсенбі 12.30-14.00	25 оқушыға дейін	87079474787
13	Құлахметов Мұрат	Асық ату	Бейсенбі 10.00-11.30	25 оқушыға дейін	87478892703
14	Муханбетов Нуржан	Асық ату	Сәрсенбі 11.00-12.30	25 оқушыға дейін	87078178517
15	Мұстафаев Сәкен	Баскетбол	Сенбі 17.00-18.30	25 оқушыға дейін	87785411740
16	Өмірзакова Гулмира	5 асық	Сәрсенбі 09.30-11.00	25 оқушыға дейін	87774536142
17	Расимов Болат	Футбол	Жұма 15.00-16.30	25 оқушыға дейін	87477404772
18	Сариев Айбек	Волейбол	Сенбі 12.00-13.30	25 оқушыға дейін	87072615141
19	Сәдуақас Бекзат	Тоғызқұмалақ	Жұма 12.30-14.00	25 оқушыға дейін	87472698284
20	Сералы Арман	Волейбол	Сенбі 09.00.10-30	25 оқушыға дейін	87477157554
21	Суюндиков Жомарт	Стол теннис	Дүйсенбі 11.00-12.30	25 оқушыға дейін	87029337999
22	Төребеков Жасұлан	Шашка	Бейсенбі 12.30-14.00	25 оқушыға дейін	87029290189
23	Шамшатов Айбол	Баскетбол	Сенбі 15.30-17.00	25 оқушыға дейін	87776107711

2021-2022 оқу жылы бойынша мектебімізде 12 пәндік үйірме жұмыс жасайды. Қыркүйек айында үйірмелер кестесі құрылып, жылдық жоспарлар бекітілді. Үйірмелерге қатысушы оқушылар тізімі алынды. Үйірмеде пән мұғалімдері жоспар бойынша жұмыс жасайды. Оқу тоқсаны бойынша үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен көптеген іс-шаралар, сайыстар өткізілді.

«Жас каламгер» үйірмесі 1 – 4 сынып оқушыларына арналған . Үйірме аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатқа берілген. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамыту мақсатында түрлі іс-шаралар өтуде. «Мәнерлеп оқу. Балалар әдебиеті. Ана тілі хрестоматиясы» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары Абай өлеңдерін оқып дәріптеді.

«Жас эколог» үйірмесін - туған жерге, оның мәдениеті мен салт –дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен ат салысу – шынайы патриотизмнің маңыздыкөріністерінің бірі. Бағдарламаны жүзеге асыру аukumды экологиялық жұмыстарды жүргізуді, жергілікті

деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандар, өзен –көлдердің экологиялық жағдайы туралы мәліметтермен танысуды талап етеді. «Жасыл мектеп» жобасы негізінде құрылған «Жас эколог» үйірмесінің бағыттары оқушылардың табиғатқа деген жанашырлықпен құрылған. «Жас» экологтар» үйірмесіне 5- 7 сынып оқушылары қатысады. Оқушылар пән бойынша алған білімдерін жетілдіру мақсатында мектеп жанынан ашылған «Жылыжай» мен гидропониканы бақылап тәжірибеде қолданады. «Жасыл мектеп» жобасы аясында мектепбіміз республикада «Үздік жасыл мектеп – 2022 жыл» жеңімпаз атанды.

«Eko-Bolashak»

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің облыстық форумында

«Eko-Bolashak» номинациясы бойынша мектебіміздің «жасыл-эко» жасақтары үйірмесінің оқушысы Мейрамбекқызы Акерке жүлделі ІІ орын иеленді.

Форумның мақсаты: білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынаста тәрбиелеу.

Осы орайда мектебіміздің үйірме жетекшісі биология пәнінің мұғалімі Кенжеева Жанат сыныптан тыс әртүрлі акциялар, дөңгелек үстелдер, жерасты сулары арқылы көгалдандыру, гүлге күтім т.б. қоршаған ортаны қорғауды экологиялық біліммен ұштастырып келеді.

«Ғасыр алыптары» үйірмесінің жоспары бойынша аймақтық және, қалалық, облыстық шараларда түрлі ойындар көрсетіп, «Интернет кітапты алмастыра аламыз?» ойыншылардың арасында аймақтық пікірсайыс (дебат) турнирі ұйымдастырылып, мектеп командасы жүлделі орындар иеленді. «Жаңа әлемдегі жастар келбеті» тақырыбында дебатуіер оқушылар пікіралмасып дөңгелек үстел өткізді.

2022-2023 оқу жылы бойынша мектебімізде 13 пәндік үйірме жұмыс жасайды.

«Лапин шоу» театр үйірмесі Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінде мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойына орай "Ұлт рухын ту еткен тау тұлға" тақырыбында тарихи-танымдық іс-шара болып өтті. Шараның мақсаты- қайратты ердің өнегелі өмір жолымен, қызметімен таныстыру, жастарға патриоттық рух беру, жас оқырмандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Аталмыш шараға "Сыр медиа" ЖШС директорының орынбасары А.Жұмабекқызы мен "Ақмешіт апталығы" газетінің бас редакторы Әзиз Батырбеков қайраткердің ерен еңбегі мен өнегелі өмір жолы жайлы оқушыларымызға мағлұматтар берді.

Сонымен қатар шараға мектебіміздің 10-сынып оқушылары жергілікті ақын-жазушыларымыздың Т.Жүргеновке арнаған монологін нақышына келтіріп оқып, әннен шашу шашып, кеш ажарын ашты.

Театр жобасына орай С.Лапин атындағы 261 орта мектепте “Лапин шоу” оқушылар театры жұмыс жасайды. Театрдың бір бөлігі, түрі саналатын бастауыш сынып оқушыларынан құралған “Қуыршақ театры” орны ерекше. Әр тоқсанда өзіндік ерекше нөмерлерін дайындап, жас бүлдіршіндердің ойлау, есте сақтау қабілеттерінің жақсы дамып, театрға, ертегіге деген қызығушылықтары дамуда. Біз өз оқушыларымызбен мақтанамыз! Жас, бүлдіршін актерлірімізді бүгінгі “Қуыршақ театры” күнімен құттықтаймыз

"Мақтақыз бен мысық" қойылымы. Балалардың көңілдері бір серпіліп, ерекше сезімде болды. Мерекелік кеш соңында оқушыларымыз мектеп әкімшілігі мен ұстаздарға арнап өлеңдері мен жылы алғыстарын білдірді. Ұстаздарымыз балапандарға арналған алғыс хаттар мен сыйлықтар табыстады.

Театр күніне орай –“Лапин шоу” оқушылар театры актерлерінің кәсіби шеберліктерін шыңдап, мәдениет салаларымен толық танысу мақсатында ұжыммен толықтай қала театрларын аралап, тамаша қойылымдардың куәсі болды. стетикалық тәрбие алып, рухани дамуына игі ықпал еткен барша актер ұжымына АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ!

“Лапин шоу” оқушылар театр ұжымын бүгінгі төл мерекемен құттықтаймыз.

«Театр киім ілгіштен басталады» деген тәмсіл бар. Әрине, бұл пікірде көрермен мәдениеті туралы астарлы ой жатқаны аян. Мәдени-рухани құндылық, эстетикалық тәрбиені де осы театр сахнасынан ұғынатындықтан-театр өнері саф өнерге баланады.

Халықаралық театр күні – бұл театр қайраткерлерінің кәсіби мерекесі ғана емес, күллі өнерсүйер қауымның мерекесі. Ұлы өнердің ұлықталар күні.

«Театр және ақпарат» аталымы бойынша театр тынысын үздіксіз насихаттап жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының ұжымдарына және журналистергеде “Лапин шоу” ұжымы атынан АЛҒЫС білдіреміз.

Мектебімізде математика пәні бойынша «ПИФАГОР» үйірмесі жұмыс жасайды.

Үйірмеге барлығы 25 оқушы қатысып, пән бойынша алған білімдерін әрі қарай жетілдіріп, математикалық олимпиададан жетістіктерге жетуге шыңдалуда. Оқушылар арасында жоспарға сәйкес «Қызықты математика» сайысы болып өтті.

